

Осы еңбегімді қазақ халқының ән мен күй өнерін жинақтауға, әсіресе маңғыстаулық қайқылар мен сайқылар еңбегін жарыққа шығарып, елге танытуға бар ғұмырын арнаған құрдасым, досым

**Ізбасар Шыртановқа** арнадым.

## **Адайдың жеті қайқысы**

Екі бөлімді, он екі көріністі музыкалы драма

Осы шығарманы жазу барысында берген құнды кеңестері үшін

**Әбіш Кекілбайұлына**

зор рахметімді айтамын. Әбіш ағаның біраз нақыл сөздері билер сөзі ретінде пайдаланылды.

"Адайдың жеті қайқысы" атты музыкалы драма жазу қажеттігін алғаш рет көтеріп сұраныс берген, мәдени мұралар жанашыры, Маңғыстау облысының әкімі

**Қырымбек Елеуұлы Көшербаевқа**

ризашылық сезіммен алғысымды айтамын.

**Ақтау 2008**

## **Адайдың жеті қайқысы**

Музыкалы драма.

Музыкалық арқау – адайдың жыр күйлері

### **Басты кейіпкерлер**

Бәйімбет бай

70 жаста

Бай бәйбішесі	60 жаста	
Иса би Тіленбай ұлы	65 жаста	1829-1909
Ермембет би	57 жаста	1837-1909
Мәтжан би	53 жаста	1841-1929
Тастемір Шыршығұлұлы	41 жаста	
Жылкелді Теңізбайұлы	39 жаста	1855-1938
Шолтаман Байсарыұлы,	35 жаста	
Досат Маяұлы	35 жаста	
Өскенбай Қалмамбетұлы	34 жаста	1860-1925
Тұрсын Алдашұлы	32 жаста	
Әділ Өтеғұлұлы	29 жаста	
Қалнияз ақын	79 жаста	1816-1902
Ақтан	45 жаста	1850-1912
Аралбай	40 жаста	1854-1914
Мұрын жырау	35 жаста	1822-1910
Қоштай бай	35 жаста	
Сәттіғұл Жанғабылұлы	20 жаста	1876-1966
Айша биші	20 жаста	
Ғайша биші	17 жаста	
Айшаның атасы		
Жамал әнші		
Үлкен келін		
Кіші келін		
Бірінші жігіт		
Екінші жігіт		
Хиуа ханы		
Бақшы		
Дутаршы		

Шал, аңқау палуан, кісі, сәнді келіншек, екінші келіншек, үшінші келіншек, бірінші кісі, екінші кісі және басқалар.  
Асқа жиналған көпшілік

Қойылым желісі – Ақ Кетік қаласының маңында берілер асқа дайындық және ас.

Бірінші бөлім – асқа дайындық, 1894 жыл;

Екінші бөлім – ас, 1895 жыл.

## **Бірінші бөлім. Асқа дайындық. 1894 жыл.**

Бәйімбет бай Ақ Кетік қаласы маңында әкесіне ас беретін болып, бір жыл бұрын сегіз арыс адайға сауын айтқызғалы Иса, Ермембет, Мәтжан билер мен Қоштай байды, Шолтаман, Жылкелді әншілерді шақырып мәжіліс құрады.

Шалқыған көк теңіз жағасына жақын тігілген Бәйімбет бай ауылы.

## **Бірінші көрініс.**

### **Бәйімбет бай үйі. Шолтаман өнері.**

Шымылдық әлі ашылмаған. Адайдың жыр күйлерінің сазы естіліп тұрады. Жыр күй сазы Шолтаманның әніне жалғасады.

#### **Шолтаман:**

Барады аулым көшіп Көлтабанға,  
Салайын Сарыөзенде Шолтаманға.  
Қырмызы қызыл заман амалың көп,  
Жолығып қалма бір күн қыран паңға.

#### **Дауыс: Шолтаман ән салып жатыр!..**

Шымылдық ашылады.

Ұлттық жиһаздармен, мүліктермен сәндендірілген Бәйімбет байдың киіз үйі. Кереге бастарына ақбас ер, қабы сүйектелген қылыш, қалы керме, домбыра, торсық секілді заттар ілінген.

Иса би, Ермембет би, Мәтжан би, Қоштай бай, Бәйімбет бай Шолтаманды жырлатып отырады.

Ерте көктем. Адамдар киімі күннің әлі салқын екенін байқатады.

#### **Шолтаман:**

Дүние қозғалады тимесеңде,  
Өткен күн қарайламас сүйресеңде.  
Кездессең ажал итке амалың жоқ,  
Ғаламды он сегіз мың билесеңде.

Дүние қызыл түлкі бұлаңдаған,  
Айтпаса кімнің сырын кім аңдаған.  
Жан барда, ей жігіттер, сырласып қал,  
Бұл дәурен өтпей бастан тұра алмаған.

Шолтаман әнін аяқтап, жыр күй сазын ширата тағы бір қайталай тартып өтеді.

#### **Бәйімбет бай: Пай, пай шіркін-ай!**

Бұл дәурен өтпей бастан тұра алмаған дейді-ау!

Жарықтық аталар әуені-ай! Құлаққа қандай жағымды! Жүрекке қандай сіңімді! Туған ел сазы деген осы...

**Ермембет би:** Балалық шақтан өтіп, есін дұрыс қалыптастырған барлық пенде туған ел, туған жер деген сөздерсіз өмір сүре алмақ емес.

**Иса би:** Адам пендесінің туған жер деп табынатыны өзінің жаралған топырағы болса, туған ел дейтіні түсінісетін тілі мен сүйсінісетін осы әуендері секілді.

**Мәтжан би:** Жақсы айттыңыз-ау, Ермембет би! Жеткізіп айттыңыз-ау, Иса-еке! Елді ел етіп біріктіріп тұратын да, солардың мінездері мен қасиеттерін сақтап тұратын да сол әуендер мен саздар...

**Қоштай бай:** (кербездене сөйлейтін кісі) Мәтжан аға! Біздердің адамдар деп жүргеніміз, ел деп жүргеніміз сонда әлгі жыршылардың ыңылы мен домбыраның дыңылы болғаны ма?

Кекеткендей болып күледі.

**Мәтжан би:** Ай, Қоштайжан-ай! Сұрағыңды астарлап отыр екенсің. Сенің сөзіңді түсіну үшін ерекше ойдың қажеті шамалы.

Кішкене ойланып отырып қалады.

**Мәтжан би:** Ал біздің сөзімізді түсіну үшін сол нәрсе керегірек. Кейбіреулерге жыршылардың ыңылы мен домбыраның дыңылы күлкілі нәрсе болып көрінсе, маған сол ыңыл мен дыңыл бабалардың өсиеті, тіпті бұйрығы секілді болып естіледі.

Олар: біз жырлап өткен әуенді бұзып алмаңдар, біз салып кеткен соқпақтан адасып қалмаңдар деп саздары мен сөздеріне, көп байқала бермейтін, бір қоңыр ызың енгізіп қойған секілді.

**Қоштай бай:** Ол қандай ызың болды екен?

**Мәтжан би:** Аталардың сол ызыңын түсіну үшін осы әншілер салатын әуендер мен күйшілер шығаратын күй саздарын жүрекпен тыңдап байқаңдаршы. Жүректеріңе жетіп қалар. Ал жүрекке жетті болды, онда сол саздар мен мақалдардың аржағында ылғи күзетте тұрған бір рух бар екені байқала бастайды. Мен соны сезетін секілдімін.

**Иса би:** Ән де, саз да, Шолтаманның өзі де сіздер сөйлеп отырған тіл де, осы отырған бәріміз де, сол баяғы біз көрген шалдардың елесі, рухы емеспіз бе!?

**Мәтжан би:** Осындай саздарды естігенде Абыл ақын мен Абыл күйшілер желке жағымда тұрып алып "естідің бе?", "естісең ойландың ба?" деп, күбірлеп тұрғандай әсер аламын.

**Қоштай бай:** (сескенгендей болады) Ей Алла! Сақтай гөр өзің!

**Мәтжан би:** Ол ол ма, тіпті кей-кезде домбыра үні сонау Сыпыра мен Доспамбеттердің күрсінісі ме, Қазтуған мен Ақтамбердінің зары ма дегізеді...

**Ермембет би:** Әй Мәтжан! Осы сіздерді, жарыларды айтамын, "сағыр жары" дейтіндер текке айтып жүрген жоқ-ау, асылы! Жастар жастар ғой, тіпті Мәтжан мырза, өзіңді де бірдеңе шалықтап жүрген жоқ па?

Баймембет басын шайқап, жымыып күледі. Иса би сақтана екі биге кезек-кезек сақтана қарап қалады.

**Мәтжан би:** (аздап қуланып отырғаны байқалады) Ереке мен сізге бір қызық әңгіме айтып берейін бе?

**Ермембет би:** Ал айт! Айта ғой!

**Мәтжан би:** Жақын арада біраз еріккен сенің інілерің, есендерді айтамын, бір жары жиенінің үйіне қыдырып барыпты. Қонақ болады. Құрмет көреді. Кетерінде шаруа сұрасады. Әлгілер, есендерді айтамын, тамақтарын тойдырып алып, көп шаруамыз жоқ, шаруамыз жарылардың сағырларының санағын алып жүр едік депті.

**Ермембет би:** Мәтжан, бірдеңе бүлдірейін деп отырсың-ау, осы, қағынған!

Қоштай Мәтжанға дәмете қарап қалған. Иса би де Мәтжаннан оқыс қимыл күтіп қалады.

**Мәтжан би:** Мен не бүлдіруші едім. Бүлдіріп жүрген сенің інілерің.

**Қоштай бай:** Ал, сонымен!

**Мәтжан би:** Сонымен не болсын! Жарының сағырлары деп, Ерекеңнің інілері біраз жарылардың аты-жөнін түгендеп, санап шығыпты. Болғаны сол!

**Қоштай бай:** (назырқап қалады) Қалай? Болғаны сол?!

**Ермембет би:** Шыныменен болғаны сол ма? (ол да таңырқайды)

**Мәтжан би:** Айтпақшы, мен айтуға ұмытып барады екенмін ғой. Үй иесі де қарап қалмай, сағыр деп есендердің тізімге тізген жарылардың нағашыларын түгендеуге кірісіпті. Сөйтсе, сағыр жары деп айдар таққандардың нағашылары түгелдей есен болып шығыпты.

Жұрт шу күледі.

**Ермембет би:** (сақтана) Ал сосын!

**Мәтжан би:** Сосын не болсын! "Жарының нағашысы есен болса, баласы сағыр туады" дейтін мәтел шығыпты. Қазір жарының шалдары: есен түгілі жеменейден қыз алмаймыз, тұқымымыз түгел сағыр болып кетуге айналды! Енді ол ауылға құда түсуді

тоқтатындар! Қаратаудан асып тобыш ауылдарына барындар, Жем, Сағыздан өтіп он екі ата Байұлына барындар. Сол жақтан құда іздеңдер деп үгіт айтып жатырған көрінеді.

Енді сіздің жігіттер сағыр жарының тізімін емес отырып қалған көрі қыздарының тізімін алып әуре болатын болар!

Отырғандар күлісіп қалады.

**Ермембет би:** Әй қағынғыр, Мәтжан-ай! Бүлдірейін деп отырғаныңды сезіп едім!

**Бәйімбет бай:** Бүлдіріп бастаған өзің едің, Ермембет, Мәтжан аяқтап берді.

**Иса би:** Ал билер, бас жаққа барыспалық! Біздің де нағашыларымыз жеменей еді. Өзімізді ешкімнен кем санамаймыз.

**Ермембет би:** Мына Мәтжанның құлағына сыбырлайтындары бар болар асылы.

**Иса би:** Сыбырласа несі бар! 360 әулие әр қайсысы бір-бір өнерліні қамқорласа болды емес пе!

Маңғыстаудың қара ойы қашанда баталы ұлға, боталы нарға бай болатыны неліктен дейсің?! Солардың арқасы.

Шолтаман секілділер де солардың батасынан жаралатын болар! Дауысы қандай еді!

**Мәтжан би:** Бірақ бұ заманда ата аруғы мен баба батасынан жаралғандардан гөрі сайтанның сандырағынан жаралғандар көбейіп бара жатырған секілді.

**Ермембет би:** Ата сөзін өз даналығы көретін, аға қасиетін өз қасиетіндей көретіндер пайда болды.

**Иса би:** Болса болар! Кейінгі кезде бұлар ішінде бөтен адам секілді боп туатындары жиілеп барады! Біз көрген адамдарға ұқсамайды. Бөтен жандар! Неліктен солай деп мен де бас қатырамын...

**Бәйімбет бай:** Бұларыңыз кім?

**Иса би:** Кейбір қазіргі жастарды айтамын да...

**Бәйімбет бай:** Рас... Рас...

**Иса би:** (ойлана)

...Толмай жатып толысқан, таққа құмар...

...Жетпей жатып желіккен, баққа құмар...

...Естімей жатып ереген...

...Көрмей жатып көреген...

... Сондайлар қырсығынан мынау заманның тынышы кетті!

...Күнде арыз, күнде дау!

**Ермембет би:** Бұ неліктен екен?

**Мәтжан би:** Әу баста, Жаратқан бұйрығы солай ма деп қаламын, мен!

**Иса би:** Тірлікте болғаның – өмір сүргенің,  
Бірлікте болғаның – бақытты өмір сүргенің деген екен бұрынғылар... Бақытты өмір сүруден бастартқан солар неткен кесір жаратылатындар еді десеңізші!

**Ермембет би:** Және сол қылықтарын жасыру үшін барлық күнәні басқаларға жабатынын қайтерсің?

**Иса би:** Ал жай адамдар солардың сөзін қоштауға құмар-ақ! Даурықпалар соңында бір күн даурыққанын дәреже көріп, даурығып жүргені...

**Бәйімбет бай:** Дегенмен біздің елдің ауызбірлігі де тәуір, айтарлықтай байлары да көп ел деп басқалар мақтап жатады емес пе?

**Мәтжан би:** Ел аралап, жұрт жағалап көп жүреміз ғой. Бай-еке, сіздің сөзіңіздің жаны бар сөз. Біз шындығында да бай елміз. Жаңағыларға да баймыз. Басқаға да баймыз.

**Иса би:** Байлық туралы айтқанда мал мен аңды да байлық дейміз. Ән мен күйді де байлық дейміз. Суы мен топырағын да байлық дейміз. Қалай десек те халық қазынасының ең ғажабы, ең қымбаты әні мен күйі секілді!

**Бәйімбет бай:** (байлық туралы бұ тұжырым ұнамағаны сезіледі) Халық айтса қалып айтпайды дейді... Халық малы көптерді бай атайды. Ал малы жоқ жыршыны – жарлы жыршы, күйшіні – кедей күйші деп кемсінеді. Байлық басы ән мен күй болса, мына Шолтамандарды бай деп неге атамайды, бұ жұрт.

Шолтаманды әнге жарлы деп ешкім кеміте алмас. Ән байлығы мал байлығынан қымбатырақ болса оны Шолтаман бай деп атауға тиіс емес пе!?

Бәйімбет мінезінен аздап намыстанып отырғаны байқалады.

**Иса би:** Барлық байлық: еңбек пен ақылдың, намыс пен бақтың жиынтығы! Осы төртеуі бір басқа қонса, сол кісі бәрінен де байырақ. Жан-жақты бай. Бұлардың қай-қайсысы да әуелі Құдайдың бергені, сосын үлкен талап пен еңбектің нәтижесі. Осы қасиеттердің әрқайсысы өз иесін бай атандырады. Осы төртеуінің бірі кеміс түсіп жатса ондай адам қанша бай болса да бір кемісі байқалып тұрмақ...

Мәтжанның өрбіп бара жатқан ыңғайсыз әңгімені басқа бағытқа бұрмаққа тырысқаны байқалады.

**Мәтжан:** Біздің бүгінгі шаруамыз оларды түгендеу емес секілді еді. Мына біздің Шолтаман жылдан жылға шабысын түзетіп келеді.

Талабы зор. Түбінде халқымыздың қалаулысы атанар. Иса-еке,  
Шолтаманнан бір терме сұрасақ қайтеді?

**Иса би:** Жарайды, сұралық!

"Сұрағандарың сөз болса"... деп, Шолтаман жыр күйін біраз төкпелетіп алып, тақпақтата (әндетіп емес) жөнеледі.

Шәрбаттан балдай не пайда  
Жұтқыннан әрі өтпесе.  
Сұлудан "сұқсыр" не пайда  
Тұшынып өзі өппесе.  
Көрікті күннен не пайда  
Күлмеңдеп нұрын төкпесе.  
Тұлпардан дүлдүл не пайда  
Ұзатпай қуып жетпесе.  
Атақты ұлдан не пайда  
Ағайын сөзін кектесе.  
Беделді биден не пайда  
Тентектің ісін сөкпесе.  
Аспанда бұлттан не пайда  
Маржанын жерге төкпесе.  
Әкеден ұлға не пайда  
Ақылы айтқан жетпесе.

Жарлыға бардан пайда жоқ  
Тырысып еңбек етпесе.  
Байларға малдан пайда жоқ  
Қажетін өзі шектесе.  
Тыңдаушым жырдан пайда жоқ  
Айтылған сөздің бар нәрі  
Құлақтан әрі өтпесе,  
Жүрекке таман жетпесе.

Әкеден ұлға пайда жоқ  
Маңдайын соқпай, арымай.  
Анадан қызға пайда жоқ  
Жоғалтса өзі арын-ай.  
Данадан жұртқа пайда жоқ  
Өздері сүйіп танымай.  
Батырдан елге пайда жоқ  
Шашылып кетсе тарыдай.  
Соқырға сірә пайда жоқ  
Болса да қанша жарық ай.



Тыңдаушым бойға сіңірші  
Азғантай сөздің нәрін-ай...  
Бере алмаспын түгендеп  
Бір жырмен қамтып бәрін-ай..

**Бәйімбет бай:** Пай, пай! Мынау біз естімеген сөз екен! Қандай насихат!

**Ермембет би:** Мәтжан сенің сөзің емес пе?

**Мәтжан би:** Шолтаманның өз сөзі болар, шамасы! Қасыңда жүрген біздерден жасырғаны да бар болып шықты, бұ баланың!

**Ермембет би:** Өнер қонған жандардың тым жайдақ болмағаны дұрыс. Анда-санда осылайша жарқ ете қалып, ортаны таңдандырып тастаған жарасады оларға.

**Шолтаман:** Жасырды десе де болады, жүрексінді десе де болады. Әлі ешкім алдында айтылмаған сөз еді. Бүгінгі жиынға сақтағаным да рас.

**Бәйімбет бай:** (көңілдене) Біз бұл термені Шолтаманның сіздерден жасырғаны емес, мына біздей ас бергелі жатқан ағасына әкелген сыбағасы деп түсініп отырмыз. Термең тәуір екен. Байғазысына қайтарда аулыңа ат жетектеп қайтарсың.

**Шолтаман:** Рахмет бай аға! Жол үсті біреу сауғаға сұрап алып қалмай, келініңге аман жеткізе алсам бергеніңіз мал басы болып кетер, әлі. Қолы қайырлы атанған кісі едіңіз!..

**Бәйімбет бай:** Әй, қу бала! Жақында шаңырақ көтерді деп еді! Бас екеу болғасын малдың да қажет бола бастағаны ғой, бұл серілерге! Ат мінбеймін, бие жетектеткіз деп отыр?! Болсын, болсын!.. Бір байталды келін көрімдігі деп жетектеп кет!

**Шолтаман:** Рахмет, бай-еке! Келініңіз мақтанып қалатын болды.

**Мәтжан би:** Дұрыс, орнымен берілген сыйлық болды, Бәйімбет! Шолтаманның үйіндегі келініңіз ондай көрімдікке тұратын келін!

**Қоштай бай:** Со келін келмей жатып Шолтаман қорасын малға толтырыпты деп шулап жүр ғой жұрт.

**Мәтжан би:** Мал мен байлық қашаннан ақыл мен еңбекке құралғыш.

**Қоштай бай:** Шаңырағың құтты болсын, Шолтаман! Мәтжан би Шолтаманды үйлендіріпті деген хабар біздерге де жеткен. Айттыра барғанда қалыңдық қыз болашақ күйеуіне бір қызық баға беріпті дейді. О не сөз?

**Шолтаман:** Бізге айтарлықтай ештеңе деген жоқ. Мәтекеңмен тіл қатысқанын естігендер бар екен. Солар болар, түймедейді түйедей етіп жүрген.

**Қоштай би:** Дегенмен жел болмаса шөп басы қимылдамайды деген...

**Мәтжан би:** Ондай сөздің болғаны рас. Келініміз көңілі жүйрік, көзі қырағы екенін бірден танытты!

**Ермембет би:** Мәтжан би сондай баға берсе ол келін сөзі құлақ түруге жарайтын сөз болғаны.

**Иса би:** Ал айтып көрші, ол не сөз?.

**Мәтжан би:** Шолтаманды Мәтжан үйлендіріпті деген Шолтамандай талапты, өнерлі жігіт атағына ауыр тиер. Шынына келсек бар шаруаны бітірген оның ерекше даусы болды-ау деп ойлаймын. Бұл жігіт өнерінің арқасында қалыңсыз қыз алып келіп отыр. Шаңырағына бір атақты қыз қалыңындай мал жиналып қалды...

**Шолтаман:** Ән мен дауыс иесін қарық қылатын болса әнші біткеннің бәрі шетінен бай болмас па еді? Талай өнерпаз қалың төлей алмай, қыз алып қашып, елін шабыстырып, руын ұрандатып жүрмес еді ғой! Сіздің арқаңыз ғой, бәрі де, Мәтжан аға!

**Ермембет би:** Кімнің арқасы болса да алып келіпсіңдер. Құтты болсын! Ал, сонымен...

**Мәтжан би:** Әлімдер елі тойға шақырып сол жақта біраз уақыт болып қайттық. Доңызтауды жайлаған Жұмағұл деген ақсақал аулында болдық. Мен қасыма адайдың біраз өнерлі жастарын еріткен едім. Өнер көрсеттік. Олар да өздерінің өнерлі адамдарын алдырды...

**Шолтаман:** Сауық пен қызыққа толы бір тамаша күндерді өткіздік.

**Мәтжан би:** Қайтатын күні аттарымызды алдыртып, қоржын, дорбаларымызды қамдатып, дайындыққа кіріскен кез еді. Жұмағұл ақсақал бізден бұйым сұрады. Мен сол ауылдың бойжеткендері көп екенін байқап жүр едім, батылдық етіп Шолтаманға қыз айттырдым...

Меселімді қайтармас деп Жұмағұл мінезінен дәметіп едім. Жұмағұл мен ойлағаннан да асып түсті... Мінезі мерт кісі болып шықты.

...Әлі күнге таң қаламын...

**Иса би:** Қалай таңдандырды?

**Мәтжан би:** Жұмекең сөзге келместен: "Шолтаманға бір қыздарыңды қый дейсің ғой, Мәтжан би!..

...Олай болса ана шай құйып отырған өзімнің сүйікті немерем еді. Адайдың Мәтжаны құда түсіп отырса, мынадай жігітке, Шолтаман секілді өнер иесіне сол балам лайық болар! Ұнатсаңдар қимасымды қидым сіздерге. Басқа немелерімнен ерекшелеу еді!" – дегені...

**Қоштай бай:** Пай, сабаз-ай!

**Мәтжан би:** Өмірімде бір оңай тындырған шаруам болды. Қалған барлық шаруаны атасы мен қыздың өздері бітірді. Біздер тек қана солар сөзіне куә болып отырдық.

**Қоштай бай:** Қалыңына қалай келістіңдер?

**Мәтжан би:** Олар қалың сұрамады, біз бермедік...

**Қоштай бай:** Қалыңсыз қыз қандай келін?..

**Ермембет би:** Қыз бірдеңе айтты деп едіңдер?

**Мәтжан би:** "Шолтаманға сол лайық болар, ұнатсаңдар қидым осы баламды. Басқа немелерімнен ерекшелеу еді!", – деп алып, Жұмекең: "Балам сен не дейсің?" – деп немересіне бұрылды.

Жұмағұлдың немересі, әлгі шәй құйып отырған жап-жас қыз: "Екі ата келісіп жатырсыңдар. Аталар келіссе қыз қайда барушы еді!" – деп жауап қатты.

**Ермембет би:** Батыл бала екен.

**Мәтжан би:** Батылдығын ол басқаша көрсетті. "Аталар келіссе қыз қайда барушы еді. Бірақ осы жасқа дейін қара басын қамдай алмай жүрген Шолтаман мырза ертең от басын асырай алар ма екен?" – деп, саңқ ете қалғаны.

Үй іші тым-тырыс болды да қалды.

**Ермембет би:** Апырай, а?..

**Мәтжан би:** Мен де таң қалып, баламен сөз таластыру қалай болар екен дегендей атасына қарадым.

Сол жерде Жұмекең есін жиғандай боп, маған бір қарап, баласына бір қарап: "Қарағым оның жарлы екенін қалай білдің, кімнен естідің?" – деп тіл қатты.

Қыз оған:

– О хабарды маған ешкім айтқан жоқ. Оны үстіндегі сәнді шапаны мен әнші мырзаның өз қылығы айтып отыр. Жас жігіттің екі жеңін кезек-кезек сыйпалай беретіні – бұрын кимеген киімін қызықтағаны.

О жігіт бай баласы болса өз шапанын өзі қызықтамас еді...

Шет жерде өнерлі жігіттің иіні жыртық болмасын деп бір ағасы шапан жауып жіберген болар... Барғасын шешіп алса, тағы да жалаңаш қалмас деймісің?..

Енді бір ағасы беделін пайдаланып құда түсіп отырған шығар...

Үйлендіріп алып, ұмытып кетпес деймісің?..

Шолтаман мырза бұл шаруалар туралы ойланды ма екен дегенім ғой...

Сонша адам отырып бір ауыз сөз қайтара алмадық...

**Ермембет би:** Япырай, а... Болар бала жас болмас деген осы-ау!

**Қоштай бай:** Сонымен әңгіменің арты немен аяқталды?

**Мәтжан би:** Бұл сөздің арты тіпті біз ойламаған жаққа қарай жалғасып кетті... Атасы біраз үнсіздіктен кейін: "Балам-ай, ойлы екеніңді шамалайтын едім! Мен дәметкен жерден де асып түсерсің! Алла бағыңды ашқай! Ал ойыңда тағы не бар, ашып айтшы?" - деді.

Сонда қызы атасына: "Шолтаман мырзаның жарлылығы рас болды. Биі бар, басқасы бар жарлы емес еді деп ешкім араша сұрамады. Енді менің дегенім болсын десеңіз бұлардан қалың да сұрамаңыз, маған енші де бермеңіз! Қызыңызды той жасап ұзатыңыз да, шығарып салыңыз. Адай елі сізге берер қалыңын, жай қалың емес, Әлім елінің ардақтысы Сіздің сүйікті қызыңызға лайық деген қалыңмалы мен жасауын бұ жаққа, жер шеті алысқа айдамай, ауыл қасынан Шолтаман қорасына жеткізіп берсін...

Мен Жұмекеңе қарадым. Жұмекең маған қарады. Екеуміз де қостағандай болдық... Көз қараспен түсіністік... Арада үш ай өткенде келінімізді алып келдік...

**Қоштай бай:** Келін түскенше Мәтжан би қыз отауын тігіп, қорасын малға толтырып қойыпты...

**Ермембет би:** Оң босағасында отырып, барар қорасын малға, шаңырағын дүнияға толтырып тастаған екен ғой, айналайын! Келіндерің құтты болсын! Біздер де үлесімізді қосармыз, әлгі қорадағы малына. Өзіміз жеткізіп берерміз...

**Қоштай бай:** Осындайға жұмсаған малың – адалың емес пе! Шолтаман інім: "Мен келін шақырамын! Қалаған уақытыңда келін мен келіп, біздің ауылда ән салып, малыңды әндетіп айдап кет!..

Біздің ауылдың бір үйір құласы сенікі, Шолтаман!

Шолтаманды бәрі құттықтап жатады. Бәйімбет бай жаңа әңгіме бастайтынын білдіре тамағын кенеп, сөз бастайды.

**Бәйімбет бай:** Уа, құрметті билер! Қонақтарым! Естіп те жатырған боларсыңдар, мен келесі жылы жаз бен күздің астасқан кезінде әкеме ас бермек болып жатырмын. Тап осы жұртта өткізбекпін. Менің әзірге шешкен шешімім де, бітірген ісім де осы. Барлық қалған шаруаларды сіздерге тапсырсам ба деймін. Асқа басшылық етуді, мына інім, Иса биге жүктегелі отырмын. Ол келісімін берді.

**Ермембет би:** Дұрыс екен! Бәйімбет бай әкесіне асты кешіктірді-ау дей бастап еді, былайғы жұрт. Алла ниетіңді қабыл еткей!

**Бәйімбет бай:** Әмин! Айтқаның келсін!

**Ермембет би:** Бұл істі Иса биге тапсырғаныңыз – бастамай жатып ісіңізді жартылай тындырғаныңыз, байеке! Біз де қолымыздан келгенін аямаспыз.

**Мәтжан би:** Бәрекелді! Алла ниетіңізді қабыл еткей! Ерекең істің жартысы басталмай жатып тынып қалды деп отыр ғой! Қалғанын да тындырып тастайтынын айтты. Бізге жеңілдеу тиетін болды!

**Иса би:** Мәтжан! Қашқақтама, інім! Басқаға жеңіл тисе де, саған жетерлік іс бар. Алдымыздағы аста жұмыстың ауырын да, күрделісін де саған тапсырғалы отырмын.

**Мәтжан би:** Орындалуы қолымыздан келетін іс болса, салмағын ауырлай қоймаспыз. Ас – елдің шаруасы. Ел шаруасы – бәріміздің шаруамыз! Тапсырыңыз!

**Қоштай бай:** Ниетің қабал болсын Бәй-еке! Бірақ...

Қоштай панданып, тамағын қырнап сөз бастағанша Бәйімбет бай шыдамсызданады.

**Бәйімбет бай:** Не ойың бар еді, Қоштай шырағым? Айтсашы. Бірақ деген сөзіңнің арты жыраққа кетіп қалды ғой, жиенжан!

**Қоштай бай:** (намыстанғаны байқалады) Бұл Бәйімбет аулы шетінен асығыс пен қапылыс... Сөздер салдыр-гүлдір бір құлағынан кіріп, қаңғыр-күңгір бір құлағынан шығып жатпаса өздерін далада жалғыз қалғандай сезінеді.

"Бірақ" дегенім бай-еке, әкеңізге асты шыбын-шіркейсіз жер, Қырға шығып бермейсіз бе?

**Бәйімбет бай:** Кімнің көп сөйлейтінін біз білмейміз, бір Құдайдың өзі біледі. Бірақ...

Бәйімбет те панданып, тамағын қырнап Қоштай қылығын қайталайды...

**Қоштай бай:** Сіздікі қандай "бірақ"?

**Бәйімбет бай:** (қуланғаны байқалады) Сенің руың Жары. Жарыдан Дәулеталы. Сол ауылға келе жатқан біреу ауыл маңында кездескен біреуден Дәулеталылар ауылда ма деп жөн сұрапты.

Үйде болар. Жаңа сол үй қасынан өтіп бара жатып көзім түсіп кетіп еді, түндігі желпілдеп тұр екен. Соған қарағанда Дәулеталы нағашымның өзі де, балалары да түгел үйде болса керек!.. деген сөзді естігенің бар ма?

**Қоштай бай:** Бір жарым естеу жиеннің шығарған сөзі болар. Жалпы екеуіміздің сәніміз сөз санау емес, қой санау емес пе еді?

**Иса би:** Әй байлар, қойларыңды күзде санарсыздар. Қазір сөзді бізге беріңдер. Біз ас жайын сөз етелік...

...Менің қазір сіздерге айтпағым жалпы қазақ халқының асы туралы өз ойларым.

Қазақтың асы дегені – елге ұсынар әдет-ғұрпы, жастарға көрсетер үлгісі, көпшілікке көрсетер тамашасы, талап етер тәртібі!

Рас па!

Қоштау сөздер.

Ас деген – ас иесінің, сол рулы елдің ата-баба әдет-ғұрпын қалай орындап келе жатқаныны туралы ел алдында берер есебі!

Рас па!

Қоштау сөздер.

**Ермембет би:** Иса-еке! Ас – елдің тәрбие алар орны деген сөзбен болашақ асқа қойылар талап туралы ескерткелі отырсыз-ау шамасы!

**Иса би:** Шамаңыз дұрыс. Соны елге қалайда мойындату керек! Ендігі астарды елге үлгі болатындай дәрежеге жеткізу біздің міндетіміз! Ол осы біздердің, ас иелері мен билердің міндеті. Осы асты жоспарлап, әлгі айтқанымыздай, елге үлгі берерліктей ас етуге тырыссақ па деймін.

**Қоштай бай:** Сіз бұл асты – ас ішіп аяқ босатудың асы болмасын деп отырсыз ғой!

**Иса би:** Дұрыс айтасың! Қолға алынбай жүрген тағы бір жағдай бар.

Біз ата аруағына деп берілетін астарымыздың өту тәртібін де, асқа қатысушылар тәртібін дн қатты бақылауға алуымыз қажет!

Ас кезінде шатақ шығып кетпесін!

Ас артына бұралқы сөз ермесін!

Астың арты төбелеспен аяқталуы тіпті міндет емес. Ондай жағдайда тез шара қолдану жағын ұйымдастырып қойған дұрыс.

Жұрт ас кезінде болған шатақты емес, аста еңбек етіп алған абырой мен атақты әңгіме етсін.

**Ермембет би:** Дұрыс екен.

**Мәтжан би:** Толғағы жеткен мәселе еді.

**Иса би:** Ойлап қарасақ біз бұрын беріп жүрген астардың бар қызығы тойып тамақ ішу мен төрт аяқты жылқының жарысы! Асты солар үшін беретіндей-ақ!

Астан кейінгі естелік көбіне қай аттың қалай шапқаны мен қай тентектің тойды қалай бұзғаны туралы болып алды.

Әрине ат жарату – өнер, қажет өнер. Қажарлы ат – жауға қарсы қаруың.

Дегенмен адам өнері аюан өнері мен тентек қылығынан ілгері тұрса несі бар екен?

Біздер бұл асты өнер адамдарының өнерін тамашалау, өнерлілерді ел сүйіктісіне айналдыру асына айналдырсақ па деп отырмыз. Соны ұйымдастыру жағы бәрімізге, ал өнер жағын ұйымдастыру Мәтжан би саған тапсырылады.

**Ермембет би:** Дұрыс ой айттыңыз, Исеке! Мәтжан би жаңа "толғағы жеткен мәселе" еді деді ғой! Дәл айтты. Сіз тоғыз ай толғатқандығыңызды байқатып отырсыз. Ел тәрбиесі деп толғатыпсыз. Мәтжан би сол сіз күткен перзентті дұрыс қабыл алар, кіндігін дұрыс кесер деп сенеміз.

**Бәйімбет бай:** Апырым-ай! Бұларды тегіннен тегін би атандырмайды-ау шамасы! Біздер асқа соятын малымыз бен тігетін үйімізден ары аса алмаушы едік. Соны ойлап әуреміз, бұлар елге өнеге деп әлек. Жақсы! Жақсы екен!

**Ермембет би:** Ас – елге үлгі беру жиыны болсын деген ой ел қамын ойлағаннан туындаған пікір ғой. Бұл аста ел өнеріне баса көңіл бөлелік десеңдер ұйымдастырушыны дұрыс таңдапсыңдар. Біз көргелі Мәтжан би маңына әншілер мен жыршылар, палуандар мен мешкейлер әуес-ақ болатын. Басқалар шақырғанда зорға келетін солар Мәтжан соңына ереді де жүреді. Соларды өзіне құмар қылып қойған Мәтжанның не қасиеті барын? Асылы, Мәтжан: "Жақсы аттың жалын сақтағанша, жақсы жігіттің арын сақта" – деген ата мәтеліне басқамыздан көбірек мән беретін секілді.

**Мәтжан би:** Халық соңғы кезде күміс көмей үнділер мен бал сазды бармағы барларды қатты қастерлей бастады. Оған себеп еліміздің бейбіт күндерге бейімделе бастағаны болар.

Ендігі ас пен тойды да халық ыңғайына бағыттаған жөн секілді...

**Иса би:** Бейбіт күнге де бейімделу керек дейсің ғой... Дұрыс болар... Ел басындағылар халықтың сол талабынан шығып тұрса, ел өнері өркендей бермек. Өнерлі жандар өздерінен гөрі өнерін құрметтегенді жақсы көреді.

**Шолтаман:** Рахмет би аға! Өнерсіз халық халық па? Өнер сайысында өзге ағайындармен кездесіп қаламыз. Сонда бір-бірімізге қоятын бірінші сұрағымыз: "Кімің бар" – дейміз!

Бұл сұрақтың өзіне түбінде бір қойылатынын әрбір ақын ойланып жүреді. Жақсыларым кім? Жайсаңдарым кім? Сондай шақта айтыс ақындары елінің атақты билері мен батырларын мақтаныш жырға қосады. Байлары мен сахиларын санап шығады. Соның бәрі сіздердің, жалпы халықтың өнер мен өнерлілерге деген құрметтерінің арқасы!

**Иса би:** "Халық айтса – қалмай айтады! Бірінші би – халық, екінші би – тарих!" депті халқымыз. Ақын – халықтың тілі дейді!

Олай болса – жетістігіңе бола марапаттайтын да халық! Қатең болса – жарақаттайтын да халық!

...Бізден кеткен қате болса болашақ көрсетер...

Біздің өткенді көксейтініміз – жоғалтқанымыздың көптігінен.

Ертеңді көксейтініміз – дәметкеніміздің көптігінен...

**Мәтжан би:** Жоғалтқанымыздан дәмететініміз көп болғай! Ал...

**Иса би:** (Мәтжан сөзін бөліп, өз сөзін аяқтайды) Жарайды, бұл мәселе туралы ойымызды білдірдік...

Енді шаруамызға оралалық. Мәтжан бірдеңе сұрағалы оқталып отырсың ба?

**Мәтжан би:** Біз тапсырмамызды алдық. Түсінікті болды. Ал енді біздің жұмсайтын хабаршыларымыз, асқа шақырушылар, қазақтың байтақ даласының қанша көлемін қамтымақ?

**Иса би:** Хабар естіп асқа келіп жатса қазақтың қай өңірінен келсе де, шақырулы қонағымыз болады деп хабарлансын. Ал арнайы шақыру: Қиғаш, Нарын, одан бері Жайық бойы, Шыңғырлау, Елек, Жем, Сағыз деп отырмыз. Әлім, Табын елдерінің көрші рулары. Маңғыстаудың Ойы мен Қыры тұтастай. Сегіз арыс Адайлар қонысын түгел қамтимыз. Аралас отырғандар да түгел шақырылмақ.

**Ермембет би:** Қанша үй тігілмек?

**Иса би:** Бәйімбет бай қазірдің өзінде мың үй деп жобалап отыр. Асқа шақырушылардың хабарын күтеміз. Қонақтар саны өсіп бара жатса мүмкін көбейтерміз.

**Ермембет би:** Байрақтар жобасы анықталды ма?

**Бәйімбет бай:** Бұрынғы астар жобасынан кем түспеспіз. Иса би бәсекеге айналып кетпесін деп онша асыра сілтемелік деп отыр.

**Ермембет би:** Дұрыс екен.

**Иса би:** Бұрынғы бір аста атақты ақындарымызға назар аударғанбыз. Соның арқасында "Адайдың бес жүйрігі" деген ардақты атқа лайық тұлғалар алты алаш аузына іліге бастады. Қазір тілі шыққан кез-келген тәрбиелі бала жеті атасы секілді адайдың бес жүйрігі кімдер десе: Абыл ақын, Нұрым мен Ақтан, Қашаған мен Аралбай деп тақылдай жөнеледі.

Бұрынғы өткен астарға қосар жаңалығымыз бұл аста сазгер әншілерге ерекше көңіл бөлінбек. Олардың байрақтары сәл кейінірек белгілі болар. Ақылдасармыз.

**Ермембет би:** Есте қаларлық ас болғалы тұр екен.

**Мәтжан би:** Барлық өнер иелеріне хабарлау керек болар. Дайындыққа жылдан астам уақыт бар.

**Иса би:** Ас туралы сіздерге айтпағымыз негізінен осылар болатын. Айтылды. Келісілген секілді.



**Ермембет би:** Дұрыс. Асқа дайындық басталып кетті делік. Астың беташары болсын! Шолтаман! Бір әніңе салып жібер.

**Шолтаман:** Ән салып беруге болады. Бірақ ән соңынан Иса биден бір сұраққа жауап күтсем бола ма? Кездесем сұрайыншы деп ойлап қоятын едім. Біз көпшілік ортасында жиі боламыз. Сол көпшіліктің сіздің Иса би атыңызға байланысты, жауап іздеп жүрген сұрағы еді бұл.

**Иса би:** Неге болмасын! Болады.

**Шолтаман:** Олай болса сұрап қалайын... Маңғыстаудың Ойы мен Қыры түгел көтеріліп, орыстың ақ патшасына күш көрсеткен, бұдан жирма жыл бұрынғы көтеріліс басшылары Иса мен Досанның тағдырлары екі түрлі болғаны неліктен?

Билер ыңғайсызданып Исаға қарап қалады... Сұрағына жауап күтпестен Шолтаман домбырасының бұрауын байқай бастайды.

Шымылдық

**Екінші көрініс.**

**Ас үй. Шолтаман өнері.**

Бәйімбет байдың ас үйі. Кереге басына үрген қарын, үрген мес секілді тұрмыстық заттар ілінген. Даладағы, үй ішіндегі ошақтағы қазандар.

Ас үйдегі қонақ күту дайындығы барысындағы қарбалас. Бір жігіт меспен айран шайқап, екінші жігіт күбідегі қымызды пісіп тұрады. Үшінші жігіт күбідегі шұбатты сапырып тұрады.

Бір келіншек бауырсақ пісіріп, екінші келіншек қазанға ас салып жатады. Қолында қазанға салғалы жатқан қойдың басы. Осы сәтте бай бәйбішесі ас үйге кіреді.

**Бай бәйбішесі:** Келін! Басты о қазанға салмасашы. Бұ қонақтар ерекше қонақтар. Мәтөк Қоштай деген төре қайным бар. Тамағымызды жемей кетер. Басты бөлек ас.

**Үлкен келін:** Жарайды, ене! Тағы бір қазан көтерейін.

**Кіші келін:** Ене, айран дайын болды. Қонақ үйге айранды да алып барамыз ба?

**Бірінші жігіт:** Шұбат пен қымыз тұрғанда кім айран ішеді дейсің?

**Бай бәйбішесі:** Айранды да баптап қойыңдар. Сұрап қалар. Кейбір кісіге шұбаттың да, қымыздың да жақпайтыны болады. Керек болып қалса, қапы қалмалық.

Кіші келін мес пұшпағынан зереңге айран құйып үлкен келінге ұсынады.

**Кіші келін:** Жеңеше! Дәмін татып көрші!

Үлкен келін айранның дәмін татып көреді.

**Үлкен келін:** Балдай екен! Асылы бүгін шұбатыңнан да, қымызыңнан да айраның озып тұрған секілді.

Кіші келін қуанып қалады. Мақтана енесіне қарап қояды.

**Екінші жігіт:** Бәйбіше! Қоштай мәтөк дегеніңіз кім? Ол баспен еттің бірге асылғанын қалай біліп қояды?

**Бай бәйбішесі:** Ой тәйір-ай! Соны сөз қылып! Сорпаға құйқаның исі сіңеді-дағы. Немене Қоштай туралы естімеп пе едің?

**Екінші жігіт:** Жоқ! Есіген емеспін.

**Үлкен келін:** Қоштай байдың деңмент белбеуінің бағасы – атақты қыздың қалыңмалынан да қымбат дейді ғой...

**Бай бәйбішесі:** Ол кісі байлықты тек малдың саны деп емес, тірлік сәні ғып пайдаланатын кісі. О қайным байлық қызығын көріп жүрген адам. Қоштай қайнымның мәтөктігі сонша, ауылы су ішетін құдығының маңынан мал жүргізбейтін көрінеді.

**Бірінші жігіт:** Құдық қасынан мал өтсе не болады екен?

**Бай бәйбішесі:** Малдың дәреті жерге сіңеді, сосын құдық суына әсер етеді, су шуаштанады деп сақтанады екен деп жұрт аңыз етеді.

**Екінші жігіт:** Астафралла! Естімеген елде көп деген осы екен ғой!

**Бай бәйбішесі:** Ал енді бос сөзді тоқтатыңдар. Бүгінгі қонақтарың атақты билер мен, айтулы төре жігіттер! Сақ бола көріңдер! Мына ақ астарыңның ішінен қыл-қыбар шығып масқара болып қалмалық! Мұқият қараңдар!

**Үлкен келін:** Ене! Сүттерді сүзіп құйдық емес пе!

**Бірінші жігіт:** Әй, құрдастың қатыны! Бәйбіше сүттен малдың қылшығы шығады деп қорқып тұрған жоқ, сүттен мына сенің қопыраған шашың шығады деп уайым етіп тұр! Соны да түсінбейсің бе?

Қарқылдап күледі. Үлкен келін енесі алдында ыңғайсызданып қалады.

**Бай бәйбішесі:** (қатулана қарайды) Ыржақты тоқтатыңдар! Келін! Айналайын! Бауырсақтарыңның жартысын сарғыштау, жартысын күреңдеу етіп пісір!

**Үлкен келін:** Жарайды ене.

Қонақ үйден домбыра даусы жетеді. Адайдың жыр күйлерінің сазы біраздан кейін ән әуеніне ауысады. Шолтаманның "Дәләйшім" әні.

Екеу-екеу мінеміз тал кемеге,  
Екеу қайтіп сыйамыз тар немеге.  
Он сегіз бен жиырманың арасында,  
Ауытқиды ит көңіл әрнемеге.

**Бірінші жігіт:** Мынау жаңағы ән айтқан әнші ғой. Даусын-ай! Кім болды екен?

**Бай бәйбішесі:** Шолтаман ғой! Билер Шолтаманға ән салғызып жатыр. Кәні, біраз ән тыңдалық.

Есігімнің алдында көк тал ағаш,  
Тал ағашқа қонады көп қарылғаш.  
Қосар болсаң Құдайым жақсымен қос,  
Қол ұстасып жүрсем де аш-жалаңаш.

Қара бұлақ қайнары тастан шығар,  
Алқын жүйрік жұлқынған жастан шығар.  
Аяғыңды жігіттер аңдап басың,  
Алыс емес, дұшпаның, достан шығар.

**Бірінші жігіт.** Анадай зор дауыс бір кісі көмейінен шығып жатырғанына адамның сенгісі келмейді екен!

**Үлкен келін:** Ән салып байқап көрсейші! Біреуді келемеш етіп күлгенде сен де есекше аңқылдайсың ғой, осы!

Жастар бәйбішеден жасқана сыпайы күлісіп алады.

**Бай бәйбішесі:** (келініне қарап, қатуланған болады) Бос сөзді қойыңдар дедім ғой. Ал шаруаларыңа бекем болыңдар. Мен қонақтарыма барайын.

Бай бәйбішесі ас үйден шығып бара жатады. "Ей Алла! Жар бола гөр" деп күбірлеген даусы естіледі.

**Бірінші жігіт:** Жаңағы сөзің үшін байыңнан бір таяқ жегізбесем, атым өшсін!

**Үлкен келін:** Ой тәйір-ай! Құрдастың сөзіне кектенетіндей сен сонша ақылсыз емес едің ғой!

**Бірінші жігіт:** Е... Солай ма екен!

**Үлкен келін:** Шындығында да неткен ғажап дауыс!

**Кіші келін:** Шолтаманның даусы түстік жерден естіледі дейді ғой!

**Бірінші жігіт:** Мүмкін! Естілсе естілер!

**Екінші жігіт:** Бұ дауыс қай алыстан естіледі десе де нандырғандай екен.

Жыр күйі сазы естіледі.

Шымылдық

**Үшінші көрініс.**

**Бәйімбет бай үйі. Жылкелді өнері.**

Бәйімбет бай үйі. Бұрынғы отырған адамдар үстіне сәлем беріп Жылкелді кіреді. Амандық сұрастырылады.

**Мәтжан би:** Жақсы келдің Жылкелді! Біздер сіздер туралы әңгіме етіп отыр едік...

**Жылкелді:** Сіздер дегеніңіз кімдер?

**Мәтжан би:** Сіздер деп отырғаным: ақындар, әншілер, жыршылар, күйшілер...

Мәтжан би әңгімесін жалғастырады.

Өнер мен ел бір-біріне ұқсас. Ән мен жыр, саз бен күй – бұлар жалпы халық тұлғасы. Халық қандай болса – өнері де сондай. Өнері қандай болса – халық та сондай.

Біздің әндеріміз бен күйлеріміздің басқалардан адуындыдау естілетіні, дүсір-дабыры молдау болатыны да өнеріміздің өзімізге ұқсап жатқандығынан.

**Иса би:** Рас секілді... Сосын байқайсындар ма, осы біздің елде ақын мен жырау да, ән мен күй де молырақ па деп ойлаймын... Домбырасыз кереге кездестірмейсің.

**Мәтжан би:** Иса-еке! Бұл байлық. Байлық болғанда – байлардың мыңғырған малы секілді ел байлығы.

Мысалға тек қана мына Жылкелдінің "Құнан нар" әнін алалықшы. "Бір әнді сатып алдым құнан нарға, беремін керек десе құмарларға" деген сөз, ән мен өнер бағасын анықтап тұрған жоқ па!

**Қоштай бай:** (әннің басты байлық екеніне сенімсіздеу секілді) Жылкелді інім! Біз сенің әніңді сатып алғымыз келді делік. Сонда құнан нарымызды кімге береміз? Әнді қалай аламыз? Кімнен аламыз?

**Жылкелді:** Ән бағасын көтеру үшін алынған теңеу сөз ғой! Әйтпесе біз әнімізді сатып алатын адам емес, тыңдайтын құлақ іздеп әлекке түсеміз...

**Ермембет би:** Онда осы жолы әлекке түспейтін болдың. Біз тыңдауға дайын отырмыз.

**Жылкелді:** Аузымнан жазып қалғандай болдым ба? Онда тегін берейін сіздерге. Алыңдар бір-бір құнан нардан...

Жылкелді "Құнан нар" әнін айтады.

Бір әнді сатып алдым құнан нарға,  
Беремін өз бәсіне құмарларға.  
Ит дауыс бұрынғыдай аңқымайды  
Жас келіп қартайған соң амал барма.

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,  
Кең жайлау құлазиды-ау ел көшкен соң.  
Сүйреткен ақбоз аттың шылбырындай,  
Қылаңға сөз ереді бой жеткен соң.

**Ермембет би:** Бәрекелде! Өлең-ақ қой, шіркін "Құнан нар!".

**Иса би:** Біздерді би деп дәріптейді. Нағыз би осылар ғой. Әр сөзі ақыл мен өсиетке суарылғандай!

**Ермембет би:** Ие, бұлардың ақын ағаларына халықтың "Адайдың бес жүйрігі" атағының берілуі тегін емес. Сол бес жүйрікке ең болмаса бір биді қоспапты ғой, бұ халық, жүйрігім деп.

**Мәтжан би:** О не дегеніңіз, Ереке! Жұртыңыз "Есен Ермембет" деп дәріптегенде ішкен асын жерге қояды емес пе?

**Иса би:** Есен Ермембет пен Жары Мәтжан өздеріне құлпытастарын тірілей қашап қойған адамдар. Ал біздің ақындарымыз бен әншілеріміздің ойлылығы мені қатты қуантады. Шолтаманның әлгі сұрағы да соның дәлелі.

Шолтаман сұрағы жауапсыз қалмасын. Енді мен Шолтаманның сол сұрағына жауап берейін...

...Ел ортасында жүрсіңдер ғой, айта жүрерсіңдер.

...Бұл сұрақ бір рет қойылып, бір рет жауап алумен аяқтала қоймас. Тағы да қойылар. Біздердің атымызбен қатар өмір сүрер. Бірақ жауабы бар сұрақ. Жауабы ойдан шығарылған жауап емес...

...Біздің сол кездегі әрекетіміз заман өктемдігіне мойын ұсынғандықтан, тағдыр тығырығынан шығудың жолын іздеуден туған шешім болатын...

**Ермембет би:** Қиын кезең еді ғой.

**Мәтжан би:** Күштінің зорлығы, халық намысы дегеннің не екенін түсіндіріп кетті ғой, ол кезең. Иса мен Досан атағы келесі ұрпақтардың мақтанышына айналар...

**Бәйімбет бай:** Халық қатты сергелдеңге түсіп еді. Әр ру, тіпті әр ауыл өз басшысын сайлап алып, бас сауғалауға тырысқан болатын.

**Иса би:** Патша өкіметіне қарсы Маңғыстаудың Ойы мен Қыры тұтас көтерілді. Ел кейін сол күресті Иса-Досан көтерілісі атандырды. Көтерілісті бастаған ешкім емес болатын. Шындығында ол халық көтерілісі болатын. Ел-жұртымыз өкіметтің де, билердің де ырқынан шығып бара жатты. Амалсыз сол дүлей күшті бар арнаға салу керектігі туды. Елді байы да, биі де билеуден қалды. Елді ыза мен намыс билеп әкетті. Амалсыздық, шарасыздық кезеңге тап болған кезде міндет Иса мен Досанға жүктелді.

**Мәтжан би:** Иса да, Досан да бұл іске атақ іздеп кіріспеген...

**Иса би:** Елдің ызасын бір мақсатты арнаға бағыттау қажет болды. Бірақ ел де, Иса да, Досан да аузынан от шашқан зеңбірікке қарсы не істесін... Көтеріліске шығу да, күштіге күш көрсету қате еді... Қырылып қалдық... Бытырап, торғайдай тозып кеттік...

Жинаған жасағымыз да жеңілді. Ел де жеңілді. Жеңілді де бағынды.

**Мәтжан би:** Басқа түскен ауыр зауал болды, ол кезең.

**Иса би:** Жеңілген елге батыр бұрынғыдан да керегірек екен. Досан батыр атағын бұрынғыдан бетер дәріптеп кетті.

Досан болса батыр атағын ақтап шықты.

Досан біраз жасағымен күресін жалғастыра берді...

Ел жеңілгенде Досан да жеңілгенін мойындап жауымен кезіссөзге барса ол сатқын аталар еді.

**Ермембет би:** Солай...

**Иса би:** Егер ол жауына берілсе қорқақ атанар еді. Онда жалғыз Досан емес, тұтас халықтың атына да сондай атақтар таңылатыны белгілі. Досан ондай қадамдар жасамады. Қателеспепті!

Досан тағдыры батыр атағына лайық тағдыр. Батыр жауынан жеңілсе де, жауына қызмет қылмас болар!

**Шолтаман:** Ал Сіз?

**Иса би:** Исаны ел-жұрты би атандырды. Мені халқым батыр емес би деп атайды. Менің тағдырым – халық тағдыры! Би халық қамы үшін түрлі жағдайға бейім болуға тиіс. Би міндеті батыр міндетінен басқаша.

Батыр берген анттан аттай алмайды. Ол қара басын құрбан етуге даяр тұлға.

Батыр – ел намысы.

Ал би дейтіндер батыр емес. Ол ел үшін әртүрлі айлаға бара береді. Маңғыстау ақ патшаға қарсы тұтас көтерілді. Биі де, батыры да халықпен бірге болуы керек еді. Болды. Күшті жеңді. Би енді амалсыз. Ол ақыл іздеуге тиіс. Ұрпағын, елін, жерін сақтап қалудың амалына, айласына көшеді. Ойлап қараңдаршы! Адай түгелімен есебін тауып, ақ патша құрығынан құтылып, тәжік, парсы, ауған жерлеріне ауып кеткен екен делік. Біраз еліміз солай істеді де. Бәрі көшіп кетсе, бәрі тастап кетсе, сонда мына маң дала, мына қасиетті Маңғыстау кімнің мекені, кімнің отаны болып қалар еді! Билер соны ойлады. Айласын тапты. Келіссөзге келді.

**Ермембет би:** Батыр – ел намысы! Ел – ерлігі!

**Мәтжан би:** Би – ел ақылы! Ел – бірлігі!

**Иса би:** Ел жақсымыз, жайсаңымыз деп сол батырлары мен билерін айтады. Мақтан тұтады. Марапаттайды.

Жақсысын ұлықтамау, жайсаңын қызықтамау – өз ырысын өзі тепкендік, өз тілеуін өзі кескендік.

**Ермембет би:** Дұрыс айттыңыз-ау Иса-еке! Таусыла сөйледіңіз –ау, би аға!

Қазір ән айтып, құрметтеліп отырғанымыз да, келесі жылы ас беретініміз де, малымыздың Маңғыстау ойын толтырып, Алақырға сыймай жатқаны да, абыройымыздың Алты Алашты мойындататыны да сол кездегі билердің дұрыс шешімінің арқасы, шырағым Шолтаман!..

Бұл мәселені ақылды адам осылай түсінер болар...

**Мәтжан би:** Орыстармен адайлардың ымыраға келуі, қырық жыл салық алмауға дейін кеңшілік алуы шоқпардың салмағы емес, ақылдың нәтижесі болатын.

"Жаман туыс – денедегі жара.

Бетіңе түссе жаныңды жазалайды.

Етіңе түссе тәніңді мазалайды"...

Шолтаман інім! Қыңырлар қылығы мен қиямпорыстар сөзінен қайда қашып құтыларсың?.. Сұрағыңа жауап өте дұрыс берілді деп ойлап отырмын.

**Иса би:** Халықтың "Торғай жаңбыр жауса баласын қорғар, бұршақ жауса басын қорғар" мақалы Иса-Досан көтерілісіне, оның басы-қасында болғандарға сәйкес келе қоймайды. Біз көтеріліс кезінде де, жеңілгеннен кейін де бас қорғаған жоқпыз. Күштіге күш көрсете алатынымызды байқаттық. Ел болып байқаттық.

Болмай бара жатқанда, шарасыздыққа ұшыраған кезде билер ақылмен, айламен орыстың да, қазақтың да пайдасына шығар келісімге келді.

**Шолтаман:** Осылай деп түсіндіретіндер бар еді, жұрт арасында. Солар дұрыс түсінеді екен, біздер де айта жүрерміз. Рахмет, ағалар.

**Иса би:** Солай шырағым. Досан батыр батырлығынан тайған жоқ. Сол тақтан түскен жоқ! Әлі сол тағында!..

Иса би де ел қамын ойлауын әлі тоқтатқан жоқ... Бір кезде елдің намысы үшін қаны менен жасын төксе, міне бүгін сенің өнерің үшін, елінің өнері үшін еңбек етпек болып отыр. Біздің бұл күресіміздің жеңісі, сіздердің жеңістерің болмақ! Сіздердің, халқымыздың абырой-атағы болмақ!

**Ермембет би:** Бұл сөз осылай қорытылған, осылай болғанына халық риза болған іс болатын...

"Бақ іздеген өзін басқамен тең ұстайды,

Тақ іздеген өзін басшыдан кем ұстайды" – деген аталы сөз бар... Иса би қай кезде де орыстармен өзін тең ұстаған болатын!..

**Иса би:**



"Алдыңа қарап пікір ет,  
Артыңа қарап шүкір ет" – депті, аталарымыз.

Біздердің сол кездегі елге еткен еңбегіміз, ісіміз кейін тек қана шүкіршілікке жарап қалған болатын... Әлі де ол кезді ойласақ "шүкір, шүкір" дейміз...

Ал енді ас жағдайына оралалық!

Ас осы арада беріледі деп отыр, Бәйімбет бай.

**Бәйімбет бай:** Асты осы жұртта өткізбек ойымыз бар. Бұ жерді тоздырмай жұрт аударып қонармыз. Жыл бойы қорыққа айналдырармыз.

**Қоштай.** Байеке! Қайталап айтайын, мына қонысыңыз шаңдақтау екен. Асты құмдақтау жерге өткізген дұрыс болмас па?

**Бәйімбет бай:** Со күндері жел тұрмағай деп, Алламыз бен аруақтарымызға жалынамыз дағы. Әкем осы жұртта қайтыс болып еді. Соған байланысты таңдадым... Бұл енді шешілген мәселе.

Асымызға атақты жырауларды түгел шақырсақ па дейміз. Ас ауыртпалығын Мына Шолтаман, Жылкелділер көтеріп әкетеді ғой.

Жылкелдіден тағы бір ән сұрасақ қайтеді?

**Мәтжан би:** Жылкелді! Балалар соңғы кезде "табан жол, табан жол" деп мазаны алып болды. Ол қандай ән? Сенікі деп жүр ғой!

**Жылкелді:** Сөзі де, әні де жеңілдеу ән ғой. Жастарға ермек болсын деп айта салып едім.

**Мәтжан би:** Тыңдап көрелікші.

Жылкелді Ағибаш әнін айтып береді.

**Жылкелді:**

Мінген атым астыма қарала-аяқ,  
Ағибашқа барам деп жедім таяқ.  
Түсінсеңші сәулешім айтқан сөзге,  
Кетейікші жат елге болып саяқ.

Табан, табан, табан жол,  
Сақтаса Құдай аман жол,  
Сақтамаса жаман жол.  
Айтқаным көнбесең  
Енді айналып көргенше  
Ақ бетіңнен сүйгенше  
Ағибаш-жаным, аман бол.

**Ермембет би:** Жылкелді, шырағым! Сен Хиуа ханына Мәтжан бимен бірге барып қайтқан екенсің. Қайтып келгесін сол сапарыңды қасыңдағы жігіттермен қызық қойылымға айналдырып, жұртты күлкіге қарық қылып жүр дейді ғой! Біз сол күлгіден құр қалыппыз! Еншімізді бермеймісің?

**Иса би:** Онысы қызық екен.

**Мәтжан би:** Бұ жігіттер олардың сөздерін де, әндерін де үйреніп алыпты. Маған да бір рет көрсеткен. Құдды солардың қасында отырғандай болдым.

**Иса би:** Онда бізге де сол ойындарыңды көрсетсеңдерші...

Шымылдық

**Төртінші көрініс.**

**Хиуа ханы мен Мәтжан. Ақтан. Өскенбай өнері.**

Жылкелді жігіттерін жинап ойын көрсетеді. Төрде Хиуа ханы. Мәтжан. Ақтан ақын. Өскенбай. Бақшы. Дутаршы. Адамдар.

**Жылкелді:** Құрметті билер мен байлар! Біздің екі кемшілігіміз бар. Соны кешірсеңдер ойынымызды бастап кетеміз.

**Иса би:** Кешірілді деп есептей беріңдер!

**Жылкелді:** Біріншісі: Хиуа ханның келбеті мына Мәтжан бидің інісі Есет палуандай екен деп ойлап қалмаңдар. Есет жабайы домбайдай болса, Хиуа ханы торпақтай-ақ бірдеңе болатын.

Екінші кемшілігіміз, олардың тіліне тілімізді келтіре алмадық.

Ал бастап кетелік...

Жылкелді жігіттері Мәтжанның Хиуа сапарын ойын етіп көрсетеді. Билер көрермен ретінде қарап отырады.

**Хиуа ханы:** Мәтжан би! Сізді біздің елде жүр дегесін демалып, қонақ болып кетсін деп шақырттым. Адайдың атақты биін көрелік, сыналық, сұралық деген ой келді...

Біздің ел өнерін де көрсін, тамашалап көңіл көтерсін дедік.

**Мәтжан би:** Рахмет хан-еке. Бізді көргіңіз келген екен, көрдіңіз. Көркімізге риза боласыз ба, болмайсыз ба, ол сіздің еркіңіздегі нәрсе. Ал қалған сындарыңызға түсуге даярмыз.

Сұраңыз. Мүмкін біздің жауабымызға құлағыңыз риза болар!

Сынаңыз! Мүмкін біздің кісілігімізге өзіңіз риза боларсыз!

**Хиуа ханы:** Жарайды... Мәтжан би! Онда біз әуелі, өздеріңіз айтатындай, ауылдың алты ауызына кезек берелік.

Кәне бастаңдар!..

Түрікпен бақшы өлең бастап кетеді.

**Мәтжан би:** Тамаша! Тамаша!

**Жылкелді:** (Қасындағы жігітке сыбырлайды) Мына сорлы буынып қалған жоқ па?

**Мәтжан би:** Керемет!. Қалайша бұлбұлша сұңқылдайды?

**Хиуа ханы:** Енді сіздің жігіттерді тыңдалық. Сіздер "Қонақ қадесі" дейтін бе едіңдер?..

**Мәтжан би:** Ақтан бір термеңді айтып бер, қонақ қадесі өтелсін.

Ақтан өз термесін айтып береді.

**Ақтан:**

Қалағандарың сөз болса,

Мен жырлауға құмармын,  
Шұбалаң құйрық шұбармын,  
Шапқан аттай саулаймын,  
Жанған оттай қаулаймын.  
Не қылғанмен дер күнім,  
Бұлдыраған таудаймын.  
Екі атысқан жау болса,  
Ортасында панамын.  
Мен – ақ бауыр кер жорға,  
Әдемі басқан аяғын.  
Қарасаң көзің жеткісіз,  
Жылмиып жатқан даламын.  
Жортар атқа жеткісіз,  
Ұзын бауыр саламын.  
Жоғарыдан құйған Жайықпын,  
Теңізге құйған аяғын,  
Мен шығыстың күшті желімен,  
Ылайлатып ағамын.  
Сөйлемейін мен неге,  
Қашаннан да мен өзім,  
Заржақ туған баламын.  
Сөйлесем сөзді табамын,  
Сөйлей, сөйлей аламын.  
Көпшілік сөйле дегенде,  
Кідірмеймін жел сөзге,  
Кеудедегі білгенді,  
Алдыңа төгіп саламын.

Сөйлей-сөйлей берейін,  
Сөз жүйесін көрейін.  
Әрі-бері сөйлесем,  
Бұ да өзімнің мерейім.  
Сөз дегенің бұйым ба,  
Сөйлегенім қиын ба,  
Талай-талай жырладым,  
Сатырлаған жиында.

**Хиуа ханы:** Бәрекелді! Тәуір сөз екен.

**Мәтжан би:** Халықтың құлағына жаққан сөздің бәрі тәуір.

**Хиуа ханы:** "Адайдың Мәтжан биі" деген атақ біздің елімізге де тарап кетті. Айтыңызшы, бұл Адайда батыр да көп, би де көп, бай да көп. Солардың батырлық, билік, байлық бағасы қаншалық? Әлде жай бір әншейін дабыра ма?..

**Мәтжан би:** Хан-еке, Құдай көпсінбесін! Адай көршіңізде сіз сұраған жақсылар мен жайсаңдар жетерлік. Олардың көрсеткен батырлығын, айтқан билігін, көзге түскен сахилығын тізіп айтып шығуыма күндер емес айлар керек болар еді. Сондықтан мен әрқайсысынан бір-біреуін ғана атап берейін...

Адайдың Әнеттің ұлы Ер Төлеп деген батыры бар. Сол Төлеп батыр елу рет: бірде жоңғарға, бірде қалмаққа, тағы бірде басқа жаққа жорыққа қол бастап шығып, бірде бір рет жеңіліп көрмеген қолбасшы. Адайлар жауда ерлік көрсетіп қаза болғанды емес, ерлікпен жеңіске жетіп, еліне аман келгенді батыр дейді. Біздің көп батырымыздың бірі сол Ер Төлеп!..

Біз қоралап қой айдағанның, келелеп түйе біткеннің бәрін бай атандырмаймыз. Бай деп мырзалығымен аты шыққандарды ғана атаймыз.

Батыр Ер Төлептің баласы Мамбетнияз бай, жорықтан қайтқан адайлардың қалың қолының алдынан шығып, шаршап келе жатқан шеруді тоқтатпай, жеті нарға артылған сыбағалы тағамдарды нар үстінен үлестірген. Дәм татырмаған, тойғызған...

Ойлап қараңызшы:

- Бір нар қомында қымыз бен шұбат!
- Екінші нар қомында қазы мен қарта!
- Үшінші нар қомында жент пен ірімшік!
- Тағы бір нар үстінде бауырсағы мен шелпегі!
- Басқа нарлар қомында да түрлі-түрлі нәрлі астар...

...Жеті нар қатар түзеп жүріп келе жатыр. Жеті сала боп тізілген қол желе аяңдап келе жатқан нарлар қасынан өтеді. Үстіндегілер тағамдарын үлестіріп беріп келе жатады...

**Хиуа ханы:** Қызық екен.

**Мәтжан би:** Адайлар бай деп қонаққа сойған қозысына бата сұрап телміріп тұратындарды емес, осындай қолы сахи, мінезі мәрттерді атаған. Мәмбетнияз бай да солардың бірі...

Ал енді білікке келетін болсақ, алыстан арбаламай, осы жерден шешелік. Ханда қырық кісінің ақылы бар дейді. Сіз хан басыңызбен ат шаптырып мені алдыртып отырсыз. Ақыл сұрап отырсыз. Мен сіздің білмегеніңізді білдіріп отырмын. Сонда мен би болмағанда, мен білікті болмағанда кім боламын!?

Бірақ мен де адайдың, сіз айтқан, көп биінің бірімін...

**Хиуа ханы:** Шынымен би екенсің. Бәрі сенімді. Бәрі анық. Бәрі түсінікті. Бірақ бір нәрсеге көңілім күпті болып отыр.

**Мәтжан би:** Сұраңыз! Мені сұрау үшін алдырдыңыз ғой.

**Хиуа ханы:** Нар қомынан жүріп келе жатып тамақ тарату не үшін қажет болған, сіздің адайларға? Жайғасып жатып неге тамақтанбасқа?

**Мәтжан би:** Қазақтың байтақ даласы. Жол ұзақ. Сол күні аулына жарық барында апарып жайлағысы келген екен дейді, шаршап келе жатқан сарбаздарды...

**Хиуа ханы:** Болар. Болар!.. Адайлардың біраз қылықтары мен мінездерін білетін болдық қой! Өздерін олар талай таныстырған...

Жарайды бұл әңгімені осылай тоқтаталық...

Енді өнерпаздарға күй тарттыралық. Шақыр біздің дутаршыны. Сізде шақырыңыз өнерлі жігітіңіз болса.

**Мәтжан би:** Өскенбайды шақырыңдар.

Дутаршы мен Өскенбай кіреді.

**Хиуа ханы:** Екеуің күймен айтысасыңдар. Келісіп алыңдар. Қонақтардың дегені болсын.

**Дутаршы:** Қалай тартысамыз?

**Өскенбай:** Сіз тартқан күйді мен аяқтап отырайын. Мен бастаған күйді сен аяқтап, жаңа күй бастап отыр.

Күй айтысты дутаршы бастайды. Бір-екі күйден кейін Өскенбай аяғын жалаңаштап жіберіп, домбыраны аяқ саусақтарымен тарта жөнеледі. Дутаршы алақанын жайып ханға қарайды. Хиуа ханы жеңілгенін мойындайды..

**Хиуа ханы:** Әй, қазақ! Ұрып кеттің! Мәтжан би! Сіз жеңдіңіз! Біздің бұл дутаршыны ешкім жеңе алмайтын!

Ал енді Мәтжан би, біз сізге, нар үстінен емес дастархан үстінде құрметімізді көрсетелік...

**Мәтжан би:** Рахмет құрметіңізге, хан-еке! Біз оған да дайынбыз...

Дастархан жайылады. Палау әкелінеді.

**Хиуа ханы:** Мәтжан би! Мынау біздің құрметті қонақтарға беретін "Жеті әулие" деген тамағымыз. Жеті түрлі дәмнен жасалады. Ас алыңыз!

Мәтжан би алдындағы асқа таңырқай қарайды.

**Мәтжан би:** Ассалаймағалайкум "Жеті әулие",  
Төбесінде азғантай ет әулие!  
Ет әулиені былайша алып қойса,  
Қалғанының несі әулие?...

Мәтжан би шошайған палаудың төбесіне үйілген аз етті екі алақан қырымен кесіп алып өз алдындағы табаққа салып алып жей бастайды. Хиуа ханы таңырқап Мәтжанға қарап қалады.

Шымылдық

**Бесінші көрініс.**

## **Төбе басы. Тастемір өнері. Сәттіғұл.**

Төбе басы. Мәтжан би бір топ кісілермен сөйлесіп тұрады.  
Тастемір, Шолтаман, Мұрын жырау, Сәттіғұл.

**Мәтжан би:** Мына төбе басынан біздің Бозашы тұтасқа жуық көзге шаланады. Туған жерді алақаныңдағыдай сезесің!

**Мұрын жырау:** Біздің Маңғыстауда "Қарауыл төбе" аталатын осы секілді төбелер баршылық. Осыларды әдейі үйіп алды ма екен, әлде жаратылысы осылай ма?

**Мәтжан би:** Бұлардың көбі қолдан үйілген үйіктер. Бұрынғы замандарда атақты хандарды жерлегенде басына осындай үйік үйетін салт болыпты дейді.

**Тастемір:** Не деген жанкешті жандар болған, бұрын! Теп-тегіс жерге топырақ тасып тау жасау деген қаншама еңбек!

**Мәтжан би:** Ардақталған атаға деген қаншама құрмет деп те ойла!

**Шолтаман:** Сені "Маңғыстау ойың терең, тауың биік" деп тебіреніп жүрген де осы үйіктер емес пе, Тастемір?

**Сәттіғұл:** Бұл әнді естіген адамдар Маңғыстауда шыныменен аса биік таулар бар екен деп ойлап қалатын болар.

**Шолтаман:** Сонша топырақты қайдан алған десеңші?

**Мәтжан би:** Адам көмуге топырақ табылатын болып тұр ғой, шырақтарым.

**Тастемір:** Маңғыстаудағы қолдан үйілген тау төбелердің ерекше бір қасиеті, бұларға шыққанда жан-жағың аяғыңның астына келеді. Бұлар басқа жердің тауынан биік емес, бірақ қасиеттірек! Нағыз биіктік қасиет! Әлемді алақаныңа салады, аяғыңның астына әкеліп тастайды!

**Шолтаман:** Мәтеке! Әлемдегі ең биік тау басында тұрып, әлемдегі ең биік әнді тыңдап, бір рахаттансақ қайтеді! Сәті түсіп-ақ тұр екен!

**Сәттіғұл:** Жақсы болды ғой! Керек болып қала ма деп, мен домбырамды асына салып едім.

Сәттіғұл құрама домбырасын құрастыра бастайды.

**Мәтжан би:** Аттарды дұрыстап тұсап па едіңдер! Тастемірдің даусынан далада жаяу қалармыз.

Адамдар көңілденіп қалады. Тастемір домбыраның бұрауын түсіреді.

**Тастемір:** Ал, жаяу қалып жатсақ мені кінәламаңдар.  
Зор даусымен ән бастап кетеді.



Сұрасаң руымды Жаманадай,  
Қолымда көк қаршыға, томағалы-ай!  
Ерегес екі талай болған кезде  
Байрақты бізден бұрын кім алады-ай!

Маңғыстау ойың терең, тауың биік,  
Айналып кете алмадым көзім қиып.  
Маңғыстау сені тастап кеткеннен соң,  
Көзімнің жүре алмадым жасын тиып.

**Мәтжан:** Аллатағала Маңғыстауды жаратарда аса мейірімді болған болар! Жарықтық бұ жердің бір міні болсашы! Шаруа баққан қазаққа бұдан артық жер жоқ! Мына Тастемір соны жас басынан қалайша түсінген.

**Шолтаман:** Түсінген де, әніне түсірген!

**Мәтжан би:** Тастемір! Туған жеріңе мына таудан кем емес ескерткіш орнатып беріпсің! Осы әнменен Маңғыстау даңқы биіктей бермек! Рахмет!

**Мұрын жырау:** Тастемір – әрі ақын, әрі күйші, әрі әнші! Жаратқан Тастемірді жаратқанда да, Мәтекең айтқандай, бір мейірлі күні жаратқан болар!

**Мәтжан би:** Шолтаман, шақырылған адамдар түгел жинала алмай жатыр ма, қалай?

**Шолтаман:** Әзірге осы, Мәтеке. Мүмкін, бүгін-ертең жетісіп қалар.

**Тастемір:** Біз екі-үш күннен соң осы тобымызбен жолға шығамыз.

**Мәтжан би:** Бұл асты сіздер тек қана Бәймембет байдың әкесіне берген асы деп ойлап қалмаңдар!

Бұл ас – адайлардың барлық өнерлі аталарына да берген асы болмақ! Ауызша айтпағанмен билер көкірегінде сондай ой жатыр шырақтарым!

**Тастемір:** Мәтеке-ай! Тұла бойым дір ете қалды ғой!

**Мұрын жырау:** Бұл ойыңызды айтқаныңыз жақсы болды. Бұл асқа ендігі жерде біз де сіздің түсінігіңізбен қарайтын болдық.

**Мәтжан би:** Өнер иелері сіздерді осы төбе басына мен осы сөзді айту үшін алып шығып тұрмын!

Өнер қонған мына сіздерге осы ойды түсіне жүрсін дедім.

**Тастемір:** Мәтеке! Біздің өнер деп жүргеніміз жай ғана дабыра ғой. Нағыз Құдай берген өнер иесі, мына, Мұрын жырау! Бұның бір қонып өткен ауылы туралы ертесіне алты алаш түгел хабарлы болады. Жұртқа жеткізбек деген ойыңыз өзіңізден озып кетеді.

**Мәтжан би:** Тастемір сен де, Мұрын шырағым сен де, бәрің де бір нәрсені естеріңе ұстандар. Ас өткізу – елге сын!

**Мұрын жырау:** Адайлар талай ас берген ел, талай асты көрген ел. Біраз шаруаны өздері біліп істей бермей ме?

**Мәтжан би:** Асты беру оңай, өткізу жай ғана шаруа, ал аяқтау қиын. Астың жақсы басталып, бірақ ең соңында тас-талқан болып бұзғанына бірнеше рет куә болғанбыз. Бұл асты басқаша ұйымдастырып, басқаша өткізу қажет.

**Мұрын жырау:** Естіп жатырмыз.

**Тастемір:** Жастар ән мен жырын айтар-ау! Бірақ ертең тентек шалдар "тентекке жел бер" деп, ас соңында өз өнерлеріне кірісіп кетпесе?

**Мәтжан би:** Өткеннің дұрысы – өнеге, бұрысы – сабақ! Біз солай түсініп, содан қортынды шығармақпыз.

**Мұрын жырау:** Солай деңіз?

**Мәтжан би:** Сазгер-әншілер өнері бұл аста ең басты қызығымыз болмақ!

**Тастемір:** Билер келесі аста күй өнерін оздыратын ойы бар екен деп күйшілер қуануда.

**Шолтаман:** Өскінбай Айша деген ғажап биші таптым деп жар салып жүр.

**Мәтжан би:** Асқа әкеле ала ма?

**Шолтаман:** Айша бишінің атасы келісімін беріпті.

**Мәтжан би:** Барлық өнерлілер осы асқа келетін болсын. Әсіресе Қайып, Өскенбай, Досат, Әділ секілді әншілер қалып қоймасын. Ертерек қамданыңдар.

**Шолтаман:** Тұрсын да тамаша әнші.

**Мәтжан:** Мен аузыма түскенін атап жатырмын. Кім жақсы әнші, кім күйші, кім биші, өздерің білесіңдер. Шақырыңдар бәрің. Ел аузына ілінгендерден ешкім қалмасын.

**Сәттіғұл:** Кім айтты дейміз?

**Мәтжан би:** Билер айтты деңдер. Мәтжан айтты деңдер.

**Мәтжан би:** Өзіміздің жігіттерді жақсылап дайындаңдар. Беттері ашыла берсін. Аста өнер көрсету деген үлкен абырой. Атақ-даңқыңа жол ашады.

Мына Сәттіғұлды жас болса да жарысқа қосып алыңдар. Ысылсын.

**Шолтаман.** Сәттіғұл жас болса да, тәуір-тәуір сөздері бар ақын. Айтыста да жақсы танылып жүр...

**Мәтжан би:** Ал тыңдап көрелік онда. Мынау төбе басынан айтылған Сәттіғұл сөзі Бозашыға түгел тарасын!

**Шолтаман:** Өз термеңді айтып берсеші...

Сәттіғұл мойнындағы құрама домбырасын қайта құрастырады.

**Сәттіғұл:**

Әлеумет келдің құрала,  
Сұлулар келдің бұрала,  
Айт дегенде іркіліп  
Қалғаным жоқ сірә да...  
Халқыма даңқым білінді,  
Сонда да мүйіз шыға ма!?

...Мен ежелгі жүйрікпін,  
Алдына қара салмаған,  
Құрсанған қара бұлтпын,  
Шықтаған жерім жаураған.  
Қайнарлы-көзді бұлақпын,  
Ортаймаған қауғадан...  
Жас кезде жырлап қалайын –  
Бұндай қызық аз болар  
Қарілік келсе қаураған...

...Дүние деген керуен...  
Неше бір байлар өтіпті  
Қоралап малын айдаған,  
Не батырлар өтіпті  
Шарыққа болат қайраған,  
Не жақсылар өтіпті  
Қара басын бір өзі  
Мың кісіге тайлаған,  
Неше сұлу өтіпті  
Ажары аппақ айнадан,  
Қаріп пен қасір өтіпті  
Рахат көрмей дүниеде  
Қаса бір соры қайнаған,  
Не тәкаппар-шалпы өткен  
Тілі өткір найзадан,  
Тең құрбылар өтіпті  
Өзіл айтып жарасып  
Қиылып қасы жайнаған...  
...Әркімге нұсқа сөз айттым  
Шығарып жауап майдадан.  
Несі жігіт жігіттің  
Түскен күні алқаға  
Өнерін топқа жаймаған.

Мен мысалы жүйрікпін  
Ауыздығын шайнаған.  
Алқаға түстім жорғалап,  
Өлең айттым сорғалап,  
Домбыра тарттым бұлғалап,  
Өтер деп дәурен жылдам-ақ,  
Түскен күн басым құрмаға  
Отыра алман қорғалап,  
Қатар жүрген жақсының  
Ақ дидарын көргенде  
Ашылар көңілің бір қарап.  
Жөн білмейтін жаманға  
Айтайын десең бір сөзді  
Бата алмайсың қорғалап...

**Тастемір:** Бұ терме сөзі қай жастағы кісі шығарды десе де тұрарлық емес пе! Адайдың бес жүйрігінің бірінікі еді десе де иландырарлық!

**Мәтжан би:** Сәттіғұлдың болашағы бар бала. Тек қана Алла тағала бармақтай бақ бергей!

**Шолтаман:** Әмин! (бетін сыйпайды)

Тастемір мен Сәттіғұл да "әмин" деп беттерін сыйпайды.

Шымылдық

**Алтыншы көрініс. Айша биші ауылы. Өскенбай.**

Той болып жатқан ауыл. Айша биші би билеп жатады. Тойға Өскенбайлар тобы келеді.

**Өскенбайлар:** Тойларың құтты болсын!  
Тойға той ұлассын!

**1- дауыс:** Айтсын! Мың бұралған айналайыным-ай!

**2-дауыс:** Не деген биге жаратылған дене десеңізші!

**1-дауыс:** Біздің Айша келіндей биші енді қайтып туа қоймас!!

Би аяқталады. Өскенбай Айша жанына жақын барады.

**Өскенбай:** Есенсіз бе, қарындасым! Тамаша билейді екенсіз!

**Айша:** Саламатсыз ба? Танымадық.

**Өскенбай:** Мен қонақ едім.

**Айша:** Қонақ болсаңыз хош келіпсіз!

**Өскебай:** Қонақпын. Бірақ келмей жатып бұйым сұрайтын қонақпын. Қонақтан бұйым сұрау әдеті сіздің ауылда да бар болар?

**Айша:** Бар ғой. Бірақ сіз кімге қонақсыз? Бұйымды қонақ болған үйіңіздің иесі сұрайтын болар.

**Өскенбай:** Менің бұйымым сізде болып тұр.

Айша ойнақыланып:

**Айша:** Күйеуі бар жас әйелден, атасы бақырайып қарап тұрғанда да бұйым сұрайтын қандай адам?

Қыз-келіншектер шулап, күлісіп жатады.

Өскенбай да ойнақы дауыспен:

**Өскенбай:** Менің бұйымым сіз ойлап тұрғандай нәрсе емес! Менікі басқаша бұйым! Сіздің өзіңізге емес өнеріңізге қатысты бұйым болып тұр!

Қыз-келіншектер көңілденіп қалады.

**Айша:** Бұйымыңыз Айша деген келіншекте болса онда оңашасын тауып сұраңыз! Ал егер Айша деген бишіде болса, онда бишінің атасы бар. Ауылдың қожасы бар. Алдымен со кісіге сәлем беріңіз.

**Өскенбай:** Биің қадай ғажап болса, сөзің де кем түспейді екен, қарындасымсың ба, келінімсің бе? Мен Өскенбай деген жаңаймын..

**Айша:** Кәдімгі атақты Өскенбай! Домбыраны аяғының саусақтарымен тартатын Өскенбай ма?

**Өскенбай:** Солай десе де болады. Ал атадан ұлқсат аламыз. Барармыз. Сұрармыз. Бірақ алдымен бишінің өзіңнің келісімі керек болып тұр. Келесі жылы Ақ Кетікте ас өткізіледі. Көпшілік алдында билегің келеме?

**Айша:** Келеді, ағажан! Жеке де билеймін. Ғайша деген сіңлім бар. О да биші. Кейбір билерді екеуміз қосылып билейміз. Қажет десеңіз бірнеше қыз болып та билейміз. Жыл бойы үйретемін.

**Өскенбай:** Тамаша! Бұл істің сәті түсетін болды.

**Айша:** Тек қана...

**Өскенбай:** Ол не?

**Айша:** Атамнан ұлқсат алып беріп кетіңіз. Әйтпесе атам... Өзіңіз түсінесіз ғой... Жас келін... бір жаққа барып би билеп... Өттең!.. Жыламсырайды...

**Өскенбай:** Қапа болма! Сіздердің аталарыңмен біз ниеттес, тату кісілерміз. Ұлқсат алу менің мойнымда... Қам жеме... Қыздарға үйрете бер... Бұл тамаша көрініс болады... Күйеуің қарсы болмай ма?

**Айша:** Әдейі сұрап тұрсыз ба? Кекетіп тұрсыз ғой, ә?..

**Өскенбай:** Түсінікті. Сенің өлеңіңді естіп едім... Қалай еді...

Жаманды жер қаптырып кетер едім,

Сен болдың аяғыма темір кісен... Солай ма?..

**Айша:** Оны қойыңызшы. Өсеке! Мені ел алдына шығарыңызшы! Билегім келеді.

**Өскенбай:** Дайындал. Міндетті түрде атаңнан ұлқсат алып беремін.

**Айша:** Біздің ел биге неге құмар емес екен?

**Өскенбай:** Неге құмар болмасын! Құмар! Тек қана бидің жоқтаушысы жоқ. Енді сен оны алдағы аста елге тарататын боласың. Жоқтаушысы да, қамқоршысы да өзің боласың!..

**Айша:** Билегім келеді де тұрады. Оны кімге айтарсың?

**Өскенбай:** Оны өзің еліңе айтатын боласың! Биің айтатын болады! Дайындал! Мен атаңа сәлем берейін.

Өскенбай оқшау тұрған топ адамдарға барып, Айшаның атасына барып сәлем береді.

**Өскенбай:** Ассалаумағалайкум, ақсақал!

**Айшаның атасы:** Уағалайкумассалам! Хош келіпсіз, Өскенбай мырза!

**Өскенбай:** Біз шақырусыз қонақпыз, ағасы!

**Айшаның атасы:** Жақсы ниетті адамның кез келген жерге шақырусыз баруға қақысы бар.

**Өскенбай:** Рахмет! Онда біз де өзімізді бұл тойдың шақырулы қонағымыз деп есептейміз!

**Айшаның атасы:** Жол болсын!

**Өскенбай:** Айтсын! Бәйімбет бай келесі жылы әкесіне ас беретін болып, асқа сауын айтып жүрміз.

**Айшаның атасы:** Қай жерде өткізеді?

**Өскенбай:** Ақ Кетікте.

**Айшаның атасы:** Қай шамада өткізбек?

**Өскенбай:** Теңізден мұз кетіп, сауда кемелерінің Ақ Кетікке келе бастаған кезінде деп жатыр.

**Айшаның атасы:** Дұрыс екен. Жұрт әрі асқа барады. Әрі саудагерлерден керек-жарағын қамдайды.

**Өскенбай:** Билер асты өнерлілер жарысына айналдырамыз деп шешіп қабылдапты.

**Айшаның атасы:** Дұрыс екен.

**Өскенбай:** Дұрыс десеңіз сізден сұрар бір бұйымым бар.

**Айшаның атасы:** Сұра.

**Өскенбай:** Келініңіз ғажап биші. Асқа ауыл етіп үй тігіп, Айшаны билетсеңдер екен.

**Айшаның атасы:** Билетеміз! Неге билемеске! Өзі де жабырқап жүр еді. Көңілі бір көтеріліп қалсын. Барамыз. Билетеміз!

Айша қуанышын жасыра алмай қасындағы қыз-келіншектерді дөңгелетіп билеп кетеді.

**Айша:** Атам мені биге апарады. Мен аста билейтін боламын!

Айша қуаныш биін билеп кетеді.

Шымылдық

## Екінші бөлім. Ас. 1895 жыл.

Ас көрінісі. Шалқыған көк теңіз жағасы. Көше-көше етіп, жарты шеңбер бойына дөңгелете қондырылған жүздеген ауыл. Мыңдаған киіз үй.

**Бірінші көрініс.**

**Аралбай. Мұрын жырау. Қоштай. Тұрсын өнері. Үш би.**

Қоштай үйі. Қоштайдың құрдасы Мұрын жырау (35 жаста). Аралбай. Тұрсын. Адамдар. Тойға сәнденген қыз-келіншектер. Қаумалаған әлеумет. Ортада Мұрын жырау. Өзі сөйлеп, өзі жырлап отырады.

**Мұрын жырау:** Бәйімбет байдың тілегі ме, әлде елдің тілегі ме, ауа тып-тыныш!

**Аралбай:** Талай асқа қатысып едік. Мына ас көңілге қатты қонып тұр.

**Мұрын жырау:** Әр ауылда бір жыршы! Ауыл сайын ойын-сауық!

Күресіп те жатыр. Ерлерді қойып, қатындарды күрестіретін болыпты!

**Қоштай бай:** Мен әйелдер жарысын көріп күлкіден өліп қала жаздадым. Мына Мұрын құрдастың қатыны ма деп қалдым, бір қатын зыпытып озып-ақ келе жатыр еді, ышқырына түрген балағы түсіп кетіп, өз балағына оралып құлады да қалды. Ызаланып жылағанын көрсең...

**Мұрын жырау:** Қоштай құрдастың берген матасынан көйлек шықпады, дамбал тігіп алайын деп отырған. Молдау дамбал шыққан болды ғой.

Аламдар күлісіп алады.

**Аралбай:** Ақын, күйші дегендердің бәрі айтыскер болып кеткен секілді. Айтысып жатыр! Күй айтыс дейсің бе! Жыр айтыс дейсің бе!

**Мұрын жырау:** Құдай қарасты ғой! Ауа тап-таза. Теңіз тып-тыныш! Бәйімбеттің әкесіне емес өнерге берілген ас болды.

**Қоштай бай:** Әй Мұрын! Сіздердің тұқымдарыңның мұрны мен тілі елге аты шыққан тұқым. Түкірші, тілің өтер. Жел шақырмай жайыңа отыршы!



**Мұрын жырау:** Сен, Қоштай бай, неден қорқып отырсың? Шаңдаққа үй тікпеймін деп, Тұщықұдықтан қырық нар құм алдырып, жер тегістеткен жоқсың ба?

**Қоштай бай:** Мен неден қорқайын! Байқап сөйлеймін. Аңдап басамын. Сақтанып жүремін. Қорықсаң сен қорық, әкең қойған атыңнан айрылып қалып "Мұрын" аталып жүргенің мынау!

**Мұрын жырау:** Жалпы қорқу да теріс қасиет емес.

**Қоштай бай:** Дұрыс айттың Бірақ мен осы жолы өзім үшін емес, мына көпшілік үшін қам жеп отырмын.

**Мұрын жырау:** Көпшілік үшін де қорықпа! Дауыл тұрса осында келіп тығылады. Оларды асырауға сенің байлығың да, мәрттігің де жетеді.

**Қоштай:** Бұ жұртқа қалай жағарсың? Келіндерімнің жұртқа берген асы таза болсын, қыздарымның тойға киген бестақа етігі шаң болмасын деп аз ғана еңбек етіп едім. Енді мынау: жұрттың бәрі шаң-шаң болып жүргенде сен неге тазасың деп жазғырады.

**Аралбай:** Мұрын! Қоштайдың бұл ісі үлгі істердің бірі. Сен құрдасыңды қажап уақытыңды босқа өткізгенше, сол алтын уақытыңды "Қырымның қырық батырына" шығындасаң етті.

**Мұрын жырау:** О да болсын. "Қырымның қырық батырын" бастамас бұрын мен де әуелі Абыл ақын сөзін қайталап алайын...

Абыл ақын адайлар туралы сөз бастағанда, ноғайлық жырларын бастардан бұрын ылғи қайталып айтып отыратын бір сөзі болыпты...

**Аралбай:** Сен де қайтала.

**Мұрын жырау:** Абыл ақын адайлар соңғы 500 жылдан астам мезгілде жиі қоныс өзгертіпті дейді екен. Ылғи соғыс өртінің ішінде жүрді. Әуелі Маңғыстауынан жылжып Қап тауынан асты. Жошы мен Батуға еріп Дон мен Днепрге дейін жетті. Алтын Орда заманы өткен соң Қап тауынан Алатауға дейін көшіп, Алатаудан Қаратауға қоныс аударды. Жоңғарлар жеңілген соң Қаратаудан Маңғыстауға бет бұрды. Кіл соғыс, кіл жорық заман кезінде ер азаматтары ертелей өмірден өтіп, тарихы да дұрыс сақталмады дейді екен...

**Аралбай:** Жастардың есінде қалсын дейтін болар.

**Мұрын жырау:** Құдайға шүкір, өздерінің ата қонысы, қасиетті Маңғыстауына қайта оралғаннан кейінгі жерде адам аттары да жатталып, өнері де сақталып келеді. Сонау Сыпырадан басталған ұлы дарияны Абыл ақын біздерге жеткізіп кетті. Қазір Абылдан басқаларының көздері тірі "Адайдың бес жүйрігі" аталатын ақын, жырауларымыз бар.

**Қоштай:** Бесеу емес, ауыл сайын бір жыршы бар емес пе?

**Мұрын жырау:** Кейбіреулер бізді, жырауларды, қателесіп ақын дейді. Ақын өлең шығарады. Жыршы мен жырау ақынның

шығарғанын айтады. Әрине өзіне ұнап жатса. Оны ақындарымыздың атасы Абыл ақынның Нұрымға айтқан сөзінен түсіне аламыз.

**Абыл Нұрымға:** "Өлең жылқы секілді еді де, жыршы сыншы секілді еді. Өлең сөз қадірін жыршы сезінер. Сен ақын едің, және бізден кейінгі буында жүйрік жыршы атанарсың" – депті.

**Қоштай бай:** Құрықтан бұлтарған қашағандай бұлтарып ноғайлық жырлардан қашқақтап отырсың-ау шамасы?

**Аралбай:** Мен де байқап отырмынн Мұрын жырау ноғайлық жырларына аяқ басқысы келмей отыр. Мүмкін Абыл ақынның өзінен айтарсың.

**Мұрын жырау:** Жарайды. Мен Абыл ақынның бір термесін айтып берейін...

Асқар, асқар, асқар тау,  
Асқар таудың басына,  
Балапан ұшып шыға алмас.  
Сұңқардан қыран құс болмас,  
Соқтасы қатпай аң алмас.  
Айдын, айдын, айдын көл,  
Асарлап төксең суалмас.  
Қабырғасы қатқан кәрі боз  
Қаржалған күні жүре алмас.  
Алғыншы алсаң аруды ал,  
Артыңда жылап қалса кім алмас.  
Желбезекке жебе дарыса,  
Өрге балық жүзе алмас.  
Жеткіншектен айрылған  
Жер таянбай тұра алмас.  
Жез қанаты қайрылса  
Лашын тырна іле алмас.  
Ер жолынан адасса  
Сән-салтанат құра алмас.  
Тең құрбының ішінде  
Қасқия күліп жүре алмас.

**Аралбай:** Абылекем айтқыш қой. Абылдан алты алаш түгел үйренді. Әсіресе Нұрым қасына көп ерді.

**Қоштай бай:** Мұрын! Сенің жырау атың бар емес пе? Қайта-қайта сұраттыра бермей, ең болмаса адайдың бес жүйрігінен бір-бір ауыздан жырлап берші.

**Мұрын жырау:** Аралбай аға осы бұйымды орындау сізге жеңілдірек емес пе?

**Аралбай:** Болсын. Сен Абылекемді еске алып өттің ғой.  
Мен Нұрымнан бастайын...

Мен қашаңғы жүйрігің,  
Топ ішінде толғаған.  
Шыныменен шырқасам  
Бабам Қадір қолдаған.  
Осылайша сөйлесем,  
Сөз қалама ұртымнан.  
Көре алмаған біреулер  
Сөз айтады сыртымнан.  
Хас жүйріктің белгісі  
Дуды көрсе жұлқынған.  
Айтулы жүйрік мен едім  
Салдырмай қамшы ұмтылған.

Ұсынсам қолым жетер ме  
Қырдан асқан түлкідей  
Қырмызы қызыл заманға.  
Айтсам сөзім өтер ме  
Ақылсыз туған жаманға.  
Қайыра қамшы сілтеме  
Сүйекке біткен шабанға.  
Екі жақсы дос болса  
Бірін бірі қия алмас.  
Екі жаман дос болса  
Бір мекенге сия алмас.  
Хас жаманға мал бітсе  
Ебімменен жидым дер.  
Қатарымнан оздым дер,  
Бұл күнде өзім болдым дер.

**Қоштай бай:** Бұлардың сөзінде бір мін болмайды ғой! Бал татыған сары қымыз дерсің!

Тыңдағың келе береді...

Тыңдағың келе береді...

**Мұрын жырау:** Тыңдап отырып бал татыған сары қымызды жұтқың келе береді, жұтқың келе береді...

**Қоштай бай:** Ау бұл үйдің қымызы қайда?

Бір жігіт үйден тысқа шығып кетеді.

**Аралбай:** Нұрыммен қатар аты шыққан Ақтан жырау болды. Бірақ Ақтан абырой атаққа таласпай, ылғи Абыл түгіл Нұрымды өзінен оздыра сөйлеп отыратын еді.

**Мұрын жырау:** Ондай мінез мына Арал-екеңнің өз басында да бар қасиет.

**Аралбай:** Ақтан термесінің бір-екі қайырымы...

Қаумалап халқым келгенсін,  
Селдетпей топан жел сөзді  
Көрінбейін бекер жек.  
Мүбәрак ақын дегесін,  
Сөйледік әуез бес өңдеп.  
Әуеліден-ақ тіледік  
Білгенді жұртқа десем деп.  
Айтады Хақтың каламы  
Жұмақты сегіз, Дозақты  
Есітеміз жетеу деп.  
Сол дозақта қалмалық  
Аса алмай жолда мешеулеп.  
Таңдайына татымас,  
Абыл менен Нұрымнан,  
Дәніккен жұртым секер жеп.

**Қоштай бай:** Пай! Пай!

**Аралбай:** Ал Қашаған ақын болса бұлардың үшеуін де өзіне ұстаз тұтқан. Әйтпесе алты алашты аузына қаратқан Қашаған:

Көзім көрген адамда:  
Абыл, Нұрым, Ақтаным,  
Осылар еді тақтағым  
Осылай деп маған үйреткен

Тарихтың ескі ақпарын – деп тегінен тегін айта қоймас еді.

Бұлар шетінен ерекше жандар ғой! Інім деп үйреткен, ағам деп ардақтаған!..

Бірін-бірі шәкірт тұтқан!  
Бірін-бірі ұстаз тұтқан!  
Бірін-бірі қастерлеп өткен!

**Мұрын жырау:** Аралбай ағамыз Адайдың бес жүйрігінің бірі...

Енді мен Аралбай ағаның бір ауыз сөзін еске түсіріп кетейін... Арал-екең болса жүйріктердің қалған төртеуін де қатты құрмет тұтқан секілді...

Жырлап емес, тақпақтап айтады.

Қолыма қалам алып хат жазғанмын,  
Ақындық – құрбы көңілін ақтарғанмын.

Заманның сатқын, жауыз түрін көріп,  
Абайлап ақылменен басқарғанмын.

Жігітке ақыл, өнер қабат келсе,  
Аярма қолдан келсе тапқандарын?!  
Мен өзім "бес жүйріктің" бірі болып,  
Алқаға түскен жерде мақталғанмын.

Алдымда Абыл менен Нұрым болды,  
Қашаған, Ақтан – менен бұрын болды.  
Олардай аса шешен болмасам да,  
Дүлдүлдей дүсірлетіп дуды көрсем,  
Ас, тойда ақын атын ақтағанмын!..

**Мұрын жырау:** "Адайдың бес жүйрігі" деген атақты алғаш рет кім ойлап шығарғанын ешкім айтып бере алмады. Бірақ халық осы бесеуіне "бес жүйрік" деген ат тағып алыпты. Өткен бір аста халықтың өзі таққан атын әлеумет алдында билер де жария еткен еді.

**Аралбай:** Бұл атты ойлап тапқан Қашаған ақын еді дейді. Бірақ ол өз атын жүйрік санатына қоспай "Адайдың төрт жүйрігі" деген секілді. Бірақ жүйріктер аты халық құлағына төртеу болып жеткен менен аузынан шыққан кезде бесеуге айналыпты. Бес жүйрік атапты. Қашағанды қосыпты. Әйтпесе нағыз дүлдүл Қашағанның өзі емес пе!..

**Мұрын жырау:** Сол сөз шындыққа жақындау секілді.

**Қоштай бай:** Рас болар. Ал енді мына Тұрсын ертең халық алдында өз өнерін ортаға салады. Билер отыздан озық келді деп осы аста өнер көрсеткендерден жеті әншіні таңдап алатын болыпты.

Біз бүгін оның жарыс алдында аздап терін алсақ қайтеді?

**Мұрын жырау:** Жарыс алдында жүйріктің ащы терін алып қойған дұрыс.

**Аралбай:** Тұрсын жұрт сені тек әнші емес, домбырашы да деп мақтап жүр. Тұрсынның ілме қағысы дей ме?.. Тұрсын қағыс дей ме?..

Көрсетші өнеріңді, сол қағыстарыңды...

Тұрсын домбырасын қолына алып біраз ойнатып отырады.

**Тұрсын:** Халықтың мақтайын десе тым аспандатап жіберетіні де бар ғой... Мен ертең жұрт алдына "Оймауыт" атты әніммен шыққым келіп отыр. Соны айтып берейін.

Оймауыт, Сары Мауыт, Мауыт, Мауыт,  
Сарымды сағынамын ауыт-ауыт.  
Есіме беу қарағым сен түскенде,  
Құладым ақбозаттан есім ауып.

Келемін Оймауыттан ойған болып,  
Беремін қызға сарқыт тойған болып.  
Сен бол да қызыл түлкі қызар да жат,  
Тояйын қызығыңа сойған болып.

Қымыз бен зерендер келеді.  
Қызметші қыз-келіншектер қымыз беруге дайындық жасай бастайды.

Шымылдық.

Сырттан ас хабаршыларының дауыстары естіледі.

#### **Дауыстар:**

Ертең сәскеде шаңдақ жерге құм төктірген Қоштай бай аулында күрес басталады.

Бала күрестің жүлдегері, бала палуан атанып, аулына тай мініп қайтады.

Палуандар күресінің жеңімпазы аулына ат мініп қайтады.

Түие палуан атанған боталы інген жетектеп қайтады.

#### **Қысқа көрініс**

Үш би нөкерлерімен асқа тігілген ауылдарды аралап жүреді.

**Иса би:** Ал мырзалар! Көрнекті деп таңдаған үйлерді қарап шықтық. Қай үйді ең озық үй деп танитын болдық?

**Мәтжан би:** Иса-еке! Мыңнан астам үй тігіліпті. Содан біздің кісілеріміз озық деген отыз үйді ерекшелеп шығарды. Отыздан озық деп біздер жеті үйді көріп бөлектедік. Жетеуін де Сіз өз көзіңізбен көріп шықтыңыз. Бәрі де шеберлеріміздің қазақ киіз үйіне деген сүйіспеншілігін айғақтап тұрған үйлер. Жүрегі сезімге, қолы өнерге суарылып жаратылған іс екенін көрдік. Қайсысы озық екенін айтуды Ермембет би екеуміз сізге жүктегелі отырмыз. Байрағының жобасын да тағайындай кетсеңіз жақсы болар еді.

**Ермембет би:** Иса-еке! Бұл жарыста ескеретін бір нәрсе бар секілді. Мына атақты үйлердің көбі байлардың үйі. Байлық пен барлықтың арқасында, басқа өнер иелерінің өнерін пайдалану арқасында дәрежелі болып тұр. Солар ішінде бір ғана орта

шаруаның үйі бар. Өздері өнерлі кісілер екен. Ері зергер, әйелі қолы ұсынақты шебер.

**Иса би:** Ендеше біздер сол үйді озық деп жариялалық!

**Ермембет би:** Бәрекелде!

**Иса би:** Онда хабаршылар баршаға жар салсын...

Мың ішінде маңдайлы шықты деп отыз үй таңдалып алынды десін. Аттары аталсын.

Отыздан жетеуін озық деп жарияладық. Жетеуінің де керегелеріне Хорасан кілемі ілінсін.

**Мәтжан би:** Дұрыс-ақ!

**Иса би:** Мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік, жетеуден дүлдүл шыққан әлгі орта шаруаның белбеуіне боталы аруана байлансын!

**Ермембет би:** Олардан сүйінші сұрау керек болды ғой!

**Мәтжан би:** Сүйінші сұраймын дегенше боталы маясын жетектеп кетемін десеші!

**Иса би:** Ендеше, осы аста байраққа бұйырған заттарды басқаға жоралғы деп беру болмасын деп жариялансын! Билер күлісіп алады.

**Иса би:** Аты кім еді, әлгі орта шаруаның?

**Ермембет би:** Қаражүсіп шебер деген кісі.

**Иса би:** Қаражүсіп шебердің керегесіне Хиуа қанжары ілінсін.

Қаражүсіптің, үй отағасысының иығына Бұхар шапаны жабылсын.

Әйелінің, үй отанасының қолына Қайып зергердің қолынан шыққан құдағай жүзік салынсын.

**Мәтжан би:** Әмин! Алла мұраттарына ұстатқай!

Билер жүріп кетеді.

Шымылдық

## Екінші көрініс.

### Шолтаман үйі. Әділ өнері. Досат өнері.

Шолтаман үйі. Сыр бойын, Арқа, Мұғаджар, Нарын, Жайық өлкелерін аралап келген өнерпаз жастар көңіл көтеріп отырады.

Досат, Шолтаман құрдастар. Досат пен Әділ өнері. Қызыл орамалды қыздар мен ақ шарқатты келіншектер. Жамал қыздың әні.

**Шолтаман:** Бүгін Әділ мен Досат халыққа өз өнерін сынатады. Билер алдында өлең айтады. Оны қошаметтеу үшін бәріміз осы сәнімізбен, сал-серілер сәнімен баратын боламыз.

**Жамал:** Шолтаман аға! Әділ ағаға "Жайма қоңырын" айтқызалықшы!

**Келіншек:** Жоқ! "Жайма қоңырды" сен айт. Ән иесі өз әнін басқадан тыңдасын. Сен тәуір әншісің. Мүмкін бір пайдасы болар.

**Жамал:** Бізге әншілік қайда? Біздікі бала жұбатарлық жоба болар.

**Келіншек:** Тек, байқап сөйле! Байға шықпай жатып бала дәметпес болар!

Жастар күліседі. Қыз ұялып қалады.

**Келіншек:** Әбес сөйлегеніңнің айыбына Сен қыз мына Әділдің "Жайма қоңырын" айтып бер. Саған сондай айып салдық.

**Досат:** Айта ғой қарындасым.

**Шолтаман:** Әділ сен де домбыранды қолыңа ал. Қосылып отыр.

Жамал ән айтады. Әділ қостап отырады.

Жарасқан ақсұр атқа қара терлік,  
Жігітке пайда бермес төтен ерлік.  
Жабыққан жамандардың ісі дейді,  
Көңілді айтып өлең көтерелік.

Ақсұрым ішін тарта кісінейді,  
Әншінің шырқау дауыс күші дейді.  
Қалқатай сүзіле тек бір қараса,  
Он бес жас бола берсін кіші мейлі.

**Дауыстар:** Бәрекелде! Әнші екен!

**Әділ:** Бұ қыздар менің әнімнің сәнін бізден де асырып жіберіпті ғой! Сынаймыз деп отырып сыналып қалуға айналыппыз.



**Жамал:** Әділ аға, о не дегеніңіз! Әлде, он бес жас кіші болмады деп, бізді келеке қылып отырсыз ба?

**Әділ:** Жоқ қарындасым! Сен нағыз әншісің!

**Шолтаман:** Әнші! Нағыз әнші! Енді біз Әділдің өнер сапарынан не алып қайтқанын естіік! Біздердің бүгінгі басты қызығымыз сол болады.

**Әділ:** Шолтаман аға! Біз сіздің тапсырмаңызбен Сыр сүлейлерінің арасында болдық. Арқаның сал-серілерімен де араластық. Жайық бойын жағаладық. Өнерлерімен танысып қайттық.

**Досат:** Олар біздің әндерімізді айта ма екен?

**Әділ:** Айтқанда қандай! "Босмойынды" екінің бірі біледі. Тіпті біздің серілерге ән арнағандары да бар екен.

**Шолтаман:** Ол қандай ән?

**Әділ:** Мен ол әнді үйреніп келдім. Ол ән бүкіл Арқаны аралап өтіп, енді сыр сүлейлерінің де аузына іліне бастапты.

**Досат:** Мынауың жақсы хабар екен!

**Әділ:** Бұ хабардың тағы бір жақсылығы сол, ән сізге арналыпты, Досат мырза!

**Досат:** Ол кім болды екен, бізге ән арнаған?

**Әділ:** Ғалияның әні деп жырланады. Ғалия жеңгеміз өзінің әнін біздің Досат серіге арнапты.

**Досат:** Солай де... Ойланып қалады.

**Шолтаман:** Жылкелді! Мыналар не дейді? Маңқиып жүріп, бәрімізден озған екен, біздің құрдас! Біз де домбыраны тастап, қолымызға тостақан аламыз ба, енді!

**Әділ:** Сөздері қандай десеңізші!..

**Досат:** Әділ! Ойнама! Елге тарап кетер. Мына Шолтаман бір естісе ұйқтап жатып түсінде айтып жататын болады. Ағанды күлкі қылма.

**Жылкелді:** Осы Әділ ерлеп жүр. Сыртқа шықса қалай да бір ән алып қайтады.

**Шолтаман:** Жаңа ән болса, осынша уақыт қалай ішіңе сыйып отыр? Естіртпейсің бе? Естімейміз бе!

**Әділ:** Ыңғайсыз болып жүрмесе?

**Шолтаман:** Айта бер. Ауызға іліккен ән құлаққа жетпей қалушы ма еді. Ертең-ақ ән жақсы болса бүкіл қазақ даласына жайылып кетпеді. Ештеңе етпес. Ұялма.

Ақын елдің тілі...

Ақын жасы – елмен жасты...

Ақын бәріңмен құрдас!

**Әділ:** Дегенмен бұл әнді Досат ағамнан ұрқсат алып берсеңдер ғана айтамын. Әйтпесе...

**Шолтаман:** Мен не, Досат не! Бізді ешкім бөлмеген. Бердім ұлқсатымды. Кәне бастап жібер.

Әділ Досатқа қарайды. Ол жымыып, күледі. Қарсылығы аз секілді.

**Досат:** Шолтаман бізді ешкім бөлген жоқ деп отыр ғой. Ол рас еді. Ел бөлмесе менің бөлгенім қалай болады. Оның сұрағы менің сұрағым болады дағы.

**Әділ:** Ендеше айтып берейін. Бұл ән Көкжар маңындағы ел аузына Ғалияның әні деп тарап кеткен ән екен. Көкжарда шыққан ән қазір мына Жем бойына жетіпті, Үстірттен ойға құлай бастады. Міне енді іздей-іздей иесін де тапты.

**Жылкелді:** Ал бастап жібер. Сәттіғұл сен тез үйренгіш едің ғой! Қапы қалма!

Әділ домбыра күйін келтірп ап, айтатын әнінің сазын шерте бастайды. Басқа әншілер өз домбыраларымен Әділдің сазын қайталап, үйреніп алуға тырысады.

**Сәттіғұл:** Әділ аға! Мына жерін тағы бір қайталап жіберші!

**Жылкелді:** Ай, Сәттіғұлжан-ай! Артынан түзетіп алмайсың ба!

**Әділ:** О жерін былайша тартыңдар.

**Жылкелді:** Болды! Енді басынан бастап тағы бір ойнап өт...

Әділ бұлардың сұрақтарын орындағасын ән бастап кетеді.

Жауғашты Көпжасардың қатыны едім,

Көкжарда сауық құрып жатыр едім.

Адайда әнші Досат кездесіп қап

Әні мен қызығына батып едім...

Арайлап талай таңым атып едің,

Махаббат қызығына батып едім.

Көкжарда сауық құрып жатып едім...

Талай таң Досатпенен атып едің.

Махаббат – Досат мырза, сенің сыйың,

Байымнан таяқ дәмін татып едім?..

Арайлап талай таңым атып едің,

Махаббат қызығына батып едім.

**Шолтаман:** Сен әлгі "Босмойын деген әніңді осы келіншекке шығарып па едің?

**Досат:** Байына да хабар жеткен екен, Ғалия сорлының!

**Шолтаман:** Жеткен сайын ерегескен секілді. Атыңды айтып ән шығарыпты ғой, тіпті. Ал енді өзің оған шығарған әніңді айтып берші.

**Досат:** Қойыңдаршы!

**Шолтаман:** Қалай қойыңдаршы? Ғалияға жауап бер! Ая, оны!

Махаббат – Досат мырза, сенің сыйың,

Байымнан таяқ дәмін татып едім?..

Таяқ жеп жатыр, Жұбат!

**Досат:** Бұл айтқызбай қоймас!

Досат "Босмойын" әнін айтады. Досат домбырасыз, әдемі күмістелген зереңмен аузынан шыққан дыбысты өзгерте отырып ән салады.

Айта бар, барсаң сәлем босмойынға,  
Бос болса, келіп кетсін осы ойынға.  
Құс жастық, патшай көрпе белден мамық,  
Жатады қандай жігіт сол қойынға.

Көкжарда көп жатқанда ай жатармыз,  
Самаурын саздың суын қайнатармыз.  
Осыдан салқан түсе елге жетіп,  
Көздерін босмойынның жайнатармыз.

**Жамал:** Мына екі ән де өз иелеріне қандай мәңгілік махаббат сыйлаған десеңізші...

**Шолтаман:** Әдемі айттың-ау, Жамал!

**Келіншек:** Мәңгілік бақытқа кенелген жандар екен!

**Жамал:** Махаббат пен қоса өздерін-өздері мәңгілік ғұмыр иесі етіпті.

**Шолтаман:** Ән бұларды көңілдендіре ме десек, қалың ойға батырып барады ғой. Әділжан өз әніңе салып жіберші.

Әділ өзінің "Әділдің қара әні" аталатын әнін айтады.

Ой, дөңгей мына дөңгей, дөңгей, дөңгей,  
Дауысым ашылмайды шыға желмей.  
Кешегі бес болыстың базарында,  
Алқада алшаңдадым бәйгі кердей.

Түйемді ойтаң жерге шөгергенім,  
Соңына салқамдықтың көп ергенім.  
Жарты құрт жанқалтадан жарып жеген,  
Құрбыдан сүйтіп жүрген не көргенім.

**Келіншек:** Мен осындай өлең шығарып, сөз жазған ақындарға түсінбеймін. Мына Әділге "Құрбыдан сөйтіп жүрген не көргенмін" деп зарланады да, бір құрбысына наз айтпайды. Әлі күнге сұр бойдақ боп жүргені.

Ал енді мына қыздың даусын тыңдап көріңдерші, ол Жамалды Досаттың өзінен де жақсы айтады.

Досат елең ете қалады.

**Досат:** Қалқам, айтып берші! Мына келіншек тым қызықтырып жіберді ғой.

**Жамал:** Мен "Жамал" әнін отырып айта алмаймын. Тұрып айтсам бола ма? Досат аға, өзіңіз сүйемелдеп жіберерсіз.

Өттең! Осы ән арналған Жамал өзім болмағанына өкінемін...

Келіншек Досатқа домбыра ұсынады. Досат домбыраға ұмтылмайды. Домбыраны Әділ қолына алады.

Ерекше сезіммен Жамал "Жамал" әнін шырқап береді.

Алқызылдың басында ала ноқта,  
Айналайын, қарағым, еркем тоқта, Жамал-ай.  
Бірге отырған ауылым көшіп барад,  
Әнәугі айтқан уәдең бар ма, жоқ па, Жамал-ай.

Қайырмасы:      Жамал-ай! Жамал-ай!  
                         Не жаздым қалқам, саған-ай!

Ұстағаным қолыма бұйда пышақ,  
Жамал сені көрдім де жайдым құшақ, Жамал-ай.  
Ақ жүзіңе Ақжамал болдым риза,  
Айдын көлдің аққуы саған ұқсап, Жамал-ай.

Қайырмасы:      Жамал-ай! Жамал-ай!  
                         Не жаздым қалқам, саған-ай!

**Досат:** Шыныменен зор сезіммен айтады екен! Әл енді иесін тауыпты. Қарындасым, мен ендігі жерде сен отырған жерде бұл әнді айтпайтын боламын!

**Жамал:** Мен шыныменен әншәмін бе?

**Досат:** Әншілердің серкелерінің бірісің! Әнді сүйіп айтады екенсің!

**Жамал:** Сіз де солайсыз ба?

**Шолтаман:** Досат ән салғанда әнін өзінен қызғанып отырады. Тіаті қолына домбыра алмай, тостаған ұстайды. Даусын әсерлейді.

**Досат:** Мен әнді ат үстінде жортып келе жатып көп айтамын. Содан қалыптасқан әдет қой!

Сырттан сатырлаған дабыра дыбыстары естіледі. Бұлар селт етіп дыбысқа құлақ түреді.

Ас хабаршылар дауысы: Ертең түс мезгілінде Өскенбай аулының қасында Айша бишінің өнерін тамашаландар!

## **Үшінші көрініс.**

Ас көріністері. Құдайға шүкір!.. Сәнді келіншек... Күрес...  
Арыз... Шет елдіктер...

### **1 - қысқа көрініс. Құдайға шүкір!..**

Үш би нөкерлерімен асқа тігілген ауылдарды аралап жүреді.  
Үш биге қоңқақ мұрын бір шал сәлем береді.

**Шал:** Ас-салау-ма-ғалай-кум, билер!

**Билер:** Уа-ғалай-кум-ас-салам!

**Мәтжан би:** Шырағым, қай жақтың адамысың?

**Шал:** Мырзайыр, Оңдыдан келдім... Тоқабай аулынанбыз.

Қоңқақ мұрын шал өтіп кетеді.

**Мәтжан би:** Құдайға шүкір!..

**Ермембет би:** Неменеге шүкіршілік айтып келесің?

**Мәтжан би:** Өз еліміз екен ғой... Әйтпесе әлгінің түрін көріп  
Кавказ асып кеттік пе деп зәрем кеткені...

**Ермембет:** Шыныңды айтшы Мәтжан! Осындай сөздерді  
бұрыннан ойлап қоясың ба, жоқ әлде, сол бойда аузыңа түсе кете  
ме?

**Мәтжан би:** Әрине ойлап, дайындап қоямын, Ереке! Қазір  
алдымыздан бір көзі кем кісі кездсіп қалса не айтамын деп ойланып  
келе жатырмын.

Қасындағылар Ермембет бидің бір көзі соқыр екені еске түсіп жымыңдап,  
күлісіп қалады.

**Ермембет:** Тілің кесілсін сен жары!

**Иса би:** Мәтжан сөзге шебер ғой. Оның аузына сөз салып  
тұратын періштелері тым тез қимылдайды.

### **2 - қысқа көрініс. Сәнді келіншек...**

Ас. Тойға сәнденген қыз-келіншектер. Орталарында ерекше сәнді,  
зергерлік бұйымдармен безендірілген камзолы бар келіншек. Бұлардың  
қасынан бір қарт кісі өтіп бара жатады. Кенеттен тоқтай қалып қарт адам сәнді  
келіншекке сәлем береді.

**Кісі:** Ассалаумағалайкум!

**Сәнді келіншек:** Есенсіз бе, шырағым!

**Кісі:** Бар бол, балам!

Кісі өтіп кетеді.

**Екінші келіншек:** Атаңдай кісіге шырақ деуге қалай аузың барды?

Сәнді келіншек өтіп кеткен кісінің артынан сәлем етеді.

**Үшінші келіншек:** Мәс-саған! Біреудің ізіне сәлем етіп... Жаңа әдет шығарып, біздің басымызды бөлеге қалдырайын деген екенсің, сен қатын!

**Сәнді келіншек:** Ол кісі сәлемін маған берген жоқ! Мен де сәлемімді о кісінің өзіне арнаған жоқпын!

**Екінші келіншек:** Әлгі кісінің де оңып тұрғаны шамалы. Қызындай адамға әуелі сәлем береді де, артынан барып "бар бол, балам!" дейді. Алжи бастаған біреу болар.

**Сәнді келіншек:** Ол кісі сәлемді маған берген жоқ дедім ғой!

**Екінші келіншек:** Енді кімге берді?

**Сәнді келіншек:** Ол сәлемін менің өңірімдегі ескінің көзіне берген болар...

**Екінші келіншек:** Кімнің көзі?

**Үшінші келіншек:** Ескінің көзі болғанда кімнің көзі?

**Сәнді келіншек:** Мынау (өңіржиегін сыйпайды)... Қожа бабамыздың Ақжұлдыз енемізге жасатқан өңіржиегі екен. Бұл ғажап дүние! Біздің жеті апамыздың жеті енеміздің өңірін сәндеген, көркін келтірген бұйымдар. Оған әлгі кісі түгілі оның жеті атасы түгел сәлем берген болар...

**Екінші келіншек:** Қожа бабаң Қожаназар да, Ақжұлдыз енең атақты Ақшолпан ғой?

**Сәнді келіншек:** Со жарықтықтар!

**Үшінші келіншек:** Бұл Жаңай аулының қатындары шетінен дана!

**Екінші келіншек:** Шетінен дана болса, жаңай аулының келіндерге беретін тәрбиесі дұрыс болар!

**Үшінші келіншек:** Мына қатынды қыз күнінен білетін едік!

Ескінің көзі дейді... Жеті атасы түгел сәлем берді дейді... Қалай өзгеріп кеткен?..

**Сәнді келіншек:** Жағағы кісі атақты зергерлердің бірі болар... Асылы, ол адам мына дүниені танитын да шығар...

**Екінші келіншек:** Мүмкін...

**Сәнді келіншек:** Ал мен болсам адам ізіне емес, оның өнерге деген, ата-баба мұрасына деген құрметіне сәлем бердім...

**Екінші келіншек:** Сен бұ заттарды қызыңа қалдырасың ба?

**Сәнді келіншек:** Не қызыма, не ақылды қайынсіңліме сыйлауға тиістімін...

**Екінші келіншек:** Қашан сыйлайсың?

**Сәнді келіншек:** Оны бір Құдай біледі! Әзір ешкімге бермек ойым жоқ!

**Үшінші келіншек:** О қыз ұзатылмай ма? Басқа жаққа алып кетпей ме?

**Сәнді келіншек:** Жоқ, алып кете алмайды. Ол ұзатыларда жақсы көрген жеңгесіне сыйлап кетуге тиісті.

**Үшінші келіншек:** Бұ жаңайлар сараңдықпен атағы шыққан ауыл дейді ғой! Мынадай асыл затты қалай көзі қисын!

**Екінші келіншек:** Сонымен мына өңіржиекті саған бір ұзатылып бара жатқан қыз сыйлаған екен-ау! Жақсы жеңге бола білген болдың ғой! Ал сен бұны жасың жеткесін аулыңның бір қызына сыйлайсың, солай ма!?

**Сәнді келіншек:** Солай!

Ас хабаршылары өтеді.

#### **Дауыстар:**

Ертең сәске Бәймембет ауылында күрес басталады.

Бала күрес болады – бала палуан аулына тай мініп қайтады.

Палуандар күреседі – жеңімпаз аулына ат мініп қайтады.

Түие палуандар күресінің жеңімпазы Хорасан кілемін жапқан боталы інген жетектеп қайтады.

### **3 - қысқа көрініс. Күрес...**

Қаумалаған халық. Жігіттер күресіп жатады.

**Дауыс:** Іштен шал!

**Дауыс:** Жамбасқа сал!

**Дауыс:** Бәйгі аттары келіп қалды.

Палуандардың бірі бойын тіктеп "қай жақта" деп сұрайды. Соны пайдаланған екінші жігіт оны жамбасқа салып шалқасынан түсіреді де аттар келетін мәре жаққа жүгіріп кетеді. Қалған жұрт та соның соңынан ереді. Аңқау жігіт орнынан тұрып жатып:

**Аңқау палуан:** Қай жақта? Алдыңғы ат баран ба, құла ма?

Жан-жағына қарайды. Ешкім жоқ екенін көріп таңданады...



#### 4 - қысқа көрініс. Арыз...

Үш би асқа тігілген үйлерді аралап жүреді.  
Қастарында Шолтаман бастаған үш-төрт кісі. Екі кісі арыз айтады.

**Бірінші кісі:** Ассалаумағалайкум, адайдың атақтылары!

**Екінші кісі:** Ассалаумағалайкум, інілерім!

Билер сәлемдеседі. Екі кісі жарыса арызым бар дейді.

**Иса би:** Екеуі жарыса арызым бар деп тұр. Реті екеуінікі бір арыз болар. Әуелі қайсысын тыңдасақ екен?

**Ермембет би:** Мына кісі інілерім деді. Соған қарағанда ауыл адамы болар. Ана кісінің сөз саптауы алыстан екенін байқатты. Сол кісіден бастасақ дұрыс секілді.

**Иса би:** Дұрыс болар. Ал, сіз бастаңыз.

**Бірінші кісі:** Мен осы асқа келген адайлардың құдасы едім. Руым Ысық. Мына кісі менің құдам. Руы Жеменей. Құдам орынсыз менен бір үйір жылқы даулайды.

**Иса би:** Ал сіз сөйлеңіз.

**Екінші кісі:** Жиырма жылдан бері құдамыз. Талай малымды алып еді. Артық әңгімеге бармап едік. Осы жолы жаратып жүрген атымды мына ысықтың баласы ұрлап мініп кетіп, зорықтырып өлтірді. Бәйгі алып жүрген жүйрік еді. Ер құнын сұрамадым. Қыз қалыңын сұрап тұрмын.

**Иса би:** Сіз не айтасыз?

**Бірінші кісі:** Мен не айтайын. Мынаның баласы деп тұрғаны өзінің туған жиені. Нағашысының қандай екенін білмеген балам тентек пе, жиенқұрық салғызбаймын деп тұрған нағашысы тентек пе, арасын айыра алмай сіздерге арыз айтып тұрмын. Адайлардың өздерінің сөзі секілді еді, "іші боқ, сырты түк бір мал емес пе еді?". Соғымына бір семіз беруге даярмын. Оған көнетін құда жоқ.

**Екінші кісі:** Ол жиенқұрықтың малы емес болатын. Ол тұлпар еді. Ол халқымыздың абыройы еді. Менің сұрағанымды алып беріңдер.

**Иса би:** (билерге қарайды) Бұ дауға билікті кім айтса жарасар екен?

**Ермембет би:** Аузы жүйрік, ойы ұшқыр жасымыз Мәтжан бар ғой!

**Мәтжан би:** Рахмет Ереке! Бірақ даудың бір жағында сіздің ауылдың аты аталып тұр. Сіздің бір ауыз сөзіңіз осы дауды осы арада бітірер еді-ау деп шамалаймын.

**Иса би:** Бұ да дұрыс екен. Онда бұл даудың шешімін Ермембет би айтады.

**Ермембет би:** Жарайды, маған бұйырсаңдар мен айтайын, аузыма Алла не салар екен!?

Билер маңына жұрт жинала бастайды.  
Ермембет би Жеменей ағасына қарап сөйлеп кетеді.

**Ермембет би:** Әй, аға!

Қыздарыңды кім көрінгенге бересіңдер,  
Сосын дауға қалып, көресіні көресіңдер!  
Мынадай ас болып жатқанда  
Енді маған деп тұрғаның төресін бер!

Құдаң тұр өзіңе өкпелеп,  
Өнбейтін дау қуасың деп!  
Сен тұрсың қызыңа өкпелеп,  
Қалайша ұры бала туасың деп!

Бұндайда атаң қазақ: "Өнбейтін даудың соңынан өспейтін жігіт қуалар!" – деген еді. Бұл дау – орынсыз дау! Қазақ атыңа, нағашы атыңа ұят емес пе? Жиенің мінген аттың майын даулап! Арғымақ дейсің! Арғымақ болса алқынбас еді! Арғымақ болып алқынса, жаратқаныңның өтірік болғаны!

Билік мынау! Ат ұрлаған құда баласының жиендігін ескеріп, ұрланған ат орнына бір ат қоссын.

Ұрланған аттың мына жеменейдің өз сөзімен айтқанда адайдың абыройы екенін ескеріп:

малына ие бола алмағаны үшін;  
жиенінің жиендігін көтере алмағаны үшін;  
адай елінің абыройын асырып жүрген бір жүйрігін сақтай алмағаны үшін мал иесіне жеті жылқы мөлшерінде айып салынсын. Ол малдар осы өткізіліп жатқан ас шығынына қосылатын болсын!

**Бірінші кісі:** Бәрекелде! Міне әділдік!

**Дауыс:** Жаса Ермембет! Осылай шалқымасаң Есен Ермембет аталар ма едің!

**Дауыс:** Тоқал ешкі мүйіз сұрай барып құлағынан айрылыпты деген осы болады!

Екінші кісі үнсіз қалады.

**Иса би:** Билік дұрыс айтылды. Орындалуын да Ермембет би өзің ескере жүрерсің.

Ас хабаршылар дауысы: "Палуан тасты" көтеру сайысы басталғалы жатыр.

Асығыңыздар!

Қатысыңыздар!

Жеңген жігіт аулына ат мініп қайтады!

**Мәтжан би:** "Палуан тас" жарысын көрсек қайтеді?

**Иса би:** Жақын ба? Баралық.

Билер жүріп кетеді.

## "Палуан тас" жарысы

Алаң ортасында жатқан "Палуан тас". Дәмелі кісілер күштерін байқап көреді. Бірақ ешкім көтере алмайды. Орыстар мен тау халықтары да күшін сынап көреді.

**Дауыс:** Немене, адамдар ұсақталып бара ма? Өткен жылы екі адам көтеріп еді!

**Ұйымдастырушы:** "Палуан тасты" көтеруге дағыстандық қонағымыз Шәміл мырза талап жасамақ!

Шәміл ортаға шығып, әрі жұлқып, бері жұлқып, тізесінен асыра алмайды.

**Ұйымдастырушы:** "Палуан тас" жарысына қатысуға осы асқа арнайы шақырылған, өткен жылы жүлдегер атанған қонағымыз өзірбайжан Мұхаммет мырза ортаға шығады.

**Мұхаммед:** Өткен жылы мен терімді жарақаттап алғанмын. "Палуан тас" шүбірекпен оралсын!

**Ұйымдастырушы:** Мата әкеліңдер!

Мата әкелінеді.

**Ұйымдастырушы:** Мұхаммед! Сөзге қалмалық. Өзің орап ал!

Тасты Мұхаммед матаман орайды. Бұл да көтере алмайды.

**Ұйымдастырушы:** "Палуан тасты көтеруге Аштархандық қонағымыз Иван мырзы талап қылмақ!

Орыс Иванда көтере алмайды.

Бір қазақ шал жас жігітті жетектеп келеді. Тартыншақтағанына қарамай сүйреп келеді.

**Қазақ шал:** "Иа Бекет!" деп бір жұлқып көрші!

Жігіт ораған шүбіректі алып тастап, тасты салмақтап қарып, ыңғайлап ұстауға тырысып жатады.

**Ұйымдастырушы:** Бұ жігітті кім деп таныстырамыз!

**Қазақ шал:** Қаратау, Ондының Тоқабайы! Тоқабай Қосан десең жарап жатыр!

**Қосан:** Иа Бекет!...

Қосан "Палуан тасты" төсіне шығарып, тұрған жерінде бір айналып шығады.

**Қосан:** Иа Бекет!...

Қосан тасты тастап жіберіп, секіріп кейін атып кетеді.  
Жұрттың қошамет даусы естіліп жатады.

**Иса би:** Азаматым-ай! Абыройымызды әлемге тарататын болдың-ау!

**Ермембет би:** Әлгілердің көкірегіндегі астамшылықты бір сәтте өшіріп бердің-ау! Жаса шырағым!

**Ұйымдастырушы:** Жеңімпаздың атын әкеліңдер!

Жұрт "Бекет ата аруағы!" деп шуласып жатады.

Шымылдық

**Төртінші көрініс.**  
**Айша биі. Өскенбай.**

Билер ас болып жатырған ауылдарды аралап жүреді.

**Иса би:** Мәтжанның асты түгел аралап шығалық дегені дұрыс болды-ау деп ойлаймын! Көп нәрсені көріп, көзімізді жеткіздік.

**Шолтаман:** Мәтеке! Реті келсе Айша биін көрсет деп сұрап едіңіз! Сәті түсіп тұр.

**Мәтжан би:** Жақсы!

**Шолтаман:** Анау Айша биші атасының ауылы! (билер солай қарай жүреді).

Айшаның атасы мен Өскенбай сөйлесіп тұрады.

**Айшаның атасы:** Өскенбай інім! Саған берген уәдемді орындадым! Келінім Айшаны да, Айшаның сұрағы бойынша сіңлісі Ғайшаны да алып келдім бұл асқа.

**Өскенбай:** Рахмет, аға! Мен Айша өнеріне өте разы болдым. Өнеріне бір күй арнадым.

**Айшаның атасы:** Кәне тартып қарашы. Келініме татыр ма екен!

**Өскенбай:** Тартайын.

Өскенбай Айшаны шақырады.

**Өскенбай:** Айша! Мынау сенің өнеріңе арналған күй. Атаң тартып бер деп сұрап тұр. Сен де тыңда.

Өскенбай күй сазын тарта бастағанда Айша дене қозғалысымен күй ырғақтарын бейнелей бастайды. Содан кейін билеп кетеді.

Ғайша да аз уақыт тыңдап тұрып, Айшаға қосылып билей жөнеледі...

Осы сәтте билер келеді.

**Шолтаман:** Сәті түсіп дәл келіппіз ғой! Айша мен Ғайша билеп жатыр екен.

**Мәтжан би:** Мынау балалар буынсыз ғой!

**Ермембет би:** Бұ адам баласының қолынан келмейтіні болсашы!

**Иса би:** Халық айтса қалып айтпайды деген осы. Бұлар нағыз бишілер екен. Біз Хиуа халқының билерін, орыстар биін көріп жүрміз. Бірақ мына балалардай бишілерді көрмеппіз.

Күй мен би тоқтайды. Өскенбай билерге келіп сәлем береді.  
Билер амандасады.

**Өскенбай:** Мына кісі Айшаның атасы.

**Айшаның атасы:** Біздің асқа қосқан үлесіміз болсын деп, үш күн бойы ауыл тастамай балалар өнерін көрсеттік.

**Мәтжан би:** Мыналарың бір көргенділік болған екен!

**Өскембай:** Айша биін ел көрсе деп арман етіп едім. Елден жақсы бағасын алып жатыр. Кеше бір әйел қолындағы жүзігін шешіп беріп еді, бүгін бір қыз құлағындағы алтын сырғасын ағытып берді.

**Мәтжан би:** Халық өнерліні таниды.

**Иса би:** Өнер өзін мойындатады.

**Ермембет:** Құрметке бөленіп жатыр екенсің! Бәрі құтты болсын, Айша, қарғам! Биіңді көріп, көзіміз қуанды.

**Айша:** Рахмет аталар! Сіздерге арнап біз Ғайша сіңлім екеуміз қазақтың халық биі "қос қарылғашты" билеп берелік...

Қос қарылғаш секілді боп Айша мен Ғайша шығады. Ар жағынан көп қарылғаштар тобы, биші қыздар көрінеді...

Шымылдық

## **Бесінші көрініс.**

Билер орталық алаңға келеді. Жарыс қортындысы. Дау.

Әр жерден жұртты тыныштыққа шақырған дауыстар естіледі.

Дауыстар: Иса би сөйлегелі жатыр.

Тыныштық сақталық!

Билер шешімі жарияланады.

Әнші өнерпаздар жарысының қортындысы айтылады!

Билер ортаға шығады.

**Иса би:** Аман-есенсіздер ме, алқалаған әлемет!

Бәйімбет байдың әке рухына берген асын Аллатағала қабыл еткей!

Осы астың арқасында үш күн бойы ата-баба рухын тірілттік!

Көптен кездеспеген ағайын басын қостық!

Асымыз тойға айналды!

Аламан бәйгі, дөнен жарыс, тай жарыс, атан жарысы секілді дәстүрлі жарыстар өткіздік. Күрес те үш сатылы өтті. Бала палуан, аға палуан, түйе палуан деген күрестер өткізілді. Ақындар айтысы мен күй айтыс өз алдына бір бөлек. Жаяу жарыс пен әйелдер күресінің қызығы да олқы болмады. Жеңімпаздарға байрақтар берілді. "Тойдан тобықтай" деген дәстүріміз бойынша асқа атсалысқандардың бәріне де сыйлықтар тапсырылды.

Бұл астан алған байрақтарыңыз бен атақтарыңыз құтты болғай! Әкеден балаға, баладан ұрпаққа дарып жұғысты болғай!

**Дауыстар:** Әмин!

Дұрыс болған.

Айтқаның келсін!

**Иса би:** Ал, әлеумет! Үш күн бойы жарысқа қатысқан отыз әншінің әнін тыңдадық. Құлағымыздың құрышын қандырдық. Риза болдық.

**Дауыс:** Бұрын бұндай қызық көрмедік.

**Иса би:** Ұзақ жылдар бойы:

Жасын жұтып ас етіп,

Қайғысын жұтып тас етіп – дегендей жағдайда жүріп, шын жүйріктеріміздің өнерлеріне көңіл бөле алмаппыз. Олар өздерін өздері қамқорлаумен болыпты. Халқымыз, мына өздерің, халық өнерін қамқоршысыз қалдырмапты.

Соның арқасында өткен жылы "Адайдың бес жүйрігі" деген атқа ие етіп, бес ақынымызды елге таныс еттік.

Ал осы аста әрі әншілік, әрі сазгерлік өнерлерімен көзге түскен отыздан озық шыққан жетеудің атын атаймын.

Отыздан озық деп танылған жеті өнерпазымыз халық алдына шықсын!

**Шолтаман!** Жұрт шулап "Шолтаман, Шолтаман!" деп айқайлайды.

**Әділ!** Жұрт шулап "Әділ, Әділ!" деп айқайлайды.

**Тұрсын!** Жұрт шулап "Тұрсын, Тұрсын!" деп айқайлайды.

**Досат!** Жұрт шулап "Досат, Досат!" деп айқайлайды.

**Жылкелді!** Жұрт шулап "Жылкелді, Жылкелді!" деп айқайлайды.

**Тастемір!** Жұрт шулап "Тастемір, Тастемір!" деп айқайлайды.

**Өскенбай!** Жұрт шулап "Өскенбай, Өскенбай!" деп айқайлайды.

**Иса би:** Ортағы шығындар! Халық көрсін!

Өнерпаздар ортаға шығады. Халық қошамет көрсетіп, шуылдасып жатады. Әркім өз қалауын айтып, жеті әнші аттары кезек-кезек аталады.

**Иса би:** Тынышталыңыздар, халайық! Бұлардың бәрі бірдей дүлдүл жүйрік екен! Кім озық деген сұраққа жауап беру қиынға түсті.

**Дауыс:** Кім озар дейсің? Өз ағайыныңды оздырасың-дағы!

**Иса би:** Әй шырағым! Аузыңа саларда ас адалдығына, айтар кезде сөз әділдігіне мұқият бол демейтін бе еді.

**Ермембет:** Аузы жаман елді былғайды, Аяғы жаман төрді былғайды. Адамға арам ойлы болғанмен, арам сөйлеу міндет емес!

**Дауыс:** Сіздер жылтыраған сөздеріңмен елді алдауды қашаннан да үйреніп алған адамдарсыңдар! Бұл жолы алдатпаймыз!

**Иса би:** Біз ел өнерінің өрісін молайтамыз деп, еліміздің атағын шығарамыз деп еңбек еттік деп жатырмыз. Бұл аста екінші болған келесі тойда бірінші болар... Әңгіме халық өнерін дамытуда, дәріптеуде...

**Иса би:** Сонымен отыздан озық жүйрігіміз деп, біздер Медет Теңізбайұлы Жылкелдіні таныдық!

Қуанышты дауыстар селі басыла бергенде:

**Дауыс:** Айтып едік қой! Өз ағайынын оздырады деп! Сенің сөзің түгіл ісіңе де сенуден қалғанбыз! Кім бұны астың бас биі етіп тағайындап жүрген?.. Халайық Исаның ешқандай шешімінде дұрыстық бар деп мойындамалық!..

**Ермембет би:** "Қияңқы адам несібесін қиямпорыстықтан іздейді" деген бар! Халықтың үш күн бойғы көрген қызығын харамдамайық! Халықтың мерекесін тәркі етудің сылтауын іздестірмейік ағайындар!

**Дауыс:** Исаның би аты жоқ па? Өзі жауап берсін!



**Ермембет би:** Иса-еке! Мына кісі ауыр сөз айтып тұр ғой. Жауап қайтармайсыз ба?

**Иса би:** Егер мені бір есек теуіп жіберсе, мен сонда есекпен де тебісіп жатуым қажет пе екен!

**Мәтжан би:** Дегемен жауапсыз қалдырмаған дұрыс секілді болып тұр!..

**Бәйімбет бай:** Бұлар ертең мен бүй деп едім, билердің бірі де аузын аша алмай қалды деп жүретіндер ғой...

**Иса би:** Жауапты кім бергені дұрыс?

Иса Мәтжанға қарайды. Мәтжан басын изеп, қамшысын көтеріп ортаға шығады.

**Мәтжан би:** Уа, әлеумет! Орталарыңда Иса биге, осы асты осындай дәрежеге дейін жеткізіп, ас етіп өткізуге тырысқан барлығымыздың еңбегімізге күйе жағуға тырысатындар барлығы байқалды.

**Ермембет би:** Халқым деп шөп басын сындырмағандар, жел сөзбен ел назарын өздеріне аудармақ.

**Мәтжан би:** Олар бір жыл бойы осы асты дайындауға, өткізуге терін төккендерге ауыр кінә тағуға, орынсыз жала жабуға тырысуда...

Иса би тентек сөзін елемелік: "Бір есек теуіп жіберсе сол есекпен тебісіп жату қажет пе?" – дейді. Дегенмен Ермембет би жауап қайтарған дұрыс деп, мені жұмсап тұр...

**Дауыстар:** Сөйле Мәтжан би! Жақсылап айт!

**Мәтжан би:** Адай елі осында келіп қоныстанғанғанына жүз елу жыл шамасы болған екен. Содан бері бір ауамен дем алып, бір топырақтың нәрін сорып, бір емшектен уыз еміп келе жатырмыз. Бірақ сол қасиетті ауа мен сол ана сүті барлық адамдар мінезін бір қалыпқа құйып шығара алмайтынға ұқсайды. Оның себебін өзімізден іздейміз бе, әлде жаратылыстан іздейміз бе?

Әуелі өзімізден іздесек:

Өсейін деген өрісін молайтады,

Өшейін деген керісін молайтады дейді, бұрынғылар...

Қазірдің өзінде керістің басын бастап беруге даярлар бар екеніне көз жетіп тұр. Иса би бір жыл бойы елім өнерлі еді, сол өнер өрісті қалай өркендетемін деп бізді күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырды. Бір жыл ішінде ұлы жиын алдына ұялмай шыға алатын отыз әнші дайындаппыз... Исаның кінәсі осы ма?

Ал жаратылыстан іздейтін болсақ одан да жауап табамыз.

Ойға оралып тұрған сөз ауырлау. Айтқым келмей тұр.

**Дауыс:** Айт! Айтсашы!

**Мәтжан би:** Алла тағала өзі жаратқан барлық жан иелерін сан түрлі жаратыпты. Адам пендесінің ақылы жетпес құбылыс көп.

Әлгі адам сондай айырмашылығы бар адам болар! Оған көңіл бөліп әңгіме етудің қажеті болмас!

**Дауыс:** Неге қажет болмасын! Айт, айырмашылығын! Жары Мәтжан!

**Дауыстар:** Қандай айырмашылық! Біз де естілік! Айт Мәтжан би! Сіздер, биліктеріңді жылы үйде, жұмсақ төсекке жайғасып алып бір-біріңе айтқанша, осылай халық алдында да айтсаңдаршы!..

**Мәтжан би:** Олай болса тыңдаңдар!

...Жалғыз Алла жаратқан бір жан иелері болады, барлық ішіп-жегенін сүтке айналдырады!

...Аллатағала жаратқан бір жан иелері болады, барлық ішіп-жегенін уға айналдырады!

...Сары уызбен ауызданып, ақ сүт еміп өскен бір адамдар болады, жегенін балға балайды, көргенін қызыққа бағалайды!

...Сары уызбен ауызданып, ақ сүт еміп өскен бір адамдар болады, жегені тілінен у боп тамады, басқаның жақсылығы көкірегіне күншілдік отын жағады. Содан барып, тәні уланып, жаны қиналып өмір сүреді.

Естеріңде болсын, әлеумет! Жұтқанының бәрін уға айналдырар ужылан секілді біреу ортамыздан шықты екен деп мерекемізді тәрк еткізбейміз. Бұл асқа біз тентегімізді тезге салар жасағымызды да дайындағанбыз.

Мына Ермембет бидің қарауында екі сексен жасақ бар! Бір сексені Ойдағы болыстардан, екінші сексені Қырдағы болыстардан. Кез-келген тентектің есін кіргізе алады.

Тентектік қылып үйренгендерге айтарымыз – естеріңді жинаңдар! Сендейлердің қылықтары елді талай ұрындырған!

Осы тойлап жатқан қызықтарың да, ауыздарыңа салып жүрген шыжықтарың да Иса, Ермембет, Сүйінғара секілді ел ағаларының арқасы!

Ел ағасыз болса – ел емес, тон жағасыз болса – тон емес!

**Дауыс:** Па, шіркін! Мәтжан би айтса жеткізіп айтады емес пе!

**Дауыс:** Ужылан басын қалай езіп тастады...

Той иесі қамшысын көтеріп сөз сұрайды.

**Бәйімбет:** Біреулер би шешімі әділ емес, Өскенбай бәрінен озық еді деп жатыр екен! Мен той иесі ретінде озық шыққан екеу болсын деймін. Өскенбайға да бірінші орын берелік! Байрағын өзім көтеремін!

**Дауыс:** Міне табылған ақыл!

**Дауыс:** Қатып кетті! Сықитты! Бар шатақты бір өзі шешті...  
**Дауыс:** Жаса, Бәйімбет бай!..

Дауыстар. Дыбыстар.

Шымылдық

**Алтыншы көрініс.**  
**Қалнияз.**

**Ермембет би:** Уа, халайық! Естіген боларсыңдар, үш күн бойы хабарлап жаттық. Осы асқа сонау ауған, парсы жерінен арнайы келген ең құрметті қонағымыз – құрметті Қалнияз ақын! Әрі батыр, әрі би – Қалнияз тақтақ! Осы арада болуы керек еді. Ас соңында ел алдына шығарсыз, сәлемдесерсіз деп едік! Кешікті ме?

**Қалнияз:** Жоқ, кешіккен жоқ! Көпшілік арасында жүр едім!

**Иса би:** Қалнияз аға! Халқың сағынды! Ортаға шығыңызшы! Сағынынған жұртың жүзіңізді көріп мауқын бассын!

Қалнияз ортаға шығып қамшысын көтереді. Жұрт тынышталады.

**Қалнияз:** Аман-есен барсыңдар ма, бізді, алыста жүрген иағайындарыңды, сағыныштан сарғайтқан бауырларым!

Ақ патшаның дүмпуімен жер асып, ел ауып кеткен аз ағайындарың да ұл өсіріп, қыз сүйіп жүріп жатыр!

Тыңдасаңдар әлгі басталған дауға бір ауыз сөз айтқым келіп тұр!

**Дауыстар:** Айт! Айт, Қалнияз тақтақ!

**Қалнияз:** Мәтжан шырағым! Тентекке тоқтау саларлық, ақымақтың аузын жабарлық, халық ақыл тоқтатарлық мағыналы сөзді тауып айттың! Жақсы айттың!

Ендігі жерде зерделі кісінің бәрі пайдаланатын сөз болды. Сөзің құтты болсын, Мәтжан би!..

**Мәтжан би:** Рахмет, Қалнияз аға!

**Қалнияз:** Бірақ, тойбасы Иса шырағым, той иесі Бәйімбет інім! Мәтжанның сөзі де, сіздердің Өскенбайға қосымша беретін байрақтарың да бүгінгі басталған сөздің, оның артынан ертең жалғасар қаңқудың, содан туындар даудың шешімі бола алмайды...

**Иса би:** Не ойыңыз бар, Қалнияз аға!.. Шешімі барлығына көзіңіз жетіп тұрса, қалың елге ұнайтын ақылды шамалап тұрсаңыз... Айтыңыз, ойыңыздағыны! Халқыңыз сізді адайдың тақтағы еді дегенде, осындайда жөн табар озық ойыңыз үшін айтатын-ды...

**Қалнияз:** Халық деген Біз бен Сіз емес пе! Ойға қонса халықтың билігі ретінде қабылдалық!

**Иса би:** Қабылдайық!

**Қалнияз:** Олай болса...

Бірінші айтарым:

Өнерді де бағу қажет, баптау қажет. Әйтпесе о да жұтап қалады. Өнерді қамқорлау қажет! Әйтпесе ол да жетім баладай жетімсірейді, жұпыны болып қалады!

Мына беріп жатқан астарың тек қана аруақтың қамы емес, болашақтың да қамы... Астарың құтты болсын!

**Дауыстар:** Әмин! Әмин!

Екінші айтарым: Қарттық пен даудан сақ болыңдар!

Екеуі де жалғыз келмейді. Олардың көлеңкесімен байқатпай ере келер абжыландар бара-бара айдаһарға айналып, өзіңді жұтып тынады... Қарттық қара басыңды жұтады, дау тұтас еліңді жұтады...

Осыдан сақ болыңдар!

**Дауыстар:** Дейді ғой, Қалнияз тақтақ!

Үшінші айтарым: Қашаған ақын не деп еді?

Оу, халқым! Қашаған ақын не деп еді!

**Дауыс:** Оның қай айтқанын айтып тауысарсың!

**Қалнияз:** Қашаған ақын "біз адай деген ел едік" демеп пе еді!

... Біз Адай деген ел едік!..

Алаңсыз өскен алшаңым!

Тәк-тәксіз өскен тарпаңым! – демеп пе еді! Оны не үшін айтып еді! Ойлансаңдаршы!..

Ой жүгіртсек о заманда солайша айту қажет болды...

Жан-жағың толы жау еді! Ел рухын көтерер ұран керек еді!

Адай атаның атымен ұрандату, сол арқылы елдің басын біріктіру қажет болып еді...

Адайдың әлгі мінезі адай елінің жау алдындағы айбаты үшін қажет мінез болатын!

Біздің замандастар оның құнын білетіндер еді!

Мен бұ сөздерді Қалнияз атымен емес, тағдыр тәлкегімен Ауған мен Иран асып кетсе де Адай мен Бекет атын ұран етер ел атынан айтамын!

Маңғыстаудың киелі топырағынан жаралып жатқандар, өз қандастарының бір ұлына берілер "өнерліміз еді", "озығымыз еді" деген атты қимай дау тудырады деп ойлаппыз ба?

Ойламағанбыз!

Ойламайтынбыз!

Алшаңдап өссеңдер аталарыңның рухының арқасы!

Тәк-тәксіз өссеңдер ел ағаларының арқасы!

Соны ұмытпалық!

Қашаған адайға осындай қылықтарды таңғанда бұл мінезді ағайын арасында көрсетсін деп ұрандамаған!

Біз бүгін ұрпаққа тәрбие боларлық жиында тұрмыз. Билер бұл асты тәрбие асына айналдырыпты.

Адай деген ел ендігі жерде "тарпаңдау" мінезінен, бейбіт өміріне сәйкес ұрпаққа үлгі боларлық "ар таңдау" мінезіне ауыссын деп шешіпті...

**Бірінші дауыс:** Қалай-қалай мөлтектетеді, қасқа!..

**Екінші дауыс:** Мынау кім?

**Бірінші дауыс:** Төк тақтақ! Айт тақтақ! Ел атынан айт!...

**Екінші дауыс:** Бұл кім?

**Дауыс:** Бұның аты ұмытылғалы қашан! Оны адайдың тақтағы деп атайды! Оның аты Қалнияз ақын, Қалнияз батыр болса керек!

**Екінші дауыс:** Е... Адайдың Қалнияз тақтағы осы ма еді!..

**Қалнияз:** Айт десеңдер айтайын! Айтқанда мен бүгінді емес, болашағыңды айтайын, ағайын!

Барлық адам болашақ туралы ойлануы қажет!.. Өйткені барлық адам қалған өмірінің бәрін сонда өткізеді!..

Болашақ туралы ой да бар! Құлақ тігерлік халқың болса!..

Айтар ақыл да бар, пайдаға асырар құлқың болса!..

**Дауыс:** Айт ойыңды, түсінеміз!

**Қалнияз:** Ендеше осы жарысқа еліміз отыздан астам жүрік қосқан екен. Бәрінің артында бір-бір рулы елі бар. Солардан таңдап, отыздан озық деп, жетеуін оздырған екенсіңдер. Қарсы емеспіз. Халық та оған қарсы болмапты!

Жетеуін жарыстырыпсыздар!

Өнер жарыста шыңдалады. Дұрыс-ақ болған!

Жетеуінің де өрен жүйрік екеніне көз жеткізіпсіздер! Құтты болсын!

Енді біздің айтпақ ойымыз мынау...

Отыздан озық шыққан жетеуіне жеті шапан жауып, жеті тұлпар мінгізсек еліміз жарлы болып қалмас!..

Ардақтымыз біреу емес жетеу болса несі бар!..

Аламан жарыста озық келген жетеуіне бірдей адайдың қайқы әншілері деген ат тағайындасақ абыройымыз аспандамай ма!..

Атақтымыз біреу болмай жетеу болса несі бар!..

Енді отыздан озық шыққан жетеуі де "Адайдың Жеті Қайқысы" деген бір атпен аталса, жеке болмай жетінің бірі болса, олар өнерінің дәрежесі кеміп қалмас!

Адайлар әуелден де білгірлері мен шешендерін "тақ-тақ" атандыратын!

Ақындарын да ардақтап "Адайдың жүйрігі" деген дәреже беретін. Лайым тақ-тақтарың тауып айтқай! Лайым жүріктерің озық болғай!

Енді, осы күннен бастап, әншілеріңнің озық жетеуі "Адайдың жеті қайқысы" деген ардақты атақпен аталатын болсын! Аттары қатар аталатын болсын!..

Тақтақтарың талапты болғай!, халқым!  
Бес жүйріктерің азулы болғай!, ағайын!  
Жеті қайқыларың қанатты болғай!, бауырлар!

Алаң қуанышты дауыстарға толып кетеді.

**Дауыстар:** Қалнияз! Адайдың тақтағы!

**Дауыс:** Міне билік! Жаса Қалнияз!

**Бір дауыс:** Шіркін-ай мына жарысқа Қайып пен Хамиттың келе алмағаны, әйтпесе мыналарға орын қайда!..

**Дауыс:** Жаса Адайдың Қалнияз тақтағы!

Халық риза болып, шаттық саз ойналып жатады.

**Мәтжан би:** Уа халайық! Қалнияз ағамыз қайта оралды ортамызға! Қалнияз ақын бұрын елді жауларға қарсы жорыққа бастап, бірлікке үндеп жүретін болса, енді халқымызды өнер жорығына шақырғалы келген екен! Сапарың сәтті болғай Қалнияз аға!

**Ермембет би:** Қалнияз батыр орыстар құрығынан қашақтап тәжік, ауған жерінде жүрсе де, ерлік қалпын, Қалнияз қалпын жоғалтпапты! Жорық ақыны тағы да жорыққа шақырып тұр! Бұл жолы өнер жорығына шақырып тұр!

**Иса би:** Қалнияз тақтақ Қосай атаның ұрпағы емес пе еді! Мына ұсынысы өнерлі ұрпағына берген Қосай ата батасындай болды! Аллатағала қабыл еткей!

Жыр күйі ойналып жатады. Жыр сарына бірте-бірте Адай" күйінің сарынына ауысады.

**Дауыстар:** Аллатағала қабыл еткей!

**Дауыстар:** Періштенің құлағына шалынғай!

**Дауыстар:** Адайдың жеті қайқысы!

Бір адам қамшысын көтеріп ортаға шығады.

**Бір дауыс:** Қалнияз тақтақ! Менің бір датым бар!

**Қалнияз:** Ол не дат!

**Сол дауыс:** Дат емес ұсыныс. Айша қыз да өнерлі жан екен! Нағыз өнерлі туған сайқының өзі екен! Айша қызға да "сайқы" атағы берілсін!

**Қалнияз:** Дұрыс болар! Ел бар, ел басқаратын би бар! Өнерге құрмет – халыққа құрмет! Кезегі келгенде, халық құптағанда атақ та берілер, алғыс та алынар!

Атақтарың құтты болсын!  
Атақтарыңды елдің атақ-даңқын асыра беруге  
пайдаланыңдар!

"Адай" күйінің сазы... Аттар тұяғының дыбысы... Солармен араласқан  
дауыстар:

**Дауыстар:** Адайдың жеті қайқысы!

**Дауыстар:** Адайдың жеті қайқысы!

**Дауыстар:** Адайдың жеті қайқысы!

Шыылдық

### Махаббат көктемі

*Сонау алыста қалған жастық шағымыздың  
бір сәтін еске түсірер осы шығарма достарым  
Әбіш пен Клараға арналады.*

*Сайын Назарбекұлы*

### Басты кейіпкерлер:

Әбіш, 16-17 жастардағы мектеп оқушысы.

Муза, Әбіштің ғашық қызы, 15-16 жаста.

Көбеген, Әбіштің досы, кластасы, 16-17 жаста.

Сағын, Әбіштің досы, Музаның кластасы, 15-16 жаста.

Оқушылар.

### 1-көрініс

Көктем. Әбіш жан-жағына таңдана қарап, табиғат көріністеріне сүйсіне  
кыдырып жүреді.

**Әбіш:** *(кенеттен шабыттана)*

*Ей, Аспан мен Жер!*

*Ей, Бұлт пенен Жел!*

*Ей, Күн менен Ай!.. Мені көріп тұрсыңдар ма?!*

Тоқтап, ойланып қалады.

**Әбіш:**



*Бұл не сөз?!*

*Неғып аузыма түскен?!*

*Е...е, енді есіме түсті! Жақында кездескен анау шежіре қарт айтқан Алланың адамға берген “жеті қазына” байлығының түсінігі екен зой! Осы алтауы адамның тән сұранысын тойдыруға жаратылған!*

*Дінсіз заманның ыңғайына бағынған үнсіз адамдар жеті қазынаның бірі қақпан деп, бірі ит деп адасып біткен. Өзінің бар байлығымен жер адамның бір қазынасы!*

*Аспан мен Жер!*

*Бұлт пенен Жел!*

*Күн менен Ай!..*

*Ал жетінші қазына, ол адамның жан сұранысын қанағаттандыруға жаратылған деп еді-ау! Алла Тағаланың адам үшін жаратқан жетінші қазынасы “білім” деген! “Білім” басты қазына деген!*

*Жарайды! Олардікі дұрыс делік! Ал менікі не? Оларға мені көріп тұрсыңдар ма дегенім не?*

*Ай көрініп тұрған жоқ, мені қалай көрмек?!*

*Бірақ Күн көрініп тұр! Ол мені көріп тұр! Маған нұрын сеуіп тұр!!*

Қайтадан шабыттана сөйлейді.

*Күн! Ей, көрікті Күн! Бүгін сен өзіңнің қандай ерекше екеніңді білемісің!*

*Ей, Әлем! Бүгін маған құлағыңды салшы! Мен сенің ұлыңмын! Мен сенің атағыңа лайық адам боламын!*

*Сен мені түсініп жатырсың зой деймін, бүгін!*

*Жан-жағым толы жанымды жадыратар жылылық!*

*Қайда қарасам да жарқын көріністер мен бейнелер!*

*Бәрі де жан досымдай!*

*Бәрі де сырласымдай!*

*Күн қандай гажсап еді!.. Мына күн... Менің Күнім!*

*Әлем қандай көркем еді! Шексіз әлем! Менің әлемім!*

Шабыттанып өлең сөзбен сөйлеп кетеді.

*...Нұр балқытып жатырғандай*

*Құдірет Күннің нұрын-ай!*

*...Қалқып жүрген анау бұлттың,*

*Жырым-жырым түрін-ай!*

*...Өн сыйлаған аспанына,*

*Мынау торғай жырын-ай!*

...Маған неғып бәрі бүгін,  
Ақтарады сырын-ай?..  
...Неге бәрі тым ерекше,  
Байқамағам бұрын-ай?..

*Өзіне-өзі таңданып*

Бұ не керемет! Ұйқастар домаланып ауызға түсіп жатыр! Мен түбінде ақан болатын болармын, асылы!?

*Көкірегін керіп дем алады.*

Жұта берем ауаны,  
Маған бүгін не болған?!  
Ойым өлең сауады,  
Бойкүйездік жоғалған!  
Көктен сезім жауады,  
Жақсылық күт, деп, алдан!..

Мәс-саған! Мен ақын шығармын! Ақындық дегеннің осы болғаны ма сонда?

...Зергер-ұста қолындағы  
Көкірегім көрік пе?..  
...Ерік бермес ақылыма,  
Ойым неге желікпе?..  
...Өзім қалай өзгергенмін,  
Бұның бәрі неліктен?..  
Ау!.. Айтыңдаршы!  
Неліктен?..

*Өзіне қарап қалған қошақанға көзі түседі.*

Әй қошақан, қошақан!  
Мұнда қалай келгенсің?  
Жол түсті ме осында,  
Ой, қиялға ергесін?

*Әбіш әрі қошақан болып, әрі өзі болып сөйлеп тұрады.*

Әй, сүйкімді қошақан!  
Мә-ә-ә дегенің...  
Не дегенің?  
А, а... Сұрағаның солай ма?

Мен жауапты берейін...  
Сол сұраққа қалайда!..

Кімсің дейді, қошақан!  
Білмеймісің?  
Мен Әбішпін ғой!  
Неғып жүрсің?  
Неғып жүрейін? Ғашық болып жүрмін!..  
Әбіш ғашық!  
Жаны, тәні сол сезімге еріген!  
Менің бүгін атым да ғашық, затым да ғашық!  
Сен бе дейді, қошақан!  
Ие, Мен!  
Мен ғашықпын! Мен! Мен! Мен! Мен! Мен ғашықпын!

Кімге дейді-ай, ақымақ!  
Ешкімге де!  
Мәссаған! Олай болмайды дейді, мына балақай?  
Неге болмайды! Болады! Болғанда қандай болады!..

Сонда кімге ғашықсың?  
Сұрағының түрін-ай!  
Мен бәріңе ғашықпын!  
Сүп-сүйкімді қошақан!  
Мен саған да ғашықпын!  
Жадыратар жаныңды,  
Мен гүлге де ғашықпын!  
Түрін бермес, сырын бермес,  
Мен құмға да ғашықпын!  
Қалы кілем далама,  
Сөз сөйлеткен санама,  
Ауылыма, қалама,  
Мені тапқан анама,  
Атам жатқан молаға,  
Бәріне де, бәріне...  
Мен өмірге ғашықпын!..

Ғашық кезде, ғажап-ай,  
Жүрек жырға толады!  
Сондай шақта өзі кеп  
Басқа бақыт қонады!  
Міне сол кез, қошақан,  
Сезім менің қонағым!..

*Жігіт жүріп кетеді. Еңкейіп гүл үзіп алады.*

Міне бір тал бәйшешек!  
Ал мынау не?.. ажырық!  
Жерге қарап, гүлге балап,  
Көктем күннің сазын ұқ.

Қызғалдақ та гүлдепті-ау!  
Ау, қызғалдақ!  
Қызғалдақ!

Айтшы маған сен неге  
Сары болсаң да қызғалдақсың!  
Ала болсаң да қызғалдақсың!  
Қызыл болсаң да қызғалдақсың!  
Тіпті қара болсаң да қызғалдақсың!  
Неге ылғи қызғалдақсың!

*Өзі әрі қызғалдақ болып, әрі өзі болып сөйлеп тұрады.*

Маған ат қойған өздерің!  
Тапқырын қара өзінің!  
Ал сен кімсің? Неғып жүрсің??  
Тыңда, саған айтайын,  
Мен ғашықпын!  
Мен өмірге ғашықпын!  
Мен саған да ғашықпын!  
Мен мына аспанға да, жерге де ғашықпын!  
Неге бәрін махаббат деп атаған?  
Ә, түсіндің бе...  
Солай! Сен де бар тірлікке ғашықсың!  
Сен де бар тірінің махаббатын оятасың!  
Сені искеген шақта сезімдінің жүрегіне қан жүгіреді!  
Сені қолына алған шақта әр адам өзінің жұбайын іздейді...  
Сені искеу үшін жаратқан!  
Мені ғашық болу үшін жаратқан!  
Мені сүю үшін жаратқан!  
Сені махаббатты ояту үшін жаратқан!  
Мені махаббатты жырлау үшін жаратқан!

Сені махаббатты ояту үшін жаратқан!  
Мені махаббатты жырлау үшін жаратқан!..

*Сезім толқытып шаттыққа бөленген жігіт сахнадан шығып кетеді.*

## 2-көрініс

Жал-жал құмдар. Құм таулар арсына жасырынған екі бала ауыл жаққа көз салады. Қолдарында “Абай жолы” романы.

**Көбеген:**

*Енді сен оқы!*

Көбеген кітапты Әбішке береді. Кітапты қолына алған Әбіш бетін ашпастан сөйлеп кетеді.

**Әбіш:**

Ғашықтық сезімнің отына өртеніп, содан рахат сезіміне бөленген Абай, бар тіршілікке, бар жаратылысқа ғашық Абай, Шүкіман деген қызға жүрегін алдыртып, таң атар атпаста қасында жолдасы Ербол бар, қыз аулынан аттанып кетеді...

Бірақ оның жүрегі, ғашықтық дертіне шалдыққан жүрегі, сол ауылда қалып бара жатыр еді!

**Көбеген:**

Сен ойдан шығармай, кітаптың бетін ашып оқысашы!

**Әбіш:**

Кітапта да солай жазылған! Мәңгілік махаббаттың ащы сілтісіне, тәтті шырынына жүрегін малып алған Абай, оны іздемей тұра алмас еді! Айдалаға қалдырып кете алмас еді! Оның Шүкіманды іздейтіні даусыз болатын!

**Көбеген:**

Махаббат сілтісі дегенің не? Ол жүректі жараламай ма?

**Әбіш:**

Неге жараламасын! Жаралайды! Әйтпесе Абай алпыс жасқа да жете алмай өмірден өтер ме еді!?

**Көбеген:**

Сен де жүрегіңді сілтіге малып алып, дертке шалдығып қалып жүрме! Мен сен үшін жауапты адаммын! *Күледі.*

**Әбіш:**

Ақылыңа болайын! Біз, жастар, сол дертті іздеп жүрген жоқпыз ба? Ол таптырмай жүрген жоқ па?

**Көбеген:**

Дерт бар жерде қайдағы рахат?

**Әбіш:**

Махаббаттың дерті де бар, рахаты да бар! Соған шалдығу үшін адамдар жанын құрбан етуге даяр тұратын кездері де болады!

**Көбеген:**

Өртене жүріп рахат шегеді! Адам дерт іздейді? Сондай қисынсыз нәрселерді қалай айта аласың?

**Әбіш:**

Жарайды, дауды доғаралық! Абайға оралалық!

Абай сезімді болған! Содан барып Абай жүрегі өмір бойы махаббат отына өртеніп өткен жүрек!

**Көбеген:**

Ол қандай от? Қайта Абай қайғы менен қасірет дертін көбірек тартып өтпей ме?

**Әбіш:**

Қайғы мен қасіретті сезіну үшін де махаббатқа толы жүрек қажет, бауырым!

**Көбеген:**

Сонда махаббаттың не болғаны? Азап болғаны ма?

**Әбіш:**

Сондай да сұрақ бола ма? Әрине азап!

**Көбеген:**

Олай болса махаббат не үшін қажет? Сен не үшін іздеп жүрсің?

**Әбіш:**

Соны түсінбейсің! Әлі баласың ғой!

Махаббат сезімі адамға тек қызды сүю үшін берілмейді!

Махаббат сезімі – азаматты елі мен жеріне ғашық етеді!

Махаббат сезімі – жүрегі таза жанда шөлге де, көлге де ғашық қылады!

Махаббат сезімі – туған жердің таудан аққан селіне де, жаңа туған төліне де ерекше сезіммен қаратады!

Содан барып өмірге ғашық адам мәңгі махаббат отына өртеніп өтеді!

Ондай отқа түскен кісі әрі өмір бойы бақытты болады, әрі өмір бойы сол отқа күйіп өтеді.

**Көбеген:**

Біздің арқамызды өртеп бара жатқан қай от? Мына шыжыған күнге қақталып қашанғы жата береміз?

**Әбіш:**

Жаңа келдік қой! Шығып қалар! Қайда асығасың!

**Көбеген:**

Үйге қайталық.

**Әбіш:**

Қайдағы үй?

**Көбеген:**

Интернатқа дегенім ғой.

**Әбіш:**

Интернатта бізді кім күтіп отыр еді. Одан да осы жерде ертеңгі әдебиет сабағына жақсылап дайындалып алалық.

**Көбеген:**

Мына құм арасында ма?

**Әбіш:**

Құм арасы болса несі бар! Бар дүниеден бұдан таза, бұдан пәк жерді таба алмайсың!

Ертең “Абайдың ғашықтық сезімі” деген тақырыпта пікір таласы өтетінін ұмыттың ба? Бұл тақырып туралы жүрігіңе сезім ұя салмаса, жан-тәніңді махаббат сезімі балқытып тұрмаса махаббат туралы қалай ой айтпақсың?

**Көбеген:**

Шыжыған күн мен ыстық құм шөлден басқа бірдеңе оятады дегенді сенен естіп отырмын.

**Әбіш:**

Махаббат сезімі сенің қалтаңдағы орамалың емес. Оны сен қалтаңнан суырып ала алмайсың! Ол саған кенеттен келеді. Оның келер уақытын адамның өзі емес, Көк билейтін болса керек! Ол саған аспаннан түседі!

**Көбеген:**

Сайра!

**Әбіш:**

*Несі бар, сайраймыз! Махаббат сезімі өз мезгілі жеткен шақта бірден көктеп шыға келетін көктемнің гүліндей нәрсе!*

*Ол Көктің бұйрығы! Махаббат сезімін биік таудың жотасында, мұз бен қардың астынан көктемде бұр жарып шыға келетін Еңлік гүлінің табиғатымен салыстыруға болар!*

**Көбеген:**

*Мұзды тауды көргендей сөйлейсің ғой! Оны қайдан білесің?*

**Әбіш:**

*Көбірек оқу керек, балақай!*

**Көбеген:**

*Саған көп оқи берме, миың алжасады демеп пе еді, әжелер!*

**Әбіш:**

*Олар біліп жүр! Көп оқыса ми қызметі өзгереді! Содан барып көп оқыған адамның, мысалы біздің, (көкірегін қағып қояды), аз оқығанға, мысалы сізге, бірдеңе иектегендей болып көрінетіні заңды нәрсе!*

**Көбеген:**

*Сақтай ғар, не деп кетті!!*

**Әбіш:**

*Міне, сол шақта, көктемнің көрікті бір күнінде, болмысыңа махаббат сәулесі нұр түсірген шақта, бойыңа махаббат сезімі қан таратқан кезде саған кездескеннің бәрі сұлу!*

*Бәрі әдемі!*

*Бәрі гажан!*

*Сол сәтте саған алғашқы кездескен қыз – әлемнің сұлулығының символы!*

*Бітті!*

*Сен гашықсың!*

*Сен дерттісің!*

*Ғашықтық отына өртен де, рахаттанып өмір сүре бер!*

**Көбеген:**

Маған махаббат ұнамай отыр! (Әбішті кекете) О, Құдайым! Мені махаббатыңнан сақтай гөр! Күледі.

**Әбіш:**

Көк Тәңірі періштелерінің көктемде пендесіне сыйлар ғажайып сыйы бар, ол – махаббат сезімі! Маған сол сыйлығын осы көктемде жіберіпті! Мен ешкімнен “сүйіктім” деген сөзді естіп көрмесем де бақыттымын. Себебі менің болмысымды махаббат сезімі билеп алған! Мен сол сезімге оранып, рахат тауып жүрген жанмын!

Түбінде бір арудың маған да “сүйіктім” деп қиыла қарап тұратынына сенімдімін!

**Көбеген:**

Шын болар. Менің көз алдымда өскен бязы, тұйық Әбіш енді басқа Әбішке айналып кетті.

**Әбіш:**

Мен қазір бүкіл әлемді сүйемін!

Жарық күнді, қараңғы түнді сүйемін!

Шіркін осы сезім өмір бойы бойда жүрсе ғой!

Арылмаса ғой!

Тарамаса ғой!

**Көбеген:**

*Бізге қашан соғар екен сол махаббат! Саған ұқсап “әуейі” болып, бір қызығын көрер ек біз де! Күледі.*

**Әбіш:**

*Сен мені “әуейі” атап, бірдеңе еліктеген деп қазір айтып отырсың! Ол сенің тапқырлығың емес!*

*Ол сөздің авторы басқалар!*

*Маған жеңгелерім бала күнімнен “әуейі” деген ат тағып қойған болатын. Бірақ мен сіздер ойлағандай жын-пері иектеген әуейі емеспін.*

*Мен періште иектеген әуейімін! Мен ақынмын!*

**Көбеген:**

Ақын болсаң өлең неге жазбайсың?



**Әбіш:**

Сезімге бой алдырғанның бәрі ақын! Ақын бәрібір түбінде өлең жазады! Бүгін жазбаса ертең жазады. Не болмаса Абайға ұқсап қырықтан асқанда жазады!

*Әбіш “Абай жолы” романын аша салады. Дауыстап жібереді.*

**Әбіш:**

*Міне! “Аққа Құдай жақ!” деген сөздің ақиқаты. Кітапты аша салып едім, өлеңге тап бола кеттім! Тыңда, тыңда нағыз өлеңді, ақындық сезімді:*

Қуаныш, бақыт сездік тұрған ымдап...  
Сырымды сөйлеп келем сөзбен сындап,  
Ессе бір суыл қағып, жел сырласып,  
Изейді шилер басын шын-шын-шындап...

**Көбеген:**

Ғажап қой! Табиғатпен үндесіп, араласып бара жатқан жас жігіттер!

**Әбіш:**

Бұл махаббат!  
Махаббат болғанда қандай махаббат!..  
Тыңдашы...  
...Қуаныш, бақыт сездік тұрған ымдап...

Жүрегінің қазіргі толқуы ғана емес, болашақта оянар, Әйгерім деп соғар жүрек махаббатын да бір сөйлемге сыйғыза салыпты ғой, Абай!

**Көбеген:**

Шіркін! Шүкімән қандай бақытты қыз! Абай секілді дананы өлместей, өшпестей сүйіспеншілік сезіміне бір сәтте шомылдырып жіберген!

**Әбіш:**

Қорықпа! Біздерде бір қызды бақытты етерміз!

**Көбеген:**

Мүмкін қыздар біздерді бақытты ететін болар?

**Әбіш:**

Әй, Сен немене маған қарап сайрап отырсың. Ана ауыл есігін бағып отыру сенің кезегің емес пе еді?

**Көбеген:**

Қарап отырмын. Бірақ Сіздің Муза деген қызыңыз шықпай тұр ғой сол есіктен, ашпай тұр ғой, сол есікті!

**Әбіш:**

Қарағасын кірпік қақпай қарау қажет! Мә, енді оқу кезегі сенікі. Демек, қарау кезегі маған өтеді. Енді өзім қараймын.

**Көбеген:** *Кітапты қолына алып, керек бетін іздей отырып өлеңдетеді.*

...Жүрегімді сезім шалды,  
Қарай-қарай көзім талды...  
Жек көремін құм арасын,  
Күйіп тұрған тау-тау жалды...

Таптым. Міне...  
Жақсы болды ғой...

Дұрыс болды. Сол есікке өзің қарашы. Маған кітап оқыған әлде қайда ұнамдырақ.

“Абай жолы” романын оқи бастайды...

**Әбіш:** *(құлықсыз тыңдап отырады).*

Қалайша бір көрінбейді.

**Көбеген:**

Біз, асылы, уақытын таппай шығып жүрміз. Асығасың. Бұл уақыт оның үйде сабағына дайындалатын кезі болар.

**Әбіш:**

Сабаққа сонша ұзақ дайындала ма екен оқушы деген? Миы ашып кетпей ме? Сонша отыруға қалай шыдамы жетеді?

**Көбеген:**

Біріншіден күн жанып тұр.

Екіншіден о қыздың ағасы да, жеңгесі де мұғалім. Қыздары алдыңғы қатарлы, үлгілі оқушы болмаса ұят. Содан барып отырғызып қойып оқытатын болар.

**Әбіш:**

Бір уақыт далаға шықпай ма, сонда?

**Көбеген:**

Оның себебі бар болар.

Біріншіден оның басы істемейтін ақымақ қыз болғандықтан қайта-қайта оқыта беретін болар!

Екіншіден тәкаппар қыз! Міне, күйіп тұрған құм арасынан Әбіш сығалап отыр-ау деп, сыртқа шықса несі кетеді екен? Тәкәппарлығы сонша, бір бой көрсетуге жарамай отырғаны.

**Әбіш:** *Көбегенді келекелеп*

Біріншіден, ол сенің құм арасында кесіртке санап отырғаныңды, ұрылардай сығалап отырғаныңды қайдан білмек?

Екіншіден, ол қыз мектебіміздің алдыңғы қатарлы, үлгілі оқушыларының бірі. Басы істемейді дегенің дәлелсіз! Жалған! Жала!

**Көбеген:**

Асылы, ол қыз тез оқып, тез тоқыйтындар тұқымынан емес, жалықпай жаттап білгіш атанатын қыздар тұқымынан болар?

**Әбіш:**

Ол кім болса да ерекше қыз! Жақсы атақ алған қыз жаман қыз болмайды.

**Көбеген:**

Міне данышпандық сөз. Жақсы қыз жаман қыз бола алмайды *(әжуалап күледі)*.

**Әбіш:**

Адамның ішкі дүниесі, бір ауыз сөзден, бір көз қарастан-ақ белгілі болады.

**Көбеген:**

Шыныңды айтшы! Саған қоймай хат жолдап жүрген басқа қыздардың сөздері ұнамай жүр ме, әлде көздері ұнамай жүр ме? Мысалы ана оныншының А класындағы Баянды алалық! Кімнен несі кем! Сұлу десең сұлу! Ақылды десең ақылды!

**Әбіш:**

Білмеймін. Ойланбаппын.

**Көбеген:**

Мен солардың кез келгенінің жары болуға дайынмын. Бірақ бір де бірі маған хат жолдайтын емес.

**Әбіш:**

Муза менің жан дүниемнің музыкасы! Мен тек қана сол музамен лирик атанамын. Лирика жазатын лирик ақын боламын! Менің Лирика атты сандығыма тек қана Музаның кілті түседі!

**Көбеген:**

Өзіңе ұнаса болды дағы. Бізге бәрібір. Жақсы болса жақсы бола қойсын.

**Әбіш:**

Жақсы атақ алған қыз жаман болмайды. Ал оны тәкәппар дегізіп жүрген қасиеті – ол басқа қасиет! Ол қыздың өз бағасын бағалай білетіні! Басқа қыздармен жалпылдап сөйлеспейтіні!

**Көбеген:**

Оған әртүрлі қасиеттерді жапсыра беретін өзің болатынсың.

**Әбіш:**

Пай, пай шіркін! Мені сабадан шығармақсың ғой! Мені ашуландырып, интернатқа қайтып кетсек дейсің ғой! Бола қоймас ол ойың! Қызды көрмей кетпейміз!

**Көбеген:**

Бір шақырымдай жерден сырттай қызға көз салған не сонда? Ол қызды көргенге жата ма? Кездескенге жата ма? Әлде сырласқанға жата ма?

**Әбіш:**

Ештеңеге де жатпайды!

Ол жүрек пен сезім сағынышын басады. Сен не түсінуші едің?  
Әлі махаббат туралы бір роман да оқымаған боларсың?

**Көбеген:**

Көп оқығанның пайдасы жоқ. Әсіресе сол туралы.

**Әбіш:**

Оқу, әсіресе қайта-қайта оқу миға пайдалы. Муза соны меңгерген.

**Көбеген:**

Бос сөз.

**Әбіш:**

Сен болсаң бетін бір қарап біліп алған секілді боласың. Ол білім тек қана ертеңгі сабаққа дейін.

**Көбеген:**

Өмір бойы басыңда тұратын нәрсе миыңа зақым түсіреді.

**Әбіш:**

Өміріңе азық болмайтын білім білім емес.

**Көбеген:** Сен де сөйтесің ғой. Кейбір сабақтардың бетін ашпайсың.

**Әбіш:**

Жоқ! Мен ешқашан олай етпеймін. Мен сабақтарды – маған керегі, уақытша керегі, керек емесі деп айыра бағалаймын.

**Көбеген:**

Сонда саған керек еместері не?

**Әбіш:**

Мысалы мен географияны ежіктеп оқымаймын. Бәлен деген елде қай уақытта жаңбыр жауатыны, бәлен деген аралда қанша халық тұратыны, ол жерде жыланның он түрі ме, әлде он бес түрі өмір сүре ме – оның маған қанша қажеті бар? Оларды мен жай ғана баға алу үшін оқимын... Тіпті математиканды да солай оқимын.

**Көбеген:**

Әй, сен қайда қарап отырсың?

**Әбіш:**

Не боп қалды?

**Көбеген:** Қыз кетіп бара жатыр ғой!

**Әбіш:**

Сол ма?

**Көбеген:**

Сол секілді

**Әбіш:** Қай есіктен шықты?

**Көбеген:**

Сақшылық кезек сенікі болатын.

**Әбіш:**

Көршінің қызы емес пе?

**Көбеген:**

Мен қайдан білейін? Ол үйдің есігі осы арадан кем болғанда бір шақырым жер.

**Әбіш:**

Бір шақырым қашықтық қыран жігіт көзіне алыстық етпейді!

**Көбеген:**

Қыран болсаң қайда қалдың? Не болғанда да жауапты өзіңсің. Есікке қарап отыру кезегі сенікі болатын.

**Әбіш:**

Жаулық қой мына мінезің! Мені жауапты етемін деп, көріп отырып үнсіз отырғаннан саусың ба?

**Көбеген:**

Мектепке қарай бұрылып кетті.

**Әбіш:**

Жұр кеттік!

Екеуі жүгіріп шығып кетеді.

*Сахнаны жас қыз кесіп өтеді. Шашы тобығына түскен, шашының ауырлығынан басын шалқақтау ұстайтын, бойы аласалау, сәнді бойжеткен.*

*Сахнаға Әбіш пен Көбеген шығады. Шаршап, алқынып қалған. Демдерін алып тұрады.*

**Көбеген:**

Әншейінде денешынықтыру сабағында класымызды артқа тартып жүруші едің. Өзің жүгіргіш екенсің ғой. Тіпті менен де озып кеттің.

**Әбіш:**

Жүгіріп келе жатқан жатырған мен бе екен! Мен тек қана өзімді жетектеп келе жатқан жүрегімнен қалыс қала алмай келемін!

**Көбеген:**

Саған сөз жоқ!

**Әбіш:**

Егер қазір жүрегім ұшамын десе, мен ұша алатыныма сенімдімін.

**Көбеген:**

Ол қыз қазір пионер бөлмесіне барады. Сен комсомол кабинетіне кіресің. Сосын комсомол пионердің ағасы, ақылшысы емес пе? Шақырып ал да сөйлес.

**Әбіш:**

Жоқ олай ете алмаймын.

**Көбеген:**

Неге?

**Әбіш:**

Ыңғайсыз ғой.

**Көбеген:**

Сен осылайша сағыздай созып жүргенде басқа бір жігіт сөйлесіп қойса қайтесің? Қызды қағып кетсе қайтесің?

**Әбіш:** *(ашуланып қалғаны байқалады)*

Біреудің жанды жеріне тұз себуге қандай құмар еді, адам дегендер?

*Көбегеннің бар жоғын елемей, өзімен өзі сөйлесіп жүріп кетеді.*

Бұлар содан ләззат ала ма екен? Жан досым дегеннің айтып тұрғаны әлгі сөз?

**Көбеген:**

Сен де кісі жанын орынсыз жаралама! Ақын еместердің де жүрегі бар! Олардың да өкпелеп қалатын кезі болады. Мен мектепке барғым келмей кетті. Өзің бара бер.

*Көбеген кетіп қалады.*

**Әбіш:**

Білмеймін... Не істесем екен?.. Жаңағының айтып бара жатқаны әлгі! Біреу қағып кетсе қайтесің дейді! Не істесем екен?

Асылы хат жазғаным дұрыс болар ма...

Жүректегі махаббат пен сағынышты қағазға түсірсем бе?..

*Шымылдық*

### **3-көрініс**

*Сахнаға Әбіш пен Сағын шығады.*

**Сағын:**

Мені оңашалап қайда алып келесің?

**Әбіш:**

Сен осы менің шын досымсың ба?

**Сағын:**

Әрине.

**Әбіш:**

Бір тапсырма берсем орындап шыға алар ма екенсің?

**Сағын:**

Әрине.

**Әбіш:**

Немене, әрине деп қақсап қалдың. Дұрыс жауап қатпаймысың.

**Сағын:**

Әрине, сенікі дұрыс.

**Әбіш:**

Әй, “әрине”! Сен мына хатты бір қызға апарып бере алар ма екенсің? *(үшбұрыш хатты көрсетеді)*

Тек бір сұрағым бар! Ашып оқымауға уәде бересің бе?

**Сағын:**

Әрине! Ал хатты кімге берейін?

**Әбіш:**

Музаға!

**Сағын:**

Муза деген қандай мақұлық?

**Әбіш:**

Ол мақұлық емес, қыз!

**Сағын:**

Танымаймын!

**Әбіш:**

Ал айтшы, ойшылым! Ол кім деп ойлайсың?

**Сағын:**

Муза ма?

Олай болса біз Шорлк Холмсша ойланып көрелік!

Муза?..

Сендей ер кісі хат жазып, өзі беруге жүрегі тұрмаса, онда оның жас қыз болғаны.

Ер кісі деп отырғанымыз жас жігіт болса, онда ол хаттың ғашықтық хат екеніне дәлел іздеп жатпаймыз!

Ол хатты маған тапсырғалы тұрғаны, демек ол қыздың біздің класта оқитындығы!

Бізді кластың жартысы қыз! Сонда кім болғаны?

Әбіш Кекілбаев секілді біздің Ұштаған мектебінің құндызы, болашақтың жұлдызы кез-келген қызға көңілі кете қоймас! Ол ең ақылды, ең сұлу, ең мінезді қызды қалаған болар!

Дәл соның өзі! Муза сол екен!

**Әбіш:**

Кім екен?

**Сағын:**

Менің парталасым екен!

**Әбіш:**

Саған ойшыл деп бекер ат тағып жүрген жоқ екенбіз!

**Сағын:**

Бірақ әлі паспорт алмаған қызға махаббат хатын жазуға болмайтын болар?

**Әбіш:**

Қылжақтамашы, қылжақбастарды жек көремін.

**Сағын:**

Құдай бар, қылжақтап тұрған жоқпын.

**Әбіш:**

Муза деген қыз – сенімен бір партада отыратын қыз!

**Сағын:**

Бізге оның атын айтуға бола ма?

**Әбіш:**

Жоқ! Ол мен үшін де, сен үшін де Муза! Конспирация!

**Сағын:**

Ол немене?

**Әбіш:**

Әзіліңді тоқтатшы.

**Сағын:**

Әзіл сөз – өмір көркі.

**Әбіш:**

Сен менің қандай жағдайда жүргенімді түсінбейсің ғой?

**Сағын:**

Түсінгенде не істеймін?

**Әбіш:**

Сені де дос дейді-ау! Не істеймін дейді?

**Сағын:**

Достығымда қапы жоқ! Құдай бар!

**Әбіш:**

Шіркін, ішкі жан-дүниеңді бетіңе бір қарағанда бірден түсіне қоятын досың болса!

**Сағын:**

Ендеше жарайды, түсіндім! Сол қызды көндіріп берейін бе? Ол мен үшін түк қиындығы жоқ шаруа! Ол менің қолымда! Ал сонда не болады?

**Әбіш:**

Бұл жалғаннан армансыз өтер едім! Бірақ қалай көндірмексің?

**Сағын:**

Ақымағым-ау! Оларды көндіріп не қажеті бар! Тек қана өзің ыңғай танытшы. Үштағанның барлық қызы сенің соңыңнан еріп кетуге даяр!

**Әбіш:**

Айттым ғой, қылжақты қой деп.

**Сағын:**



Қылжақ емес. Шындық солай. Әкел, бірақ кім берді дейін?

**Әбіш:**

Лира беріп еді дерсің?

**Сағын:**

Лира деген қандай құбыжық?

**Әбіш:**

Құбыжық емес, ол мен!

**Сағын:**

Лира! Муза! Конспирация! Құдайым-ау, бір дұрыс сөздермен сөйлесең қайтеді, адамға ұқсап?

**Әбіш:**

Сен босына ақымақтанба. Әйтпесе ақымақ болуға үйреніп кетесің де, өмір бойы солай болып қаласың.

**Сағын:**

Адам ақымақтыққа үйренбейді. Солай болып туады.

**Әбіш:**

Міне оқымыған адам сөзі. Абай не деген?

**Сағын:**

Абай ақылды бол деген. Бес нәрседен қашық бол деген.

**Әбіш:**

Абайды оқы. Жаттап ал.

**Сағын:**

Бір клас жоғары оқимын деп, көсемсінеді, бұлар. Жақанда болатын айтыс танытар әлі, қай кластың қандай екенін!

**Әбіш:**

8-ші С-ның да дәмесі бар ма?

**Сағын:**

Әлемдегі ең сұлу, ең ақылды қыз қалай ақымақ адамдардың ортасында жүріп, ақымақпен бір партада отырады екен?  
(*Келемештеп күледі*)

Талғамы тым нашар болып жүрмесін, со қыздың!

**Әбіш:**

Хат біреудің қолына түсіп қалмасын!

**Сағын:**

Қорықпа. Біз музыка мен лириканы қосақтап әдемі әнге айналдырып береміз!

**Әбіш:**

Дұрыс!

**Сағын:** *қалжыңдап*

Дұрыс болды!

**Әбіш:**

Не дұрыс болды?

**Сағын:**

Сенің де жай адамша бір ауыз сөз тауып айтқаның! “Дұрыс” дегенің дұрыс болды!

*Әбіш Сағынға ұмтылады. Олар бір-бірін қуалап сахнадан шығып кетеді.*

#### **4-көрініс**

*Ауыл клубы. Комсомол комитетінің қатшысы Әбіш ұйымдастырған жастар кеші. Жоғарғы клас балалары ән айтысын өткізіп жатады. Әбіш ән-айтысты бастап сөз сөйлейді.*

#### **Әбіш:**

Құрметті ата-аналар! Құрметті ұстаздар! Біз бүгін алғаш рет жоғарғы клас оқушыларының арасында халық әндерін орындаудан айтыс ұйымдастырғалы отырмыз. Әр кластан үш оқушыдан таңдап алдық. Барлығы жеті команда. Әр командада үш баладан. Айтысты алдымен “8С” клас өнерпаздары бастайды.

Олар өздері қалаған бір әннің бірінші төрт жолын айтады. Сол әннің келесі төрт жолын, не қайырмасын “8Б”, одан кейінгісін “8А” жалғастырады. Ән сөзі тауылғанда кезегі келіп тұрған клас басқа әнмен жалғастырып кетеді. Жалғастыра алмаған команда жарыстан шығып қалады.

Сонымен, кезектеріңді жаттап алыңдар: 8С бастайды. Содан кейін 8Б; 8А; 9Б; 9А; 10Б; 10А.

10А класынан кейін 8С қайта жалғастырып кетеді. Ең соңында қалған команда жеңімпаз!

Бұл айтыс қазақ халқының халық әндерін оқушыларымызға жаттату мақсатында өткізіліп отыр. Кохозымыздың жеңген командаға берер сыйлығы да бар. Бәріміз қол соғып өнерпаз жастарымызға сәт сапар тілелік!

*Сахнаға кеуделерінде кластарының қатар сандары жазылған командалар шығады. Әр команданың бір мүшесі бір музыкалық аспаппен қостап тұрады. 8С класы үш домбырамен шығып айтысты бастайды.*

#### **Сағын:**

Біз 8С класынанбыз! Қолын сілтеп айтысты бастап кетеді.

Айналайын, ақ жүзің, айдан аппақ,  
Сендей жанды ер жігіт қайдан таппақ, дедімай-ау.  
Көрген адам қасыңнан, кете алмайды,  
Мүз үстінде жүргендей тайғанақтап, дедімай-ау.

8Б класы жалғастырып кетеді

Алма ағаштың гүліндей-ау,  
Текеметтің түріндей-ау.  
Өтіп дәурен бара жатыр,  
*Сізбен бізге білінбей-ау.*

8А класы жалғастырып кетеді

*Құлағыңа таққаның күміс сырға,  
Күмбірлетіп шығасың күнде қырға, дедімай-ау.*  
Сағыныштан сарғайып, шыдам таппай,  
*Мен өзіңді қосамын ән мен жырға, дедімай-ау.*

9Б класы жалғастырып кетеді

Алма ағаштың гүліндей-ау,  
Текеметтің түріндей-ау.  
Өтіп дәурен бара жатыр,  
Сізбен бізге білінбей-ау.

9А класы жаңа ән бастап кетеді

Қаратайға жарасар қара терлік,  
Жарасады жігітке төтен ерлік,  
Жамандардың жабыққан ісі дейді,  
Өлең айтып көңілді көтерелік.

10Б класы жалғастырып кетеді

Қарағым-ай,  
Қырға шығып жолыңа қарадым-ай.

10А класы жалғастырып кетеді

Аузыңды ашсаң көрінер маржан тісің,  
Не демейді сыртыңнан дұшпан кісің.  
Десе десін сыртыңнан дұшпан кісің,  
*Білінбей ме досыңа еткен ісің.*

**8С класы жалғастырып кетеді**

Қарағым-ай,  
*Қырға шығып жолыңа қарадым-ай.*

## **8Б класы жаңа ән бастайды.**

Біздің ауыл сұрасаң Белтұрғанда,  
Биік ағаш солқылдар жел тұрғанда.  
Күн мен айын басқаның мен қайтейін,  
Тал шыбықтай бұралып сен тұрғанда.

## **8А класы жалғастырып кетеді**

Сары жез құман-ай,  
Отта тұрған-ай.  
Айналайын көзіңнен,  
Ашып жұмған-ай.

9Б класы жалғастырып кете алмайды, шатасады. Ұялып сахнадан шығып кетеді.

## **9А класы жалғастырады.**

Біріншіден не жаман - өсек жаман,  
Екіншіден – сүймеген төсек жаман.  
Ер жігіттің бойында болмаса өнер,  
Жақсы екен ғой жүргені есен-аман.

## **10Б класы жалғастыра алмай 10А жалғастырады.**

Сары жез құман-ай,  
Отта тұрған-ай.  
Айналайын көзіңнен,  
Ашып жұмған-ай.

## **8С класы жаңа әл бастап кетеді.**

Біздің ауыл текшенің етегінде,  
Ерте шықсам аулыңа жетемін бе?  
Ақ тамақтан емінте бір искетсең,  
**Айналақтап аулыңнан кетемін бе?**

*Бұл әнді ешкім жалғастыра алмай қалады. Әнді тұтастай 8С оқушылары айтып шығады.*

Есіктің алды тал-қайың,  
Басыңда тұрмас жаз дәйім.  
Қалқатай еске түскенде,

“Сары бидай” әнін,  
Сағынып сонда салғаным.

Бұлт арылмай қойды ғой бастан бір күн,  
Сенсіз өмір секілді жалған шіркін.  
Ат арылтып алыстан келгенімде,  
Кер маралдай керіліп тұрсаң, шіркін.

Есіктің алды тал-қайың,  
Басыңда тұрмас жаз дәйім.  
Қалқатай еске түскенде,  
“Сары бидай” әнін,  
Сағынып сонда салғаным.

*Халық 8С класын қошаметтеп жатады. Космомол жетекшісі Әбіш шығады. Қолындағы “Абай жолы” романының томдарын сахнадағы Муза қызға, Сағынға және үшінші оқушыға табыс етіп құттықтау сөз сөйлейді.*

**Әбіш:**

Біз бүгін ғажайып айтыс өткіздік. Бұл айтыс біздердің өнерлі ата-бабаларымыздың рухын тірілтті. Өнерін еске түсірді. Біздің мектептің балалары халық әндерін түгелге жуық жаттап алды. Бұл үлкен білім болды. Бұл өмірлік азық болмақ.

Бұл жарысқа, айтысқа жақсы дайындалған 8С класының командасын қошаметтеп қол соғалық. Капитанына кітапқа қоса гүл тапсыралық.

*Әбіш Муза қызға гүл тапсырады. Халық қошаметтеп қол соғады.*

## **5-көрініс**

*Комсомол комитеті деген бөлме есігін соғып, Муза қыз ішке кіреді. Әбіш сақалақтап, абдырап қалады. Орындық ұсынады.*

**Әбіш:**

*Сәләматсыз ба? Отырыңыз!*

**Қыз:**

Сәләматсыз ба? Мен үйге қайтуым керек. Отырмаймын. Ұзақ бола алмаймын.

**Әбіш:**

*Сіздің класыңыз мықты екен! Жоғарғы жеті клас ішінде халық әндерінің айтысынан бірінші орын алды.*

**Қыз:**

Ие, біз де күтпеген едік. Мен үйге қайтайын.

*Қыз кетуге ыңғайланады. Бірақ айтылмаған сөзі бар екенін байқатады.*

**Әбіш:**

Кешіріңіз, сәл кідірсеңізші. Мен сізге сәлем жолдап едім.

**Қыз:**

Сәлеміңіз жетті.

**Әбіш:**

Ол сәлем-хаттың тағдыры не болды екен? Бізді қатта қинап жүр. Білуге болар ма?

**Қыз:**

Сіздің сол хатыңыз менің ең қымбат дүниеме айналды.

**Әбіш:**

Оқып шыға алдыңыз ба?

**Қыз:**

Оқымақ түгіл әр сөзін жаттап та алдық. Бұ күндерде ол хаттың әр әрпі көз алдымыздан кетпейтін болды! Ақыры амалсыз өзім осында келдім!

**Әбіш:**

Жүрегім алдамаған екен ғой. Сеніп едім!

**Қыз:**

Ал мен сізден гөрі батылдау екенмін. Жауабымды біреу арқылы емес, Сізге өзім тапсырғалы тұрмын.

**Әбіш:**

Әйтеуір біреу біреуден батыл болуы қажет нәрсе ғой! Әйтпесе, тіршілік ілгері баса ма!..

**Қыз:**

Ағам да, жеңгем де мұғалім. Хат біреудің қолына түсіп, не жоғалып басқалар оқып ұятты болмалық деп, мен өзімді өзім осыған көндірдім.

**Әбіш:**

Рахмет! Оңай болмағанын сезіп тұрмын. Менің өз қолымнан келмеген болатын.

**Қыз:**

Мен Сағынға да бере алмадым, бұл хатты! Бұл хат емес, бұл менің жүрегім! Сізге соны өз қолыммен тапсырғым келді!

*Үш бұрышты хат ұсынады. Әбіш қыз қолын хатпен бірге ұстап өзіне тартады. Қыз қашпайды. Екеуі құшақтасып тұрады.*

**Әбіш:**

Музам менің!

**Қыз:**

Мен сізді кім деп атасам екен?

**Әбіш:**

Мен Музаның Лирасы боламын! Олар бір-бірінен ажырай алмайды!

**Қыз:**

Сіздің ата-анаңыз қойған атыңызды атау да, өзіңіз ойлап тапқан атауыңызды ауызға алу да маған қиын соғып тұр.

**Әбіш:**

Онда сіз өзіңіз ат қойып алыңыз! Сонда менің үш атым болатын болады!

**Қыз:**

Менің жүрегім де, менің өзім де, Сіздің үшінші атыңыз да осы хаттың ішінде!.. Арманым менің! Сүйіктім менің!

**Әбіш:**

Сіз бүгін менің туған күнім екенін білесіз бе?

**Қыз:**

Жоқ!

**Әбіш:**

Қанша жыл ғұмыр сүрсем де, қаншама бақытқа ие болсам да менің бүгін ең бақытты күнім болмақ! Ең ғажайып туған күнім болмақ!

**Қыз:**

Кешіріңіз, туған күнге сыйлығымыз болмай қалды.

**Әбіш:**

Мына хаттан артық мен ешқашан ешқандай қымбат нәрсе болуы мүмкін емес!

**Қыз:**

Ойы олқы түсіп жатса, хат сөзінің көркемдігі, сөз мағынасының тереңдігі Лира деген ақыннан кем түсіп жатса, Музаның махаббатының шексіздігі соның орнын толтыра алар ма?

**Әбіш:**

Тек қана толтырып қоймайды! Қазірдің өзінде бақыт деген ғажап шараға сыймай асылып төгіліп жатыр!

*Бұлардың үстіне Сағын мен Көбеген кіреді. Құшақтасып тұрғандарды көріп есікті жаба қояды.*

**Әбіш:**

Достарым менің! Жаппа есікті! Бері келіңіздер!

*Достарын ішке кіргізіп алады.*

Куә болыңдар, біздердің бақытымызға! Куә болыңдар!

Мен бақыттымын! Мынау махаббат көктемi маған дүниедегi ең асыл, ең сұлу қызды сыйға тартты, бүгiн!  
Неге бiздердi құттықтамайсыңдар, достарым!  
Құттықтасаңдаршы!  
Құттықтасаңдаршы!  
Бiздер бақыт құшағындамыз!..

Достары аңырып не дерiн, не iстерiн бiлмей аңырып тұрады.  
Содан соң қосылып ” құттықтаймыз, құттықтаймыз” деп үн қосады.

### **Шымылдық**

27.03.2006 ж.  
Ақтау.



## **Мазмұны**

<b>Басты кейіпкерлер</b>		2
<b>Бірінші бөлім. Асқа дайындық.</b>		
Бірінші көрініс. Бәймембет бай үйі. <b>Шолтаман өнері.</b>	3	
Екінші көрініс. Ас үй.		17
Үшінші көрініс. Бәймембет бай үйі. <b>Жылкелді өнері.</b>	20	
Төртінші көрініс. Хиуа ханы мен Мәтжан. Ақтан. <b>Өскенбай өнері.</b>	25	
Бесінші көрініс. Төбе басы. Мәтжан би тапсырмасы. <b>Тастемір өнері.</b> Сәттіғұл.		29
Алтыншы көрініс. Айша биші ауылы. Өскенбай.	34	
<b>Екінші бөлім. Ас.</b>		
Бірінші көрініс. Үш би. Қоштай үйі. Аралбай. Мұрын жырау. <b>Тұрсын өнері.</b>		37
Қысқа көрініс		43
Екінші көрініс. Шолтаман үйі. <b>Әділ өнері. Досат өнері.</b>	44	
Үшінші көрініс. Ас көріністері: Құдайға шүкір; Сәнді келіншек; Күрес; Арыз... "Палуан тас"...		49
Төртінші көрініс . Айша биі. Өскенбай.	56	
Бесінші көрініс. Соңғы жиын. Жарыс қортындысы. Дау.	58	
Алтыншы көрініс. Қалнияз.		62
Мазмұны		66

Ақтау. 29.02.2008

Маңғыстаулық тарихи тұлғалар туралы аңыздар мен ақиқаттар желісіне негізделген, арттарында саз бен сөз

атты мәңгілік мәдени де рухани мұра қалдырған атақты адамдар туралы күрделі драма жазуға отырғанда мен өзімнен гөрі болашақ (осы еңбекті жарыққа шығарады-ау деген сеніммен) режиссерға зор үміт арттым.

Сондықтан да болар шығарма авторы

**Сайын Назарбекұлы**

**Гүлсина Мерғалиқызына**

өзінен де гөрі көбірек табыс тілейді.

Ақтау.

Қаңтар-ақпан, 2008 жыл.

Сайын Назарбекұлы